

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Б. Қ. Мүкеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

ТІЛ-БАЙРАҚ

ОҚУЛЫҚ

11-сынып

2-бөлім

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Көкжиек-Горизонт
2020

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Каз. я 72
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мүкеева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мүкеева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020. — 202 б.

ISBN 978-601-7817-35-0

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Каз. я 72

ISBN 978-601-7817-35-0

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2020

Құрметті жас дос!

Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің жаңа кезеңіне аяқ бастың. Енді «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Тіл-байрақ» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен 5-10-сыныптарда оқыған «Бәйшешек», «Бәйтерек» оқулықтары бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Тіл де байрақ секілді, өз еліңнің — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, қазақ тілін жетік меңгеріп, оны болашақта туыңдай қадірлеп, байрақтай қастерлеп, құрметтеуіңді талап етеді. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен танысасың, ұғым-түсінігің байиды. Әр алуан тапсырманы орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айту дағдыларыңды жетілдіресің, ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан тағылым аласың. Атап айтқанда, «Туризм: экотуризм», «Жастар мәселесінің түйткілдері», «Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселеге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің. Ал «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі», «Бос уақыт — қоғам дамуының көрсеткіші» тақырыптары заманауи мәселеге деген көзқарасыңды қалыптастырады. «Толеранттылық — ел бірлігі», «Ұлт мұраты — ұлттық қауіпсіздік» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойыңда елің, жерің үшін жауапкершілік сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды.

«Тіл-байрақ» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Осы мақсатта Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Қабдеш Жұмаділов, Несіпбек Айтұлы шығармашылығындағы қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Белгілі шығармалардан үзінділер оқисың. Бұл шығармалар қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Міне, жас дос, сені осындай қызық та мазмұнды «Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ» оқулығы асыға күтеді. Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

Туризм тарихын білесің бе?

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;
- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық тұрғыдан дұрыс, дәйекті әрі айқын жеткізу;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау;
- мәтіннен нақты ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;
- ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, үндеу жазу;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе);
- мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

тамсан, ішінара, ізденімпаз, заң,
керісінше, сағым

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.


1. Саяхат пен туризмнің қандай байланысы бар? Ерекшелігі қандай?
2. «Саяхатшы», «жиһанкез», «турист» терминдері қандай мағынаны білдіреді?
3. Адамзат тарихында алғашқы жиһанкез ретінде кім аталады? Оның еңбектерінде қазаққа, қазақтың тегіне қатысты қандай мәлімет бар?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Олар туралы білетін ақпаратыңды айт. Қалай ойлайсың, бұл тұлғалардың сабақтың тақырыбына қандай қатысы бар?



Нехао



Геродот



Томас Кук



Колумб

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Тыңдалған мәтін бойынша төменде берілген сандарға қатысты қандай ақпарат берілгенін айт. Туризм тарихында қай жылы қандай бағыттар дамып отырғанын жаз.

1841	1872	20	1857	XX ғасыр	1862	220

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша күрделі сөздер мен терминдерді анықта. Олардың жасалу жолын түсіндір. Сол сөздерді қолданып, мәтіннің мазмұнын баянда.

ТІЛДІК БАҒДАР

КӨСЕМШЕ

«Көсемше» деген терминді тұңғыш қолданған — Ахмет Байтұрсынұлы. Ғалым 1915 жылы Орынбордан шыққан «Тіл — құрал» атты кітабында көсемшені «қосарланып қолданылған етістіктің алдыңғы көсемі» деген мағынада түсіндірген.

Күрделі етістіктер алғашқы кезде еркін тіркес түрінде пайда болып, кейін үнемі тұтас күйінде жиі қолданылудың нәтижесінде күрделі сөз ұғымын білдіруге бейімделген. Олар кейін дербес категорияға айналған. Көсемше негізінен -ып, -іп, -п, -а, -е, -й, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі қосымшалары арқылы жасалады.

Көсемше тұлғалы сөздер жеке де, қосарланып та қолданылады. Көсемше жұрнағы жалғанған сөздер: су мөлдіреді (қайтеді?), мөлдіреп (қайтіп?) қарайды; мөлдірей (қалай?) ағады; көргелі (не істегелі?) барды.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннен көсемше тұлғалы етістіктерді тап. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.

Адамзат тарихында туризмнің бастаулары сағым секілді бұлдырап, тым тереңде жатыр. Сондықтан туризмнің мәдени құбылыс ретінде бай дәстүрі бар. Біздің заманымызға дейінгі IV мың жылдықта ескі Египетте діни мақсаттағы саяхаттар болды. Мәселен, Египет перғауыны Нехаоның Африка төңірегінде үш жыл саяхат құрғаны туралы дерек сақталған.

Ертеректе туристік саяхаттар қалаларды көру, жасанды көлдер мен шипалы бұлақтарға тамсана қарап, қызықтаудан басталды. Ал кейініректе жиі салына бастаған пирамидалар саяхаттанушылардың назарын аударып бастады. Олардың ішінде жай көруге құмар адамдар да, ішінара ізденімпаз саяхатшылар да болды. Алайда туризм ол кездері ешқандай табыс көзі болмады.

Алайда антикалық туризмнің гүлденуі ежелгі Грекия және Риммен байланысты болды. Аталмыш мемлекеттерде туризмнің экономикалық жағына көп көңіл бөлінді. Ежелгі Грекияда курортология мен емдік туризм пайда бола бастады.

Біздің заманымызға дейінгі VIII ғасырда ертедегі гректер көп саяхат жасаған. Олар көне олимпиадаларға көрермен не қатысушы ретінде барды. Ертедегі Грекияда олимпиялық ойындарға өнерсүйгіштер мен спорт адамдары көптеп келетін.

Біздің заманымыздың III және IV ғасырларында діни табыну саяхаттары жанданып, аз уақыт ішінде діни туризм туризмнің жақсы дамыған түріне айналды.

XVI ғасырдың соңынан бастап Англияда гранд-тур әйгілі бола бастады. Бұл — ауқатты адамдардың аралдан континентке саяхаты еді. Гранд-турдың арқасында адамдар білім алып, Жерорта теңізінде жүзді, өркениеттің шығу тегін көріп, сауаттанып қайтуға мүмкіндік туды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде туризмнің жандануы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында болды. XVII ғасырда Еуропада «таза туризм» формасы пайда болды. Бұларға ғылыми-танымдық, емдік немесе демалыс мақсатындағы саяхаттар жат-



ты. Оған қоса Еуропада діни сенімге байланысты миграциялар мен көпестердің саяхаттары белең ала бастады.

XIX ғасырдың ортасына дейін еуропалық туризм тек қана элитарлық сипатта болды. Өйткені туристік саяхатқа шығушылар ауқатты, үстем тап өкілдері болып, сол кездегі авторлар туризмді «аристократтық туризм» деп те атады (tourisme aristocratique). («Туризм тарихынан»)

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Сұрақта термин сөздерді қолданыңдар. Сонымен қатар төмендегідей жаңа сөздерді кірістіріңдер: *тамсан, ішінара, ізденімпаз, заң, керісінше, сағым.*

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі тірек сөздердің глоссарийін түзіп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, әлемдегі туризмнің дамуы туралы сызба құрастырып жаз. Вербалды және бейвербалды амалдарды қолданып, ежелгі және қазіргі туризмнің ортақ және өзіндік ерекшеліктерін талда, түсіндір. Мәтінде көсемше сөздерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігін талдаңдар.

№	Стильдік ерекшелігі	Тілдік құралдары	Жанры

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ақпарат құралдарынан Қазақстандағы туризмнің тарихы туралы мәлімет жина. Негізгі ақпаратты сызба түрінде жүйелеп жаз. Онда туризмнің түрлері, даму аймақтары, саяхаттаушылар саны және т.б. мәлімет қамтылсын.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Туризм және елтану» тақырыбында ойбөліс өткізіңдер. Ол үшін ғылыми әдебиеттерден туризм мен елтануға қатысты термин сөздердің мағынасын анықтаңдар. Ойбөлісте талқыланатын сұрақтарды талдаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Қажет ақпараттарды орынды қолданып, туризм тарихы бойынша өз ойыңды дәлелдеп, аргументативті эссе жаз. Эсседе көсемше тұлғалы сөздерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Адамзат тарихында туризмнің бастаулары сағым секілді бұлдырап, тым тереңде жатыр. Сондықтан туризмнің мәдени құбылыс ретінде бай дәстүрі бар. Біздің заманымызға дейінгі IV мың жылдықта ескі Египетте діни мақсаттағы саяхаттар болды. Мәселен, Египет перғауыны Нехаоның Африка төңірегінде үш жыл саяхат құрғаны туралы дерек сақталған.

Ертеректе туристік саяхаттар қалаларды көру, жасанды көлдер мен шипалы бұлақтарға тамсана қарап, қызықтаудан басталды. Ал кейініректе жиілеп салына бастаған пирамидалар саяхаттанушылардың назарын аударып бастады. Олардың ішінде көруге құмарлар да, ішінара ізденімпаз саяхатшылар да болды.

3-4- сабақ

Туризмнің түрі көп...

Жаңа сөздер:

бүлін, алыс-жақын, қажетсін, қыруар, ойластыр

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Броундық қозғалыс». Әр оқушының қолында әлем картасы болсын. 5 минут ішінде сыныптастармен сөйлесіп, қай жаққа саяхатқа барғанын айтып, қай жаққа барғысы келетінін анықтауы керек. Әлем картасына барған елдердің тұсына көк түсті белгі, барғысы келетін елдердің тұсына қызыл түсті белгі қойсын. Соңында сынып оқушыларының ортақ қызығушылықтарын тудырған елдер анықталады.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағынасын анықтап, тақырыпқа қатысты сөз тіркесін құрап жаз.

№	Сөздер	Қысқаша мағынасы	Сөз тіркесі
1	бүлін		
2	алыс-жақын		
3	қажетсін		
4	қыруар		
5	ойластыру		
6	әл-ауқат		
7	кеңістік		
8	табынушылық		

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

1. Туризм — халықаралық көлемде танылған, аса маңызды мәдени-ағарту, спорттық, демалыс мақсатында ұйымдастырылатын, әлеуметке қолжетімді саяхат-

тың түрі. Саяхат — адамдардың әртүрлі мақсатына байланысты кеңістіктегі қозғалысы. Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді **жаулап алып**, игеру, ресурс іздеу секілді мақсаттарға байланысты пайда болды. Адамның түрлі қажеттілігі саяхат түрлерінің көбеюіне әкелді.

2. Зерттеушілердің пікірінше, туризмнің түрлерін жіктеуде мотивациялық факторлар басты белгі саналады. Сондықтан адамның саяхатқа аттануына түрткі тудырған негізгі себептерді анықтау қажет.

3. Ғылыми әдебиеттерде туризмнің 6 түрі көрсетілген. Олар:

Демалу мақсатындағы туризм. Мұндай туризм қысқа мерзімге немесе едәуір ұзақ уақытқа ағзаны физикалық немесе психологиялық тұрғыдан қалпына келтіру мақсатында **жүзеге асырылады**. Бұл топқа емделіп, әл-ауқатын қалпына келтіруге климат, теңіз суы секілді табиғи құбылыстар пайдаланылатын алыс-жақын жерлердегі курорттық демалысты да жатқызуға болады.

Мәдениетті зерттеу мақсатындағы туризм. Бұл туризм өзге елдің рухани құндылықтарын, мәдениетін, тарихын **зерттеп**, білуге бағытталады. Ол *танымдық* және *діни табынушылық* болып бөлінеді. Танымдық туризм тарихи, мәдени және географиялық құндылықтарды зерттеуге байланысты ұйымдастырылады.

Қоғамдық туризм. Қоғамдық туризм саяхатшының өз туысқандарын, таныстарын, достарын көру, қонақ болу мақсатында жүзеге асырылады. Сондай-ақ бұл топқа клубтық туризмді де жатқызуға болады.

Спорттық туризм. Спорттық туризмге белгілі бір спорттық іс-шараға белсенді қатысуға бағытталған жолсапар, сондай-ақ спорттық жарыстарға қатысу пассив немесе белсенді емес мақсатындағы жолсапар да жатады. Белсенді түрде спорттық жарысқа қатысу саяхатшының өз қалауына байланысты. Қазіргі кезде Қазақстанда да бұл бағыттағы саяхаттар күнделікті өмір салтына еніп үлгерген.

Экономикалық туризм — кәсіптік және коммерциялық мақсатта жүзеге асырылатын жолсапар. Халықаралық биржа, көрме, жәрмеңке және тағы басқаларға қатысу үшін ұйымдастырылатын мәдени шаралар осы топқа енеді.

Конгрестік (саяси) туризм. Бұл туризм *дипломатиялық* және *саяси іс-шарамен байланысты туризм* болып екіге **бөлінеді**. Дипломатиялық туризм белгілі бір елдегі экономикалық, әлеуметтік жағдайларды талдау, баға беру немесе өз пікірін білдіру мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, белгілі бір мемлекеттің азаматы нақты бір саяси партияның жарғылық мақсаттарына қызығушылық танытып, сол партияның съезіне қатысу үшін жолсапарға шығуы мүмкін.

Туризмнің аталған түрлері іштей тағы да бірнеше бағытқа жіктеледі.

«Туризм негіздері» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта, олардың жасалу жолдарын түсіндір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Оқы. Мәтін мазмұны бойынша кестедегі ақпараттар мен мәтін бөліктерін сәйкестендір.

Ақпарат	Мәтін бөлігі
Туризмнің белсенді емес түрлері де болады.	
Адамдардың белгілі бір тобы ерікті түрде бірігіп, саяхатқа шыға алады.	
Саяхат жасауға мотивациялық мәселелер ықпал етеді.	
Өзге елдің саяси жағдайына баға беру үшін де туризм ұйымдастырылады.	
Саяхат түрлерінің көбеюіне адамдардың түрлі қажеттіліктері себеп болды.	
Кейбір саяхатшыларды ежелгі діни орындар қызықтырады.	
Адамдар өз әл-ауқатын арттыру үшін тұмса табиғатқа саяхаттауды қалайды.	

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретке қара. Мәтін мазмұнына сүйеніп, туризмнің қай түріне жататынын анықта. Ойыңды дәлелдеп айт.





ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Екі топқа бірігіңдер. Мәтін мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір жазыңдар. Соның негізінде пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын. Соңында екіжақты келісім жасалсын. Ол «Мүмкін» деген бөлікке жазылсын.

1-пікір «Иә»	Мүмкін	2-пікір «Жоқ»
Дипломатиялық және саяси іс-шарамен байланысты туризмді <i>конгрестік (саяси) туризм</i> деп атаған дұрыс.		Дипломатиялық және саяси іс-шарамен байланысты туризмді <i>конгрестік (саяси) туризм</i> деп атаған дұрыс емес.
Себебі ...		Себебі ...

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша туризм түрлері туралы қысқаша ақпарат жаз. Мәтінде көсемше тұлғалы етістіктерді қолдан. Тиісті тыныс белгілерін қой.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Ойкөкпар. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөйлемнің негізінде ойкөкпар өткізіңдер. Туризм түрінің қоғамдағы қандай әлеуметтік топ мүшелеріне қолжетімді екені жөнінде ақтаушы және даттаушы топ болып, пікір таластырыңдар. Пікірталастың тақырыбы мен жоспарын өз қалауларың бойынша анықтаңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Төмендегі сөздерді қолданып, мектеп ішінде туристік клуб ашылатыны туралы хабарландыру жаз. Онда клубтың атауын, мақсатын, қатысушыларға қойылатын шарттарды нақты көрсет.

Қажет сөздер: туризм, ойластыр, саяхаттау, танымдық, зерттеу, күмәндану, ішінара, бүлін, алыс-жақын, қыруар.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ғылыми және публицистикалық стильдердің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мектеп оқушыларына арнап туған жерлеріңде туризмді дамыту жөнінде үндеу жазыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

Не білдім?	Нені білгім келеді?

Есте сақта!

Туризм — жалпы халықаралық көлемде танылған, аса маңызды мәдени-ағарту, спорттық, демалыс мақсаттарында ұйымдастырылатын, әлеуметке қолжетімді саяхаттың түрі. Саяхат — адамдардың әртүрлі мақсатына байланысты кеңістіктегі қозғалысы. Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алып, игеру, ресурс іздеу секілді мақсаттарға байланысты пайда болды. Адамның түрлі қажеттіліктері саяхат түрлерінің көбеюіне әкелді.

5-6-
сабақ

Қазақстандағы экотуризмнің дамуы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

төңірек, тап-тұйнақтай, түрлі-түрлі

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Қайсысы экотуризм нысаны саналады? Өз болжамыңды айт.



ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша берілген тұжырымдарды оқы. Қайсысын дұрыс деп санайсың? Ойыңды дәлелде.

№	Тұжырым
1	«Экотуризм» термині «сейілдеу», «сапар» деген ұғымдарды білдіреді.
2	Экотуризм Жер шарындағы адам аяғы баспаған, төңірегі тып-тыныш, тап-тұйнақтай таза жерлерге саяхат жасауды ұйымдастырумен ғана айналысады.
3	Экотуризмде білім беру мен ағарту элементтері міндетті түрде болуы тиіс.
4	Экотуризм — туризмнің ең көне түрлерінің бірі.
5	Экотуризмнің бір нысаны — түрлі-түрлі тарихи-мәдени ескерткіштер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша 3 сұрақтан жазып, парталасыңмен диалог құрыңдар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Қазақстандағы экотуризм саласының дамуы жөнінде Орталық Азиядағы «Еуразия» қорының (ОАЕҚ) атқарушы директоры Ринат Темірбековтен алынған сұхбаттан үзіндіні оқы.

— Ринат Сабырұлы, Қазақстанда экотуризмді дамытудың маңызы жайында айтып берсеңіз.

— Орталық Азиядағы «Еуразия» қоры Қазақстандағы экотуризмді дамыту бастамасын жүзеге асырады. Ол екі маңызды мақсатты көздейді: 1) ауылдық жерлердегі халықтың бизнеске белсенділігін арттыру; 2) қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Соңғы жылдары экономикалық дағдарыс болды. Сондықтан көптеген ауыл тұрғындары амалсыздан браконьерлікпен, орманды заңсыз кесумен айналыса бастады. Ал экотуристік бизнес осы тұрғындар үшін заң аясында әрі табиғатпен үйлесімде пайда табу мүмкіндігін қарастырады.

— Қазақстанда экотуризмді дамытудағы проблемалар қандай? Және бұл саланы көптеген шетелдердегі сияқты мемлекеттің негізгі табыс көзіне айналатындай деңгейге көтеру мүмкін бе?

— Сөз жоқ, республикамыздың аумағында орналасқан мол табиғи, тарихи көрнекті жерлер сырттан туристерді тартып, ішкі туризм салаларын дамытуда бізге үлкен мүмкіндік ашып отыр. Бірақ қосымша инфрақұрылымдар жасалмаса, ресурсты ұқыпты қолдануға тиісті деңгейде назар бөлінбесе, бұл салада бәсекеге қабілетсіз болып қалатынымыз сөзсіз. Мұндай салаларда имидж қалыптастыру өте қиын, бірақ жоғалтып алу өте оңай.

— ОАЕҚ бүгінге дейін қандай экожобаларды жүзеге асырды?



Бәйдібек би кесенесі



Қатонқарағай



Ақсу-Жабағылы қорығы



Домалақ ана кесенесі

— ОАЕҚ-ның Қазақстанда экологияны қорғауға қатысты іске асырған жобалары өте көп. Ақсу-Жабағылы (Түркістан облысы), Лепсі (Алматы облысы) және Қатонқарағай (Шығыс Қазақстан облысы) экотуристік бағыттарда ірі жобаларды іске асырдық. Сондай-ақ Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында жеті экотуристік бағыт құрылды.

— *Жергілікті тұрғындар туристерге қандай қызмет түрлерін ұсынып отыр?*

— Қазақстандық экотуристік бағыттарда ауыл тұрғындары көбінесе қонақүй мен жатынбөлмелерді, үй жағдайында пісірілген ас мәзірін ұсынады. Сонымен бірге табиғи және тарихи көрнекті жерлерге саяхатқа шығару, салт атпен, түйемен серуендету мен Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерімен таныстыру секілді қызметтерін ұсынып отыр.

— *Алдағы қазан айының басында Астанада БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас Ассамблеясының 18-сессиясы өтеді. Қалай ойлайсыз, әлемнің 160-қа жуық мемлекеті көз тігіп отырған ауқымды шара отандық туризмнің дамуына қалай әсер ете алады?*

— Бұл оқиғаны елдің туристік саласының ілгерілеуіне серпін беретін үрдіс ретінде қарастыруға болады.

— *Форум барысында «Қазақстанның жеті кереметі» байқауының нәтижелері таныстырылмақшы. Сіз үшін «Қазақстанның жеті кереметі» атауына қандай жерлер мен ғимараттар лайық?*

— Біз үшін Қазақстандағы әр жердің қайталанбас ерекшелігі бар. Қатонқарағай, Маңғыстау облысы, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан, Қарқаралы... Бұл тізімге көптеген көрікті мекендерімізді қоса беруге болады.

— *Әңгімеңізге рақмет!*

inform.kz сайтынан

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Сұхбатта қандай тақырып сөз болды?
2. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы қандай деңгейде?
3. ОАЕҚ Қазақстанда экологияны қорғауға қатысты қандай жобаларды іске асырған?
4. Экотуризмді дамытуға ауыл тұрғындары қандай көмек жасап отыр?
5. Экотуризм қарапайым халықтың бизнеспен айналысуына қандай мүмкіндіктер береді?
6. Елдегі экотуризмнің дамуына қандай факторлар кедергі келтіріп отыр?
7. Әлемдік форумда қандай байқаудың нәтижелері ұсынылады?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Қазақстандағы экотуризмнің даму бағыттарын жаз. Онда көсемшелі етістіктерді қолдан.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Іскерлік ойын. Егер саған толық мүмкіндік берілсе, Қазақстандағы қандай жерлерге экотуристік саяхат жасар едің? Өзің қалаған экотуризм бағыттарының картасын сыз. Себебін айт.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Экотуризм сапарында міндетті түрде орындалуы тиіс және мүлде жасауға болмайтын іс-әрекетті екі бағанға бөліп жаз.

<i>Турист ретінде</i>	
<i>Міндетті түрде орындалуы тиіс іс-әрекет</i>	<i>Мүлде жасауға болмайтын іс-әрекет</i>

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Туған жерімізде экотуризмді қалай жандандыруға болады?» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер. Ойталқыны өткізу үшін қажет дереккөздерді зерттеп, экотуризмді дамытуға қатысты мәліметтерді жинаңдар. Ойталқының жоспарын құрыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек-тестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Экотуризм Жер шарының адам аяғы баспаған, төңірегі тып-тыныш, тап-тұйнақтай таза, түрлі-түрлі жануары мен өсімдігі бар табиғат орындарына саяхат жасауды ғана білдірмейді. Экотуризмнің басқа туризм салаларынан ерекшеленетін сапалық қырлары бар. Онда турист табиғатпен бірігу, адамзат үшін маңызын терең түсіну, оны қорғау қажеттігін сезінеді. Экотуризм нысандарына табиғи-климаттық аймақтардағы флора мен фауна, ерекше табиғат қоры және тарихи-мәдени ескерткіштер жатады.

7-8- сабақ

Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

күдіктену, күмәндану

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Түсіндірме сөздіктің көмегімен төмендегі сөздердің мағынасын анықтап, жаз. Оларды көсемше тұлғалы етістіктермен тіркестіріп айт.

Экстремалды, адреналин, қауіпті, тайғақ, күрделі, шытырман, бөгет-кедергі, ағыс, шығанақ, сарқырама.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара. Қалай ойлайсың олар туризмнің қай түріне жатады? Неге?



3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Белсенді немесе экстремалды туризм — көптеген демалу түрінің бір бағыты. Экстремалды туризм — шытырман оқиғаға толы туризм.

Белсенді туризм соңғы жылдары халық арасында танымал болып отыр. Адамдардың шаршағанын басуға жағажайдағы жайлы демалыс қана емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділік те көмектесетінін медицина дәлелдеп отыр. Оған күдіктеніп, күмәнданатындар үшін бұл туризмде орын жоқ. Шындығында, біреулер таулардың сұлулығын, шығанақты, сарқыраманы көргісі келеді. Енді бірінің таулы өзендер мен сарқырамада жүзгісі келеді. Ал үшінші бір адамдар үшін тау шаңғысымен сырғанаған не атқа мінген қызық. Міне, осындай ішкі тілектер, яғни мотивация белсенді туризмнің аумағын кеңейтіп отыр.

Белсенді туризм табиғатқа немесе спортқа тікелей қатысты болады. Белсенді туризмнің экологиялық туризммен ортақ жақтары да бар. Мәселен, туризмнің екі түрінде де туристер жайлы демалыстан саналы түрде бас тартады, табиғат аясында дайын көліктермен жүруді қолдамайды. Белсенді туризм — қайық, шаңғы, ат, велосипедті пайдалану арқылы туған туризм түрі. Белсенді туризмнің екі негізгі түрі бар: актив және пассив белсенді туризм. Бұлайша бөліну саяхат, демалыс барысында қандай құралдарды қолдануға байланысты болады. Қазіргі уақытта белсенді туризмнің көптеген түрі бар.

Белсенді туризм географиялық сипатына қарай бірнеше түрге бөлінеді: жердегі туризм, таудағы туризм, судағы туризм, экзотикалық туризм. Олардың өзі де іштей тағы бірнеше түрге жіктеледі. Атап айтқанда:

1) жердегі туризм

- жаяу туризм немесе треккинг;
- спелеотуризм (үңгір ішіндегі саяхат);
- спелестология (қолмен жасалған жерасты жерлеріне саяхат);
- велотуризм;
- маунтинбайкинг;

2) таудағы туризм

- альпинизм (техникалық және физикалық дайындықты қажет етеді);
- таудағы шаңғы және сноуборд;

3) судағы туризм

- виндсерфинг (желкенді тақтада жүзу);
- судағы шаңғы;
- вейкбординг;
- кайтинг;

- каякинг;
 - рафтинг;
- 4) экзотикалық туризм
- ғарыштағы туризм;
 - джайлоо-туризм болып бөлінеді.

Белсенді туризм түрлерінің барлығында да қауіп бар. Дегенмен, судағы туризмнің соңғы екі түрі өте қауіпті саналады. Себебі бұлар тау өзендерінде болады. Мысалы, таудағы өзеннің бойымен жүзетін рафтинг белсенді адамдарға ерекше эмоция сыйлайды. Өзендермен жүзген кезде туристер таулы шығанақтардан ағуға, бөгет-кедергіден өтуге мәжбүр болады. Үрленген қайықтар өзеннің қиын асуларынан өткенде туристер өте күшті адреналин алады. Әйтсе де олар үшін естен кетпес таулы пейзаждардың, таңғажайып шатқалдардың әсері ерекше. Өзен бойында кешке алау жағып, белсенді демалу туризмнің бұл түрін таңдаған адамдарға өмір бойы естен кетпес, керемет сезім сыйлайды.

А. Нұрқатова

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша күрделі жоспар құр. Жоспардың әр бөлігіне сәйкес тірек сөздерді анықтап жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Белсенді туризмнің өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын кластер құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Белсенді туризммен айналысатын адамдардың бойында қандай қасиеттер болуы тиіс? Неге? Оны диаграмма түрінде жазып, ойыңды дәлелдеп айт.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Аквариум» тәсілі. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар. Жағдаят пен әлеуметтік рөлді (ата, дос, тыңдарман, көрермен, турист, туристік агенттік қызметкері және т.б.) өздерің таңдаңдар. Қатысушылардың қай стильде сөйлейтініне қарай тілдік құралдар мен талаптарды сақтаңдар. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Өртүрлі дереккөзді пайдаланып, экстремалды туризм бойынша постер жасаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар. Сөздеріңде көсемше тұлғалы етістіктерді қолданыңдар.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Жұптық жұмыс. Белсенді туризмнің өзің қалаған түріне қатысу үшін туристік агенттікке телефон арқылы хабарласып, қажет ақпаратты алыңдар. Ол үшін осы бағытта жұмыс жасайтын агенттіктердің жұмыс жүйесімен танысып алыңдар. Диалогте тиісті этикалық сөз орамдарын қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Броундық қозғалыс». Топтық жұмыс. Алдымен топтағы әр оқушы сыныптастарынан экстремалды туризмнің қай түріне қатысқысы келетіні туралы ақпарат жинайды. Сол мәлімет бойынша топ мүшелері туризм түрінің құрдастары арасында танымалдылығы мен қызығушылық деңгейін анықтасын. Оның себептерін түсіндірсін.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер:

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Белсенді немесе экстремалды туризм — көптеген демалу түрінің бір бағыты. Экстремалды туризм — шытырман оқиғаға толы туризм. Белсенді туризм түрлері соңғы жылдары халық арасында танымал болып отыр. Адамдардың шаршағанын басуға жағажайдағы жайлы демалыс қана емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділік те көмектесетінін медицина дәлелдеп отыр.

9-10-
сабақ

С. Сейфуллин «Көкшетау» ПОЭМАСЫ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың қандай ақындарын білесің?
2. Қандай шығармалары есінде қалды? Ол шығармаларда не туралы айтылған?
3. Табиғат тақырыбында жазылған кімнің өлеңдерін жатқа білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі термин сөздердің анықтамасын жаз.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке

қара. Бұл —
Сәкен Сейфуллин.
Суреттің астында
жазылған
жылдарға назар
аудар. Ол кісінің
ғұмыры туралы
қандай тұжырым
жасауға болады?
Болжамыңды айт.



1934 жыл



1938 жыл

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтінге сүйеніп, Сәкен Сейфуллин жазған шығарманың жанрын, көлемін анықта. Шығарма үшін ақынға қандай айып тағылған? Неге? «Көкшетау» поэмасы туралы автор берген ақпаратты баяндап айт.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті
Көкірек, қанша жұтсаң, тоясың ба?

Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті аппақ қайың,
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.

Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,
Басына атсаңдағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан,
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп,
Суретті шежіресі өткен күннің,
Сілекей ағызады ертегісі.

Талай сыр ертегіні ел айтады,
Ызыңдап таудан соққан жел айтады.

Сырласып, сыбырласқан жапырақтар,
Күндіз-түн күңіренген көл айтады.

Ертегі болмаса да хатта қалған,
Аузында шежіренің қартта қалған.
Қарттардың баян қылған әңгімесін
Есіткен кейінгілер жаттап алған.


С. Сейфуллин

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңнен Көкшетаудың сұлулығы суреттелетін шумақтарды тап. Ондағы көркемдеуіш сөздерді теріп жаз. Көсемше тұлғасында тұрған сөздерді анықта.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңде суреттегі заттар мен табиғат көріністерінің қайсысы туралы айтылған? Олар шығармада қандай мақсатта қолданылған?



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Аквариум» тәсілі. Жұптық жұмыс. Ақын өлеңінде суреттелген табиғат сұлулығы туралы диалог құрыңдар. Диалогте бейнелеуіш сөздерді қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Сәкен Сейфуллиннің көркем шығармасы мен Көкшетау пейзажын бейнелеген қылқалам шебері Н. С. Сивенковтің өнер туындыларын салыстырып, талда.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Бурабай шипажайы туралы ақпарат жина. Сол мәліметтерді қамтып, Бурабай туралы, оның отандық туризмдегі орны жайлы сипаттамалық мақала жаз. Мақалада Сәкен Сейфуллин өлеңінде қолданылған көркемдеуіш құралдарды пайдалан. Ақын сөзін дәйексөз ретінде қолдан.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сәкен Сейфуллин поэмасындағы Көкшетау өңіріндегі жер-су аттарына байланысты аңыздардың бірі туралы үзіндіні оқы. Түсінгеніңді айт.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

ЖЕКЕ БАТЫР

Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгеше ұйықтап жатыр.

Сол батыр — осы күні бір үлкен тау,
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.

Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы,
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы.

С. Сейфуллин



ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Әрқайсы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісті

Көкірек, қанша жұтсаң, тоясың ба?

11-12-
сабақ

Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» өлеңі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі тіркестерді жаз. Мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын анықта.

Жетісу өңірі, Жер жаннаты — Жетісу, оңтүстік-шығыс аймақ.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Ақпарат көздерінен Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан туристік орындар туралы деректер тауып жаз. Олардың біреуі туралы кеңірек әңгімелеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Қазақтың дүлдүл ақыны Ілияс Жансүгіров туралы шағын ақпарат жаз. Онда ақынның қысқаша өмірбаяны мен ірі туындылары туралы мәлімет қамтылсын. Ақынның «Жетісу суреттері» атты шығармасы жайлы зерттеушілердің бірі айтқан пікірді дәйексөз ретінде қолдан.

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі — табиғат лирикасы. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытына нұр алып, сан алуан бояуы буырқанған ғажап суреттер салды.

Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған «Ағынды менің Ақсуым», табиғаттың бір суреттегі көрінісін бейнелейтін «Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң», құбылысты көз алдыға әкелетін «Жауында», «Жел», «Тас» сияқты сан алуан үлгілері бар.

Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады.



Р. Нұрғалиев

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Ыстықкөл жер айнасы мөлтілдейді,
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.

Аттанған алты өзені **Жетісудың**
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.

Шу, эне, тауды тарпып шыққан шулап,
Ойнақтап, ырғи, жосып таудан тулап,
Асқардың ақтарылған ағы емес пе,
Қарық болған қырғыз, қазақ суын сулап?

Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:
«Қолың бер, құт, береке»

— дейді, — «тумақ!».

Ертеден ірге теуіп өскен Шуда,
Ұлысы Ұлы жүздің үйсін-дулат.


Шымырлап **Іле** қайнап құмды кезген,
Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген,
Алыстан арып көшкен керуендей,
Тоңмойын, томсарулы тұнжыр көзбен.

Елге де, егінге де қарайласпай,
Жылысып, жылжып жатыр бір мінезбен.
Ел шайқап, ердің қанын ішкен Іле,
Естісең ертегіні ескі сөзден.

Арқырап асау **Шелек** орыпты тас,
Бурадай бұлқынады көк ала бас,
Ол баста күншығысқа шыға шауып,
Жалт беріп етекке еңсей сапты құлаш.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннің әр шумағындағы ақын ойын қара сөзбен баянда. Онда не туралы айтылғанын, қандай теңеу сөздер қолданылғанын анықта.



Көпірген **Көксу** көл бар басы — бастау
Дегенге көшпелі әйнек суы ұйқастау,
Тау жуып, тасты қуған содыр суы,
Аңқылдайд арнасында меруерт астау.
Жалбасы, Шаған, Бұғы мүлгиді оған,
Шалдуар шалдай қалғып шала мастау.

Жар жарып, жерді жиған Көксу көл бар,
Бейне бір жалайырға шабатын жау.
Арқырап айқай салған Көксу алып,
Жазыққа шыға келсе үркіп ағып.
Егінші, ылғи диқан жалайырлар
Үлесед үй басына тоған алып.

Сол елдің қыдырынды қыдыры — сол,
Сар бала, қара қазан болып қарық.
Мөлтеңдеп мойнақты орай **Қаратал** да
Көксуға қойындасад жарды жанып.
Қосылып екі ерке су, екі сұлу,
Балқаштап қалың құмға кетед лағып.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңде қолданылған көсемше оралымды сөз тіркестерін тауып, жаз. Олардың жасалу жолы мен қолданылу мақсатын айт.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Қазақстан картасынан өлеңде айтылған өзен-көлді тап. Ақпарат көздерінен өзен атауларының этимологиясы туралы мәлімет ізде. Өзің қалаған бір атаудың сырын баянда.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің екі өлеңін салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасаңдар. Екі ақынның өлеңінде қолданылған бейнелеуіш құралдардың ойды жеткізудегі маңызын ашыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҒЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» шығармасы жайлы зерттеушінің талдау мақаласын оқы. Осы пікірдің оқулықта берілген шумақтардың қайсысына қатысты екенін анықта. Өз пікірің мен көзқарасыңды жаз.

Ілиястың өскен ортасы да, өмір кешкен қоғамы да оның ең алғаш қалам тартып, ақындық жолға түсуіне түрткі болған. Ақынның дарынын, ішкі талант құбылыс-қасиетін

ашқан, әсемдік әлеміне жетелеген — өзінің туып-өскен жер жаннаты — Жетісудың таңғажайып табиғаты мен сұлулығы. Әдетте сұлулыққа құмар адам ғана қиял-сезімге бой ұрады. Бұл жайтты Ілияс та басынан кешірген. Шынында да, ақынның суреткерлік, қылқалам шеберлігі секілді қасиетке ие болмай, ірі полотно жазуы мүмкін емес.

Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып, оны өлең етіп жазады.

Ілиястың табиғат лирикасына орай жазылған өлеңін алып қарасаңыз, ондағы стиль өрнегі, шығармашылық дара тұлғасы айқындалып тұрады.

Ақын өлеңіндегі эпикалық кеңдік, теңеу, эпитет, метафора, градация, эпифора, анафора байлығы — оның поэзиясындағы негізгі белгілер. Одан халықтық, фольклорлық леп сезіледі. Олай болуы заңды да. Халқымыздың құт-берекесі дарыған, көне заманнан даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Ілияс бала күнінен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда өсіп-өркендеген.

М. Иманғазин

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Синектика. Жұптық жұмыс. «Көкшетау мен Жетісудың сырласуы». Өздерің оқыған Сәкен мен Ілияс шығармаларының негізінде екі өңірдің атынан сырласу диалогін құрып айтыңдар. Ол үшін:

- әр аймақтың сұлулығын сипаттайтын көркемдеуіш құралдарды теріп жазыңдар;
- ақпарат көздерінен осы өңірдегі туризмнің дамуына қатысты ақпаратты табыңдар;
- қазақ тіліндегі мадақтау, қоштау, құптау мәнді этикеттік сөз орамдарын тауып, қолданыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Даналық ағашы» әдісі.

Оқушылардың арасынан бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап не сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты дауыстап оқып, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақ пен берілген жауап бағаланады.

13- сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Ондағы ақпаратты кеңейтіп, экстремалды туризм туралы өз ойыңды айт.

Тау шаңғысы мен сноуборд — белсенді туризмнің ең ескі әрі танымал түрі. Көп жыл өтсе де, тау шаңғысында сырғанайтын адам саны азайған жоқ, керісінше, көбейді. Дұрыс сырғанауды көбіне жергілікті базадағы арнайы мамандар үйретеді. Тау шаңғысы базасында құрал-жабдықты уақытша алуға болады.

Аэротуризм тікұшақ пен ұшақ бойынша экскурсияларды қамтиды. Авиасаяхаттауға Жер шары бойынша әртүрлі нүктелерге әскери ұшақтармен күрделі пилотаж жасау арқылы ұшу, параплан мен мотопарапланда ұшу, дельтапланда, үрленген шарда ұшу жатады. Аэротуризмге парашютпен секіруді де жатқызуға болады.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Венн диаграммасы. Жұптық жұмыс. Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің өлеңдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсететін диаграмманы толтырыңдар. Өз ойларыңды дәйектеп айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Қазақстанда экотуризм саласын дамытудың мүмкіндіктері» тақырыбында аргументативті эссе жаз. Эсседе отандық туризмнің бүгінгі жайына қысқаша шолу жасап, даму мүмкіндіктері туралы өз ойыңды дәлелдеп көрсет. Эсседе көркемдеуіш құралдар мен көсемшелі оралымдарды қолдан.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Былғары қолғап» ойыны. Топтық жұмыс. Ойын шарты: үш адамнан топқа бірігіңдер. Әр топта екі ойыншы, бір төреші болсын. Мұғалім нұсқаған уақытта берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап сайысы ұйымдастырылады. Ол қарсыластың бірі тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады. Топ мүшелерінің сұрақтары мен жауаптарының сауаттылығы, мазмұны бағаланады. Сынып ең үздік топты анықтасын.

Білгенге маржан...

Туған жердің тасы да ыстық.
Туған жерге туың тік.
Қалауын тапса, қар жанар...

Әкеге қарап ұл өсер...

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінуді;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдануды;
- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білуді;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеуді;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасауды;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыруды;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазуды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыруды;
- мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдануды **үйренесің.**

Жаңа сөздер:

сыйластық, өзін-өзі, ерік-жігер,
ұрыс-төбелес

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ер балаға байланысты айтылған мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір. Бүгінгі өмірмен байланыстыр.

- Ер барда ел қор болмас.
- Ердің екі сөйлегені өлгені.
- Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді.
- Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.
- Ұланы бар елдің ұраны бар.
- Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



ТІЛДІК БАҒДАР

Үстеудің мағыналық түрлері

№	Үстеудің түрлері	Сұрақтары	Мысалдар
1.	Мезгіл үстеуі	Қашан? Қашаннан?	Бүгін, былтыр, биыл, кешке, қазір, ертеден, қыстай, күні бойы, баяғыдан, күндіз-түні және т.б.
2.	Мекен үстеуі	Қайда? Қайдан?	Ілгері, кейін, мұнда, осында, жоғары, төмен, алға, тысқары және т.б.
3.	Сын-қимыл үстеуі	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	Әрең, ақырын, бірге, бұрынғыша, қолма-қол, емін-еркін, лезде және т.б.
4.	Мөлшер үстеуі	Қанша? Қаншама? Қаншалық? Қалай? Қалайша?	Онша, сонша, соншалық, соғұрлым, қыруар, талай, бірталай және т.б.
5.	Күшейткіш үстеуі	Қалай? Қандай?	Тым, ең, тіпті, керемет, орасан, әрең, өте және т.б.
6.	Мақсат үстеуі	Қалай? Не мақсатпен?	Әдейі, жорта, қасақана.
7.	Себеп-салдар үстеуі	Не себепті? Неге? Қалай?	Босқа, бекерге, жоққа, құр босқа, амалсыздан және т.б.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі үстеулерді жаз.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтінде айтылған ұл баланың атқаратын жұмыстарын диаграммаға түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Қазақ халқында ер баланың тәрбиесімен әке айналысқан. 10-15 жас арасында оған әр нәрсені үйрете бастаған. Төрелік айтуға, іс басқаруға дағдыландырған. Осы кезеңде баланың келешекте кім болатыны, неге қабілеті барлығы анықталған.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», — дей отырып, қазақ отбасында әкелер бар өнерін ұрпағына үйретіп, мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген.

15-тен асқан соң болашақ отау иесі ретінде тәрбиелеп, шаруаның қыр-сырын үйреткен. «Сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әнесің, арқасүйер жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен!» — деген сөздерді ылғи айтып отырған. Әке ер баламен ақылдасып, оған бала емес, келешек отау иесі ретінде қараған. Баланың пікірін тыңдаған, онымен санасқан. «Әке — балаға сыншы» деген осыдан қалған. Өзін-өзі бағалауға, қадірлеуге үйретіп, жора-жолдастарымен сыйластықта болуға тәрбиелеген.

«Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас», — деп оны тәрбиелеудің кезеңдерін да айтып берген.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын құсайшы», — деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Атасы немересіне көштің қалай, қайда көшуін, суды қайдан тауып, ішетінін үйреткен. Ұл балаға жеті атасын жаттатып, ел батырларының ерлік хикаяларын әңгімелеген. Адамды жақсы ететін де, жаман ететін де — тәрбие екенін жастайынан баланың бойына сіңіріп отырған. Бұзақы болмауға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеген.

Отбасындағы ер баланың үлкендеріне енші беріп, бөлек шығарған. Кенже ұл шаңырақ иесі болып есептелген. Ағалары шаңырақ иесі болып қалған кенже інілерін қадірлеген. Жасы кіші болса да, жолы үлкен деп сыйлаған.

«Ата салты — ұрпаққа мұра» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін қандай жанрда жазылған? Ерекшелігін анықтап, талда.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта. Осы сөздерді пайдаланып жинақы мәтін құра.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі «Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла.

Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас» деген пікір төңірегінде ойбөліс өткізіңдер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Бэкроним» әдісі бойынша төменде берілген сөздердің бастапқы әріптерінен басталатын сөйлемдер жаз.

Ә		О		К		Ұ		Б	
К		С		І		Л		Е	
Е		Ы		М		Т		С	

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген тақырыптарды жеребе арқылы таңдап, постер құраңдар. Постерді сыныпта қорғаңдар.

- Қалай ойлайсың, қазіргі кезде ұл балалардың бойында қандай кемшіліктер бар?
- Нағыз жігіт болу үшін не істеу қажет?
- Нашақор жастардың көбеюінің себебі неде?
- Қазіргі ұл балалардың киім үлгісі жігітке лайық па?
- Отбасындағы жігіттің рөлі қандай болуы керек?

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Менің тақырып бойынша алған әсерім» кестесін толтыр.

Жаңадан не білдің?	Не қиын болды?	Қай жұмыстарды қызыға орындадың?

Есте сақта!

Қазақ халқы ұл тәрбиесіне ерекше мән берген. Ұл балаларды ел қорғайтын ер, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кеңдікке тәрбиелеген. Қазақ отбасында әкелер бар өнерін ұрпағына үйреткен. Оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеуді мақсат еткен.

3-4- сабақ

Асыл текті аналар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

жанжал, ұйытқы, татулас

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша ой бөлісіңдер.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді жаз. Мағынасын түсіндір.

- Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал.
- Қыз — қонақ.
- Гүл өссе, жердің көркі, Қыз өссе, елдің көркі.
- Жақсы әйел — жігітке біткен бақ.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ


3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқы қыз баланы неше жастан бастап үй шаруасына баулыған?
2. Қыз балаға қандай жұмыстарды үйретіп отырған?
3. Анасы қызымен қалай сөйлескен?
4. Қыз баланы қалай тәрбиелеген?



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қыздарға қойылатын талаптарды диаграммаға түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Амазонкаларды зерттеп жүрген америкалық ғалым, жазушы Джонна Кимблвуд олардың өмірінен тың мағлұмат іздеп, кітап жазу үшін Қазақстанға келді. «1994 жылы қорғаннан әйел жауынгердің табылғанын естісімен осы тақырып мені баурап алды. Мен саналы ғұмырымның жиырма жылын осыған арнадым», — дейді Кимблвуд ханым.

Генетикалық ғылыми сараптамада ғалымдар қазіргі қазақ әйелдерінің тегі амазонкалық ханшайымдармен бірдей екенін дәлелдеп берді. Қазіргі қазақ әйелдерінің мәселе шешудегі өжеттігі қола дәуірінен жалғасын тауып келеді. Осы амазонкалық образ менталдық санада, тұла бойға сыймайтын асау мінез қанша ғасыр өтсе де, сақталып қалған.

Ұлы түркі қағаны (450 жылдар) Елтеріс қаза болған соң ұлан-байтақ жерді алып жатқан елдің тағына Елбілге хатун — қағанның әйелі отырады. Халық оны сүйіспеншілікпен «Айман-Құмай» деп атаған. Бүгінгі зерттеушілер: «Геродот түркі тілін жете түсінбегендіктен, әйел жауынгерлер «айманзатты» ұғымын сәл өзгертіп, «амазон» деп атап кеткен», — деп болжайды.

Амазонкалардың ұрпақтары — қазақ әйелдері отбасының амандығымен қоса елдің ынтымағын, бірлігін бәрінен жоғары қойып, бүкіл бір рудың ұйытқысы болғандары тарихтан мәлім. Олардың мемлекеттік деңгейдегі даулы мәселелерді шешуде ақылы мен білімі ерлермен бірдей болды. Көшпелі елдің тағдырын шешетін алқалы кеңесте бабаларымыз әулие әжелердің ақылына жүгінген. Ақылды, қайсар қазақ әйелдері ел арасында жанжал тудырмай, елді татуластыруда да алдыңғы орыннан көрінгені мәлім.

Қазақ әйелдерінің алдын болжай білетін көреген, еріне сенімді серік, махаббатқа берік болғанын көшпенділердің тарихын зерттеген М. Малов, М. Артамонов, М. Бичурин шығармаларынан да көруге болады.

«Айгөлек» журналынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Абзац	Тақырыпша	Тірек сөздер
1-абзац		

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі «Генетикалық ғылыми сараптамада ғалымдар қазіргі қазақ әйелдерінің тегі амазонкалық ханшайымдармен бірдей екенін дәлелден берді» деген пікір төңірегінде ой бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Адамның сөздерді сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібіне байланысты орналастырып жаз.

1. Ханшайымдар мен Генетикалық сараптамада қазіргі ғылыми әйелдерінің дәлелдеп ғалымдар берді қазақ бірдей тегі амазонкалық деп. 2. Осы образ қанша менталдық мінез сақталып сыймайтын санада, тұла амазонкалық бойға асау ғасыр өтсе да қалған. 3. Айман-Құмай Халық деп сүйспеншілікпен оны атаған. 4. Мемлекеттік Олардың шешу де даулы деңгейдегі ақылы мәселелерді мен бірдей білімі ерлер мен болды. 5. Ақылды, қазақ қайсар арасында әйелдері ел тудырмай жанжал, татуластыруда алдыңғы елді да көрінгені орыннан мәлім.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздердің мағынасын ашып жаз. Түсіндірме сөздікті пайдалан.

Сөздер	Мағынасы
амазонка	
генетикалық сараптама	
менталды сана	
алқалы кеңес	
жүгінген	

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Үстеулерді қатыстырып сөйлем құра.

Ертеден, баяғыдан, осында, сөйтіп, емін-еркін, неғұрлым, бірталай, тіпті, орасан, әдейі, бекерге.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Қазіргі қыздар қандай болуы керек?» деген тақырыпта аргументативті эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап алып, не туралы жазатыныңды белгіле.

- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Тармаққа қажет аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.

Есте сақта!

Қазақ әйелдерінің тарихы айманзаттан басталатынын, оның ғылыми тұрғыдан дәлелденгенін білдім. Қазақ қыздарына қойылатын талаптармен таныстым. Қыздарға кесте тігу, тамақ істеу, үлкенді сыйлау және т.б. аналары үйреткен.

5-6- сабақ

Гендер және тіл

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

әлеумет, зайырлы, ғана

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Оқы. Мәтін бойынша сұрақ дайында.

Гендерлік лингвистика — тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы. Тіл білімінің бұл саласы жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейді. Гендерлік зерттеулерге «жыныс», «гендер», «гендерлік рөлдер» сияқты ұғымдар енеді. Қарым-қатынас процесінде ер адамдар мен әйел адамдар арасында гендерлік ерекшеліктер байқалады. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, іс-әрекеті ажыратылып отырады, олар түрлі қызмет атқарады (Жазира Нұрсұлтанқызынан).

Жыныс — адамдардың биофизиологиялық айырмашылықты бітімін білдірсе, гендер — әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік бейнесі. Елімізде әйелдер мен ерлердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени мәртебесін, гендерлік рөлдері мен гендерлік қарым-қатынасын зерттеу зайырлы қоғамдағыдай жүйелі қолға алынды. Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданды (Гүлжан Шоқымнан).

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Ер адамдар мен әйел адамдардың гендерлік ерекшеліктерін диаграммаға түсір.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Гендерлік зерттеулер қандай факторларды анықтайды?
2. Гендерлік зерттеулер индивидтің қандай ерекшеліктерін қарастырады?
3. Соңғы жылдары әлемде қандай мәселе қызығушылық тудырды?
4. Ер адамдардың тұрмыста үстемдікке ие болуына не ықпал етті?
5. Қандай прогресс ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздікті тудырды?
6. Ғылыми тәжірибелер нені анықтауға көмектесті?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтіннің негізгі идеясын анықта.

Ерлер мен әйел адамдар арасындағы гендерлік айырмашылықтың алғашқы белгілері бала жастан байқала бастайды. Психолог-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, балалар өздерінің ұл не қыз екенін екі жастан бастап сезінеді. Сонымен бірге айналасындағыларды ұл не қыз, әйел немесе ер адам деп айырып қарауға бейімделеді, бірақ өзге айырмасын біле бермейді.

3-4 жаста балалар «әке» мен «шеше», «әйелі» мен «күйеуі» ұғымдарынан гөрі «апа», «аға» ұғымдарын тез меңгереді. Ойын кезінде қыз әйел адамның рөлін, ұл ер адамның рөлін таңдайды. Ата-ана мен ересек отбасы мүшелерінің балаларға түсінікті бола бермейтін «құпия» тілі болады, ұл мен қыздың сөйлер сөзі де ерекше болып қалыптасады.

Қазақ дәстүрінде ұл әкенің, қыз шешенің тәрбиесінде болып, біртіндеп гендерлік дағдыларға бейімделе бастайды. Қазақ халқының салт-дәстүрімен бірге келе жатқан гендерлік ерекшеліктер халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, мақал-мәтелде, тұрақты сөз тіркестерінде кең қамтылған. Жас, ер адам мен әйел адамның айырмасын сипаттайтын

ника и его
и распространени
закон об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей защищены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

ника и его
и распространени
закон об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей защищены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

гендерлік фразеологизмдердің басым көпшілігі ұл балаға қатысты қолданылады. Мысалы: атұстар, атбайлар, атқосшы, қызтеке, отау иесі және т.б.

Мақал-мәтелде көбінесе ұл мен қыз қатар қойылып, салыстырылып беріледі: Үй иесі — ұл, төр иесі — қыз; Қыздың ұяты — шешеге; Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес; Қызы мінезді келсін, ұлы өнерлі келсін және т.б.

Қазақ қоғамында қалыптасқан мәдени дәстүр бойынша, балалық шақтың әр кезеңінде ересек өмірге бейімделу, әлеуметтену қағидаларын игеріп, гендерлік нормалар мен рөлдерге машықтануы маңызды саналған.

Қыздың әлеуметтік жасын көбірек ескерген. Есейген қызын ұзатылғанға дейін *бойжеткен*, *ұзатылатын қыз*, *атастырылған қыз*, *қалыңдық* деп әлеуметтік рөліне қарай атаған. Он бесте отау иесі саналған бозбаланы да *жас жігіт*, *зіңгіттей жігіт*, *қылшылдаған жігіт*, *жігіт-желең*, *күйеу жігіт*, *сақа жігіт* деп атауы жігіттің физиологиялық толысуы ғана емес, гендерлік әлеуметтенуін де білдіреді.

«Гендерлік лингвистика негіздері» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

— Гендерлік айырмашылықтың алғашқы белгілері қай уақытта байқалады?

— _____

— Қай жаста балалар өздерінің ерекшеліктерін ажырата алады?

— _____

— Қазақ халқының гендерлік ерекшеліктері неде қамтылған?

— _____

— Қандай гендерлік фразеологизмдер бар?

— _____

— Ұл мен қызды әлеуметтік рөліне қарай қалай атаған?

— _____

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі өзіңе ұнаған мақал-мәтелді тақырып ретінде алып, мәтін құра.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Түсіндірме сөздікті не <https://kitap.kz> сайты пайдаланып, төмендегі сөздердің мағынасын анықта. Осы сөздерді үстеумен байланыстырып сөйлем құра.

Үлгі: *зіңгіттей жігіт — тентсе, темір үзетін, ірі, қол-аяғы балғадай жігіт.*

Тентсе, темір үзетін, зіңгіттей жігіттің өзі әрең көтерін келеді.

Бойжеткен, бозбала, жасөспірім, қалыңдық, жас жігіт, зіңгіттей жігіт, сақа жігіт.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Әйел адам мен ер адам тең бе?» деген тақырыпта пікірталас өткізіңдер.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Гендерлік зерттеулер қоғамдағы ерлер мен әйелдердің арасындағы қарым-қатынасты зерттейді. Олардың арасындағы мәдени және әлеуметтік факторларды анықтайды. Гендерлік лингвистика — тіл білімінің бір саласы. Ол әйелдер мен ер адамдарға қатысты тілдік бірліктерді зерттейді.

7-8-
сабақ

Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер

Жаңа сөздер:

пір тұту, жанамалап жеткізу,
тұрпайы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша
әңгімеле.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелдегі әйел адам мен ер адамға қатысты гендерлік атауларды кестеге бөліп жаз.

- Ағаның үйі — ақ жайлау.
- Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда.
- Алқызыл гүл — жердің сәулеті, асыл жар — ердің сәулеті.
- Атасы жаман алғанын жамандайды.
- Ер өтірік айтпайды.
- Қадір білмес қарындастан қаймана қазақ артық.
- Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС




ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қоғамда қандай мәселеге назар аударылады?
2. Гендерлік мінез-құлық не арқылы көрінеді?
3. Қазақ әйелдеріне қандай гендерлік ерекшелік тән?
4. Көшпелі қазақ қоғамында әйел адамның рөлі қандай болды?
5. Қазақ жігіттерінің бойында қандай қасиеттер бала кезден қалыптасады?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі қазақ әйеліне тән қасиеттерді диаграммаға түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Әлпештеген әке мен аялаған ана отбасының тірегі болып табылады. Әкеге байланысты баба, кейуана, ата, әже, әке, аға, әпке, іні, қарындас, шешеге қатысты нағашы ата, нағашы әже, нағашы әпке, нағашы аға, нағашы іні, нағашы қарындас деген туыстық атаулар бар.

Атаның отбасындағы рөлі айрықша. Ол — әулетінің тірегі, ісімен сый-құрметке бөленген қадірлі қария. Ал әже — елдің, отбасының бүтіндігін ойлайтын ел анасы. Әжелер салт-дәстүрді сақтап, оны кейінгі жастарға үйретіп отырады.

Әке — отбасының тірегі, асыраушысы, қорғаушысы. Әкенің отбасындағы рөлі зор. Қазақ халқы «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без» деп әкенің айтқанын бұлжытпай орындап

отырған. Әке дастарқанға отырмай, ас ішілмеген. Ана — баланы жарық дүниеге әкелген ең ардақты жан. Ананың көңілін қалдыру, оған дауыс көтеру ең үлкен қылмыс болып есептеледі.

Әпке — отбасындағы анадан кейінгі сыйлы адам. Ол інілері мен сіңлілеріне үнемі қамқорлық жасап отырады. Ал аға — әке орнындағы ең беделді адам. Аға-өзінен кішілерге қамқоршы. Ол өзінен кейінгі балалардың тәрбиесіне жауап беретін адам ретінде есептелген. «Ағасы бардың жағасы бар» деген мақал осыған байланысты айтылған.

Іні — аға мен әпкенің ісін жалғастырушы. Ол ағасы мен әпкесіне әрқашан көмектесіп, олардың тәлім-тәрбиелік нұсқауларын бұлжытпай орындаған. «Інісі бардың тынысы бар» деген мақал осыған дәлел. Қарындас — әпкеден кейінгі сыйлы адам болып табылады. Қазақ халқы отбасында қыздарды қадірлеген. «Қыз — қонақ» деп қыздарын төрге отырғызған.

«Қазақ этнопедагогикасы» кітабынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінде айтылмаған туыстық атауларды (құда, құдағи, келін, күйеу бала және т.б.), олардың отбасындағы рөлі туралы айтып бер.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікіріңді жаз. Қазіргі өмірмен байланыстыр (уақыт мөлшері: 7-8 минут)

1. **Өзіндік пікір (идея)** — бір сөйлем.
2. **Дәлел** — екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін айғақтайтын мысал** — екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** — бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** екі сөйлемнен тұруы керек.
6. **Қорытынды** екі сөйлемнен тұрады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннен өзіңе ұнаған бір сөйлемді тақырып ретінде алып, ойтолғау жаз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Кинометафора» әдісі. Жұпқа бөлініп, отбасы туралы түсірілген фильмдерден үзінді дайындаңдар. Өзге жұптардың көрсетілімдері бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар. Отбасы құндылықтары туралы ой бөлісіңдер.

- «Қара шаңырақ» («Қазақфильм», 2014 жыл).
- «Анаға апарар жол» («Қазақфильм», 2016 жыл).
- «Жанұя» («Таласфильм», 2017 жыл) және т.б.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Сабақты талдау кестесін толтыр.

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

Есте сақта!

Әр ұлттың ерекшелігіне байланысты отбасы мүшелерінің өзінің әлеуметтік, қоғамдық орны болатынын білдім. Қазақ отбасында ата мен әкенің орны ерекше.

9-10-
сабақ

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 1-кітап. Қайтқанда

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

жанап өте алмау, дабырлап сөйлеу, сытылып шығу, ас батпау


АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тап. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

- М. Әуезов — қазақ халқының **кемеңгер** ойшылы, ұлы суреткері. Мұханды құрметтеу — елдің тәуелсіздігін құрметтеу, өз еліңді **сүйу**, отаныңды қорғау, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін **жан аямау** (*ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев*).
- Оқушылар, сіздерге қазақ халқының **ұлы** ақыны — Абай туралы романның ағылшын тіліндегі бірінші кітабын тұңғыш рет **мақтанышпен** ұсынамыз. *Өзгеге көңілім тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың... —* депті ғой ақын алаулаған асқақ жырының бірінде. Халық **аяулы** перзентінің лебізіне сүйсіне құлақ қойған да сияқты. Қандай ер көңіл, қандай **ізгі жанды** мейірбан, қандай **дарынды** халық — «қазақ» дегеніңіз! Қазақтар туралы біздің бұрынғы бейхабарлығымыз өкінішті-ақ екен! (*«Нортн нейборз» журналы, Канада*).
- Әуезов — қазақ болмысы мен мінезінің **ғажайып** айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, **қайталанбас** полотносы, реалды шындығы, кемеңгерлік кестесі. Өзі туған ұлтын бар артық-кемімен ішінен үңгі отырып тану, зерттеу, соны өзіне ғана, яғни қазаққа ғана емес, жұмыр жердің **ұлы** төсін жайлаған кез келген ұлтқа, әрбір **жұмыр басты пендеге** түсінікті ете отырып таныту — Әуезов әлемінің сиқырлы да сырлы қуаты (*жазушы Нұрлан Оразалин*).

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қаладан келген Абайды күтіп алуға кімдер келді?
2. Абай ең бірінші кіммен амандаспақшы болды?
3. Оған анасы қандай ескерту жасады?
4. Абай әкесі Құнанбаймен қалай амандасты?
5. Құнанбай Абайдың қандай қасиетін бағалайтын?
6. Абай әкесіне қалай жауап берді?



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде жауабы бар сұрақты белгіле. Сұрақтарға жауап бер.

- А) Қай топқа ауылдың үлкендері жиналып жатыр?
- Ә) Екі жолдасының атын Абай алып кетті ме?
- Б) Құнанбай Абайды қасына шақырды ма?
- В) Құнанбай кімдермен амандасты?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Негізгі идеясын анықта.

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, «Қалиқа» деген бір жеңгесі:

— Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! — деп, мойынынан құшақтай алып, бетінен сүйді. ...

Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген — осы сүйістер еді.

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі — Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде Айғыз күліп:

— Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, — деп паңдана күлді де Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бері мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы! Ұлжан көп ұстаған жоқ.

— Әжеңе бар, әнеки! — деп үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді.

Кәрі әжесі — Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

— Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! — дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда «жаман неменің» артынан лезде:

— Қарашығым, қоңыр қозым... Абайжаным... — деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөндеп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.

Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан:

— Елді сағындың ба, кімді сағындың?

— Молда болдың ба?

— Оқып болдың ба? — деген сияқтыларды қайта-қайта сұрады.

Абай өзге сұрақтарға жөнді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ: «Кімді сағындың?» дегенде:

— Оспан қайда? Ол қайда жүр? — деп, өзінің кіші інісі тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді.

Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

— Е, жүр дағы жыңды неме. Бүгін осында маза бермеген соң әжең екеуіміз қуып шыққамыз, — деп әжесіне нұсқады.

Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп:

— Не дейді? Не деп жатырсыңдар, естімедім, — деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

— Әже-ау, былтыр мұндай емес ең. Құлағыңа не болған, неге естімейсің?— деді.

Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап алдына жантайды.

Әжесі түсінді де аз ғана босаңсып:

— Балам-ай, әжеңде кеуде болмаса, не сымбат қалды?— деп, өзінің дағдылы мұңшыңына қарай беттеп еді, баласы қимады.

— Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? — деді.

Үй іші де, әжесі де құр күліп қана қойды.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Абзац	Тақырыпша	Тірек сөздер
1-абзац		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен адамның ішкі сезімін ым-ишара арқылы жеткізіп тұрған сөздерді тауып, түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Оңай және қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қиын сұрақтар көршіңнің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар
— Абай кімге жақындады?	— Абайды неге «Телғара» деп атады? Оның себебі неде?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқып, «Кейіпкерлерге мінездеме» кестесін толтыр.

Роман-эпопеяның кейіпкерлері	Мінездеме

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісін пайдаланып, бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Сабақты талдау кестесін толтыр.

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

Есте сақта!

Абай жасында өте зерек, сезімтал болған. Оның осы қасиетін әкесі Құнанбай жақсы білген. Абайды жеңгелері «Телғара» деп атаған.

11-12-
сабақ

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 2-кітап. Тайғақта

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

талмай зерттеу, байлауын айту

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тап. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

1. Осынау нағыз кемел шығарманың авторы — **дарынды** жазушы ғана емес, талғампаз зерттеуші де болды, ол өзінің творчестволық жылдарын ұлы гуманист ақын Абайдың өмір кезеңдерін **талмай** зерттеуге, жалықпай жинауға, сан салалы ұлан-ғайыр фактілерден біртұтас көркем тұлға жасауға бағыштады. Ұлы ақынның тұсындағы адамдарды барлап, ол өмір кешкен тұтас бір **дәуірді** зерттеді. Міне, осындай қажырлы да шабытты еңбектің жемісі болып көркемдіктің барша қасиет-сырын бойына жинаған, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің өмір тіршілігі мен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін «Абай» романы туды (*қазақ ғалымы Қаныш Сәтбаев*).
2. Ұлт туралы **толық** та **тұтас** түсінікті бізге жазушының өнері береді... Мұхтар Әуезов өзінің «Абайымен» менің қазақ халқы туралы түсінігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың **жұпар** ауасын жұтып, қазақ болып кеткен тәріздімін.. (*орыс жазушысы К. Федин*).
3. Қазақтар туралы бұрын-соңды ештеңе естімегенмін. Енді оларды білемін, өте жақсы танимын, өйткені жақында ғана Мұхтар Әуезовтің **тамаша** кітабын ағылшын тілінде оқып шықтым. Қазақ халқының ұлы арысы, кемеңгер ақыны — Абай, **сүйікті** сұлулар — Тоғжан және Әйгерім, Абайдың **мейірімді** әрі **батыл** достары — енді менің де жақсы білетін адамдарым. Мен осы геройлардың **бәрін** де ерекше сүйіп кеттім, солармен бірге өсіп, біте қайнасқандай, қуаныш-қайғысын қоса бөліскендей болдым. Мен тіпті қазір де өзімді солармен бірге жүргендей, сіздердің далаңыздың **кәусар** ауасымен дем алғандай сезінемін. Шынында, бұл қазақтар — неткен **ғажайып** халық! Осы кереметтік «Абай» романында қандай тамаша суреттелген! Сіздің бақытты халыққа мен шынайы көңіліммен қызығамын, ал өзіңізді өлмес туындыңызбен құттықтаймын! (*Камерун жазушысы Бенжамен Атун*).

4. Мұхтар Әуезовтің «Абайы» — **нағыз** роман, басқаша айтқанда, өмірдің тұтас қыртыстарын қотарған, тұрмыстық адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпенділіктің айқын бояулы картиналарын жасаған және ең бастысы — есте қаларлық **жарқын** образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы **кең** кітап. Бұл романды мен соншалық рахаттанып аудардым (*орыс жазушысы Леонид Соболев*).

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы айтылған пікірлер саған қалай әсер етті?
2. Сен «Абай жолын» толық оқыдың ба?
3. Роман-эпопеядағы қандай кейіпкерлер ұнады?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ым-ишараны білдіріп тұрған сөздерді жаз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

- Мәтінді қайта тыңдап шығып, құрылымына назар аудар.
- Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді қолдана отырып, әр абзацқа тақырыпша қой.
- Тақырыпшаларды сыныптастарыңмен талқыла.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Негізгі идеясын анықта.

Біржан да Балбала қысылып қалмасын деп және өзгелерінің көңіліне келмесін деп Базаралыны қостап, іле жөнелді.

— Ән де біледі, айтса — тілі орамды, шырқаса — үні балдай. Тәрбие-тәлімімен жібек талдай, отыр ғой, міне, жақсы шәкірт, жақсы інілерім!

Біржан «қыздар», «қарындастар» деген сөздерді әдейі айтпады. Ол сөздерді әдепсіздеу, тұрпайылау көрді. Және әдейі аға боп, бауыр тартып сөйледі. Осында отырған бірнеше өнерлі, көрікті жас әйелдерге жағалай көз тастап өтті. Аттары аталмаса да, зор құрметпен еске алғандары өзі мен Абайды, Базаралыны айнала қоршап отырған Балбала, Керімбала, Үмітей, Әйгерімдер болатын.

Мағыналы сөз қатып, одан да мағыналы жүзбен Біржан көз салғанда барлық жаңағы жас әйелдердің шыншыл, сезгіш жүздеріне жағалай дауылдап, шапшаң толқын, жеңіл қызғылт нұр жүгірді. Бейне бір таң сәскеде түнлікті ашып жібергенде шаңырақтан күн сәулесі түскендей. Сол кезде батсайы шымылдық, дүрия көрпе, манат мақпал тұскиізді күн сәулесі қуанта бір ал гүл қаққызып, жағалай сәулелендіріп, жайнатқан тәрізді. Жас әйелдердің Біржандай әз ағадан, әсем өнерпаздан естіген мақтаулары да сондай әсер етті.

Үй ішінде сыңқыл-сылтың да, мәз қошемет те қатар қаулап, әзіл мен жарастық көп естілді.

Сыпайы сыйластық ажарлары, өнерлі жастар мәжілісі реңдене түскендей.

Абай мен Әйгерімнің бұл жолғы қонақтары, шынында, тобықты жастарының ең бір өнерлі, нәрлісі болатын.

Осыдан екі күн бұрын осы Құнанбай аулы отырған Барлыбай өзеніне Ырғызбайдан, Торғай-Көтібақтан және Жігітектен, одан арғы Бөкеншіден көп қыз-келіншек, жас жігіттер әдейі шақырылып, арнаулы қонаққа келген-ді.


Абайдың қасында отырған інісі, жас бозбала Әмір — Құдайбердінің баласы. Ол өз нөкерімен келгенде Үмітей сұлуды ерте келген. Базаралы қасында отырған Балбала — Әнет қызы. Ол да бір топ қыз нөкерімен әдейі шақырылған. Бөкеншіден Сүгір баласы Әкімқожа — мынау. Ол өз қарындасы Керімбаланы ертіп, Жігітектен Базаралының әнші, сері інісі Оралбайды ала келген.

Сол жастың бәрі де — өнерқұмар және тегіс жақсы әнші. Олар Біржанды бұл жолы ғана көрген емес. Осы күндерден екі айдай бұрын тобықтының шетіне келген Біржанның хабарын Абай естіп, алдынан Әмірді жіберген-ді. Абайдың ең бір қадірлес ағасы, Құдайберді жастай өлгенде содан жетім қалған бес баланың ортаншысы Әмір болатын. Құдайберді өлерде Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар», — деп, «жетімдік көрсетпеспін» деп ант еткендей болатын.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі Біржанның қыздарды сипаттаған жерін тауып, диаграммаға түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен аға мен қарындас, аға мен іні арасындағы туыстық қатынасты білдіріп тұрған жерлерді тауып, оқы. Түсіндір.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді қайта оқып, «Кейіпкер» кестесін толтыр.

Шығарманың атауы	Кейіпкерлері	Қасиеттері қалай суреттелген?	Кейіпкерге берілетін баға	Мақал-мәтел, даналық сөз келтіру арқылы тұжырымдау

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тауып, қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

Қалмасын, көңіліне, жөнелді, тілі, үні, шәкірт, әдейі, тұрпайылау, бауыр, осында, өнерлі, көз тастап өтті, зор, мағыналы, Біржан, дауылдап, жүгірді, манат, әз, естілді, сыйластық, бұл жолғы, арнаулы, өз, ерте келген, қарындасы.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылады. Топтағы оқушылар тақырып бойынша 8 сұрақ құрастырып, сандыққа салады. Екі топ сандық алмасады. Топ құрамындағы балалар кезекпен сандықтан бір сұрақтан алып, жауап береді. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын әлем жазушылары өте жоғары бағалаған.

Абай балаларын оқытуды мақсат еткен. Абай өнерлі жастарды жақсы көрген. Оларды әдейілеп үйіне қонаққа шақырып отырған.

13- сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мұхтар Әуезов және оның шығармалары туралы айтылған пікірлерді пайдаланып, кластер құрастыр. Кластеріңді сыныпта қорға.

- Мұхтар Әуезовтің шығармаларында қазақ халқының басынан кешірген ауыр азап, қилы да ұзақ жолы, жарқын болашағы үшін күрес пен көкейтесті арманы, қайтпас қажыры мен ұшқыр ойы бейнеленген. Бұл, әсіресе, бар өмірін сарп етіп, қазақ халқы үшін ғана емес, орыс мәдениеті мен күншығыс мәдениетін біріктіру жолында адал еңбек сіңірген ұлы ағартушы Абайдың тұлғасынан толық көрінеді (*тәжік жазушысы, Мирзо Тұрсын-заде*).
- Менің досым, қаламдас інім Мұхтар Омарханұлы Әуезов адамзат өмірі мәдени тарихының төрінен аса үздік қайраткерлермен бірге құрметті орын алды. Оның майталман қаламынан туған өмір суреттері кербез сұлудың алма мойнындағы асыл тастың жарқылындай нұр-сәуле шашады. Шешен де өміршең, өрелі сөз, терең ой, суреткерлік арлылық пен адалдық оны дүниенің бар түкпіріндегі оқушыларының ыстық ықыласына бөледі (*түрікмен жазушысы, Берды Кербабев*).
- Мұхтар Әуезов — ақын. Ол өз елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша асқан суреткерлікпен бейнелейді. Жазушының ойын-той, қыз ұзату, қаза болған кісіні жерлеу секілді сан алуан салт пен кәдені суреттеуі ғажап, сонша ұлылықпен, сонша сүйіспеншілікпен берілген. Әуезовтей кісі жырлаған халық шынымен бақытты ғой (*француз жазушысы Бержерон*).



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелдің өзіңе ұнағанын тақырып ретінде алып, мәтін құра. Мәтінде ұл және қыз бала тәрбиесіне байланысты ақпаратты қамты.

- Ұл — орнықты ту, қыз — айдыннан ұшатын аққу.
- Қыз — ауылдың көркі, жігіт — ауылдың серті.
- Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Ұлжан тыста тұр екен. Баласы үйге тақай бергенде өңіне көзін салып, тіксініп қалды. Абайдың түсі құп-қу, қатты өзгерген. Тіпті Абай сияқты емес. Ұлжан: «Көзім бұлдырап тұрма?» — деп, кірпігін жиі қағып, қайта қарады. — Абай. Бірақ тіпті жат реңді. Баласы атын байлап қасына келгенде жаңа байқады. Көзі де қып-қызыл боп ісіп кетіпті.

— Өй, Абайжан, қарағым, не болды? Біреу тиген бе?

... Абай үндемей шешесін құшақтай алды да бауырына кіріп, өзінің ып-ыстық басын анасының төсіне басып, жабысып тұрып қалды. Жетімдіктен құтқарғандай анасы бар екен! Жылау артынан ықылық атқандай, денесі дірілдеп, солқ-солқ етті. Бірақ бұл кезде Абайдың көзінде жас жоқ-ты. Бәрін жылап тауысқан. Енді жыламасқа, көз жасын ешкімге көрсетпеске бекініп, іштен қатты түйініп алған.

— Жөніңді айтшы, қарағым, не болды? Әкең ұрды ма?

— Жоқ, ешкім де ұрған жоқ, кейін айтам. Апа, төсек сап берші, жатқызшы! — деп Абай шешесін құшақтап қысқан бойда үйге қарай аяңдады.

Сабырлы Ұлжан осыдан әрі еш нәрсе сұрап тақымдаған жоқ. Үйде әжесін де, өзгені де үркіткен жоқ. Абай жайын бір жанға білдірмеді. Үлкен ақ үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пұшпақ ішігімен жауып, қымтап қойды.

Әжесі:

— Немене, қарағым? Ұшындың ба әлде? — деп бірдеңе білгісі келіп еді, Ұлжан:

— Ұшынған ғой. Тимейік. Жатып ұйықтап тұрсын, — деп, малшы қатын Қатшаны шақырып ап:

— Түңлікті жауып, есікті түріп қойшы. Абайға күн түспесін, — деп ақырын ғана айтты.

Әжесі іргеге қарап жатқан Абайдың сыртына қадалып отырып, қабағын түйіп, тамсанып қойды. Ернін үнсіз ғана қыбырлатып сыйына бастады.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі Абайдың көңіл күйін беріп тұрған бейвербалды амалдарды тап. Абайға қатты әсер еткен қандай оқиға? Романның толық нұсқасын оқып, айт. Түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өтілген тақырыптардағы ақпаратты пайдаланып, үстеулерді қатыстырып сөйлем құра.

Биыл, қолма-қол, бірталай, орасан, құр босқа, жорта, әдейі.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап алыңдар. Бірің тілші, екіншің зерттеуші, жазушы болып диалог құрыңдар. Рөлдердің орны ауысып отыруы қажет.

- Ұл — шаңырақ иесі.
- Қыз — қонақ.
- Атасын сыйлаған абыройға бөленер.
- Әжелер — отбасының берекесі.
- Мұхтар Әуезов — ұлт жазушысы.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта қалай сезіндім?

Білгенге маржан...

- Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген — әйел (Мұхтар Әуезов).
- Бізде азамат сыны — ерлік, ерліктің өзі — елдік сыны (Мұхтар Әуезов).

Ел болашағы

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- көркем шығарманы тыңдауды, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасауды;
- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдауды және салыстыруды, өз ойыңды логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізуді;
- мәтіннен ақпараттарды, көзқарасты, астарлы ойды анықтауға;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтауды, ауызша мәтін құрауда орынды қолдануды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдануды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатуды;
- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтауды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылауды;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беруді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізуді;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазуды («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе);
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтауды, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыруды (тірек-схема, менталды карта, презентация);
- мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдануды **үйренесің.**

Жаңа сөздер:

бозбала, бойжеткен, келбет, сауалнама, тоғыс, бастамашыл, түйткіл, жора-жолдас, елікте

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** Өлеңді оқы. 1. Өлеңнің авторын анықта. 2. Ақын жастарды неге теңегенін анықтап, диаграммаға жаз. 3. Ақынның жастар туралы айтқан сөздерімен келісетініңді не келіспейтініңді айтып, дәлелде.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!



ТІЛДІК БАҒДАР

Шылаулар және мағыналық түрлері

Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Шылаулардың лексикалық мағынасы жоқ, морфологиялық жағынан түрленбейді, сөйлем мүшесі бола алмайды.

Шылаулардың мағыналық түрлері:

1. жалғаулықтар;
2. септеуліктер;
3. демеуліктер.

Жалғаулықтар

Жалғаулықтың 5 түрі бар.

1. Ыңғайлас жалғаулықтар: және, мен, пен, бен, тағы, әрі, да, де, та, те.
2. Қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, алайда, сонда да, дегенмен және т.б.
3. Талғаулықты жалғаулықтар: әлде, біресе, бірде, не, немесе, болмаса және т.б.
4. Себеп-салдар жалғаулықтар: өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан.
5. Шартты жалғаулықтар: егер, егер де, алда-жалда.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын лексикалық минимумды пайдаланып анықта. Шылауларды тауып, жалғаулықтардың қай түріне жататынын айт.

1. Саябақта **бозбала** мен бойжеткен отырды. 2. Қыздың **келбеті** сұлу екен. 3. Мен олармен амандастым да **сауалнама** алдым. 4. Олардан **жора-жолдастары** қандай екенін, кімге **еліктейтінін** сұрадым. 5. Бозбала мен бойжеткеннің сөздері бір-бірімен **тоғысты**. 6. Олардан жастардың **түйткіл** мәселесін сұрадым. 7. Бозбала мен бойжеткен бірнеше **бастамашыл** ой айтты.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Жалғаулықтарды тап. Мәтіннің негізгі ойын анықта.

Қазақстанда жастар мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Өйткені біздер, жастар, елдің болашағымыз. Болашақта елдің экономикасын да, өндірісін де, ғылымын да, медицинасын да дамытатын — жастар.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қоғам қайраткері Фани Мұратбаев: «Жастардың бүгінгі міндеті — оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Жастар бүгін сөзден іске көшетін заман. Білімсіз істің реті болмайды. Сондықтан жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек», — деген. Олай болса, біріншіден, біз мектептегі уақытты тиімді пайдаланып, оқуға, пайдалы білім алуға жұмсауымыз қажет. Мемлекеттің байлығы шикізаттың көптігі, өндірістің дамуымен ғана өлшенбейді, ең алдымен, білімді жастарымен өлшенеді. Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін — білім», — деген. Білімді жастар ғана Қазақстанның болашақ **келбетін** айқындайды. Білімді әрі **бастамашыл** жастар мемлекетті басқа елдерге таныта алады.

Екіншіден, біздің уақыт бос сөздің заманы емес. Алған білімді өзіміздің қажетімізге, елді дамытуға, өмірдегі көптеген **түйткілді** шешуде пайдалана алуымыз керек.

Үшіншіден, еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына байланысты. Жастар — қоғамның қозғаушы күші әрі ең белсенді тобы. Еліміздегі тұрғындардың 30 пайызы — 29 жасқа дейінгі жастар. Сондықтан бізге үлкен үміт артылуда. Біз, жастар, еңбектің және жаңа идеялардың бастамашысы болуға тиіспіз. Уақытты бос жіберіп, қол қусырып отыруға болмайды. Біз еңбек еткенде ғана қоғам дамиды.

Төртіншіден, әрбір жас азамат патриот болғанда ғана елге адал қызмет етеді. Әлеуметтік **сауалнамаға** жауап берген жастардың 74,3 %-ы Қазақстанды «өз отаным» деп көрсеткен. Әрбір екінші **бозбала** мен **бойжеткен** өзін «патриотпын» деп есептеген.

Бесіншіден, мемлекет біздің білім алуымызға, еңбектенуімізге, өсуімізге түрткі болып, жағдай жасап отыр. Батыр Бауыржан Момышұлы: «Әр іс-әрекеттің тууына түрткі


болар себеп бар», — деген екен. Соңдықтан біз де елдің сенімін ақтап, адал еңбек етуге міндеттіміз. Біз елдің, жердің иесіміз. Осылай мемлекет пен жастардың ұстанымы **тоғысқан** кезде қоғам дамиды.

Назым Қалкен

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жастардың нені дамытатынын анықтап, тірек-схемаға сал.

Мәтінде айтылғаннан басқа тағы қандай саланы қосуға болатыны жайында ойланып толықтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Әр сөзге екі сөз тіркесінен құрастыр.

Бозбала, келбет, бойжеткен, бастамашыл, сауалнама, тоғыс, елікте, түйткіл, жора-жолдас.

Үлгі: Сұлу бойжеткен, білімді бойжеткен; ... бозбала, ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Ғани Мұратбаевтың сөзін оқып, жастардың міндетіне тағы нені жатқызуға болатынын ойлан. Толықтыр.

Үлгі: «Жастардың бүгінгі міндеті — оқу, білім, тәрбие жұмыстары». Сонымен қатар жастардың міндеті:

1. ...
2. ...
3. ...

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Ойды жалғастырып жаз.

Біз мектептегі уақытты тиімді пайдаланып, оқуға, пайдалы білім алуға жұмсауымыз қажет.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген оймен келісесің бе? Дәйектеп айт.

Мемлекеттің байлығы шикізаттың көптігі, өндірістің дамуымен ғана өлшенбейді, ең алдымен, білімді жастарымен өлшенеді.

Келісемін	Келіспеймін

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Қандай жастар мемлекетті басқа елдерге таныта алатынын айтыңдар.

Үлгі: Біздің ойымызша, білімді, бастамашыл, ..., ... жастар мемлекетті басқа елдерге таныта алады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Броундық қозғалыс» ойыны. Сыныпта қозғала жүріп, 3 минуттың ішінде сыныптастарыңнан сауалнама ал. Кім көп сауалнама алса, сол жеңіске жетеді.

Сауалнама сұрақтары:

1. Бүгінгі бозбаланың сыртқы келбеті қандай?
2. Жолдастарыңның арасында тақапарлары көп пе, кішіпейілдері көп пе?
3. Жора-жолдасыңның ішінде бастамашылдар бар ма? Олар кімдер?
4. Сенің пікірің жора-жолдастарыңның пікірімен үнемі тоғыса ма?
5. Қазіргі кезде жастардың қандай түйткіл мәселелері бар?
6. Сен кімдерге еліктейсің?

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Диалог. Бір-біріңе: «Мектепте алған білімді қайда пайдалануға болады?» — деген сұрақты қойып, жауап алыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып, соңғы үш абзацына сұрақ дайындаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Мұғалімге жеделхат» ойыны. Өзіңе жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастыр. Оны мұғалімге тапсыр.

- Бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім,көз жеткіздім.
- Мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- Маған ерекше ұнағаны —
- Қызық болғаны —
-қиындық тудырды.

Есте сақта!

Білімді жастар ғана Қазақстанның болашақ келбетін айқындайды. Білімді әрі бастамашыл жастар мемлекетті басқа елдерге таныта алады. Алған білімді өзіміздің қажетімізге, елді дамытуға, өмірдегі көптеген түйтілді шешуде пайдалана алуымыз керек.

Мемлекет пен жастардың ұстанымы тоғысқан кезде қоғам дамиды.

3-4- сабақ

Талаптыға нұр жауар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

бұлшық ет, шынтақ, жіті, жалғыз

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. М. Әуезовтің даналық сөзін түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін — білім.

1. Қалай ойлайсың, білім алу маңызды ма?
2. Білім адамдарды қалай теңестіреді?
3. Білімнен басқа тағы не арқылы теңесуге болады?

ТІЛДІК БАҒДАР

Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар септік жалғаулы сөзбен тіркесіп, мағынасын толықтырып тұрады. Септеулік шылаулар өздері тіркескен сөздерге мезгілдік, мекендік, мақсаттық мағына үстейді.

Септік жалғаулар және септеуліктер:

1. Атау септікті меңгеретін септеуліктер: *үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, шамалы, ғұрлы*. Мысалы: *Ақпарат табу үшін интернетті жіті қарадым.*
2. Барыс септікті меңгеретін септеуліктер: *шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу*. Мысалы: *Оңға жуық талапты жас бар.*
3. Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер: *гөрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер*. Мысалы: *Мақсат елге кеткеннен кейін Мәулен жалғыз өзі жобамен жұмыс істеді.*
4. Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер: *қатар, бірге*. Мысалы: *Зерттеумен қатар тәжірибе жүргізді.*

ЖАЗЫЛЫМ


2-тапсырма. Септеулік шылауларды тауып жаз.

Ол жалғыз өзі күн сайын тауға шығады. Таудан келгеннен кейін спортзалда жаттығу жасайды. Бұлшық етін шынықтыру үшін ол ауыр тастарды көтереді. Сонымен қатар біз Алматының әсем жерлерін араладық.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттерде не бейнеленген?
2. Қалай ойлайсың, бұл кім?
3. Ол немен шұғылданады?
4. Оның есімін, не істейтінін айтып, шағын монолог дайында.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Септеулік шылауларды тап.

Қазіргі уақытта білімге, ғылымға ден қойған талапты жас көп. Жастар мақсаттарын іске асыру үшін көп ізденіп, жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Солардың бірі — «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына енген алматылық Мәулен Бектұрғанов.

ІТ университетіне түскен соң Мәуленге ғылыммен айналысуға жол ашылды. Адам мен техниканың байланысы Мәуленді үнемі қызықтыратын. Ол 2015 жылы адам **бұлшық етінің** көмегімен басқарылатын ерекше протез құрылғыны алғаш рет көрді. Сол сәттен бастап Мәулен осы бағытта жұмыс істегісі келді. Университеттің заманауи технологиямен жабдықталған зертханасында мақсатына қол жеткізе бастады. Мәуленнің диплом жұмысы бионикалық протез қол жасау туралы болды.

Ол ойлап тапқан электр механикалы протез қолдағы бұлшық ет тамырларымен байланысу арқылы жұмыс істейді. Яғни бұл құрылғының көмегімен қалаған затыңызды ұстауға, алуға, қоюға және тағы басқа функцияларды жасауға болады. Жас ғалым болашақта қол ғана емес, **шынтақ**, иықтың қызметін атқаратын электрмеханикалы протез жасап шығарғысы келеді.

«Әлемде жасанды қол шығаратын ел өте аз. Германия, Ұлыбритания сияқты мемлекеттерде онға жуық компания ғана жұмыс істейді. Сондықтан мені осы сала қатты

қызықтырды. Алайда шетелге шығып оқуға, үйренуге мүмкіндік болмады. Интернетті **жіті** қарап, тәжірибе арқылы үйрендім. Екі жыл бойы **жалғыз** өзім осы жобамен жұмыс істеп, нәтижесінде MBionics компаниясын құрдым. Қазір қазақстандық нарықта атымызды қалыптастырып келеміз. Сұраныс күн санап артуда. Енді жасанды қол жасатқысы келетін III топтағы мүгедектер шетелге бармай-ақ, отандық бионикалық протез қолға ие бола алады. Біздің компания өздері өндіретін жасанды қолдың сапасына кепілдік береді», — дейді Мәулен Бектұрғанов.

egemen.kz

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлемді толықтыр.

1. Мәулен Бектұрғанов ... жобасына енген. 2. Мәулен ... түсті. 3. Мәуленді адам мен техниканың байланысы 4. Оның ... жұмысы бионикалық протез қол жасау туралы болды. 5. Мәулен жалғыз өзі MBionics компаниясын 5. Онда жасанды бионикалық протез қол

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Дұрыс және дұрыс емес ақпаратты анықта.

№	Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	М. Бектұрғанов «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына енді.		
2	Ол алматылық емес.		
3	Адам мен техниканың байланысы Мәуленді қызықтыратын.		
4	Мәуленнің диплом жұмысы бұлшық етті жаттықтыру туралы болды.		
5	Ол шетелге шығып оқып, үйренуге мүмкіндік алды.		
6	Интернетті жіті қарап, тәжірибе арқылы үйренді.		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойын анықта. Жоспар құр.


ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

IT университеті, ғылыммен айналысу, техника, қызықтыру, құрылғы, диплом жұмысы, бионикалық, протез қол, жасау, ойлап тапқан, қолдағы бұлшық ет, жіті қарап, жалғыз өзі, жоба, компания, құрды.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Топтық жұмыс. Елімізде осы төрт салада еңбек етіп, табысқа жеткен қандай жастарды білесіңдер? Төрт топқа бөліп, тірек-схема дайындаңдар.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. М. Бектұрғанов кім, қайда оқыды?
2. Мәуленді не қызықтыратын?
3. 2015 жылы нені көрді?
4. Мәуленнің диплом жұмысы не туралы?
5. Ол не ойлап тапты?
6. Мәулен не себепті жасанды қол жасауды қолға алды?
7. Ол жалғыз өзі қандай нәтижеге қол жеткізді?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Ғылымға жаңалық енгізіп, жетістіктерге жеткен тағы қандай жастарды білесің?
2. Болашақта қай саланың маманы болғың келеді?
3. Жас буын ретінде Қазақстанның болашағын қалай елестетесің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына енген талапты, дарынды жас адам туралы презентация дайында. Сыныпта қорға. Жоспар құр.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Мұғалімге жеделхат» ойыны. Өзіңе ұнаған сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастыр. Оны мұғалімге тапсыр.

Есте сақта!

Ол бұлшық еттің көмегімен басқарылатын ерекше протез ойлап тапты. Интернетті жіті қарап, тәжірибе арқылы үйренді. Екі жыл бойы жалғыз өзі жобамен жұмыс істеп, нәтижесінде MBionics компаниясын құрды.

5-6-
сабақ

Наноспутник жасаған жас ғалымдар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін нешінші жақтан баяндалды және кім туралы?
2. Ол қайда туып, қайда оқыған?
3. Мектеп бітірген соң қандай мамандықты таңдаған?
4. Магистратураны қай елде оқыған?



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдында тыңдаған мәтінмен байланыстырып айт.

Мен ағылшын тілін 1-сыныптан оқыдым. Университетке келгенде ағылшын тілін өздігімнен оқып жүрдім. Ешқандай курсқа қатыспадым. Америкаға Work and Travel бағдарламасымен барып, сөйлеуді дамыттым. Одан кейін іссапармен Берлинге, Жапонияға, Болгарияға, Түркияға барғанда ағылшынша сөйледім. Шетелдік конференцияларға көп қатыса бастадым. «Инглш клубтарға» барамын. Өзім мектепте қазақша оқыдым. Жұмысым қазақша, орысша және ағылшынша жүреді. Ағылшын тілін жетілдіру үшін әркім өз бағытына сай кітаптар оқуы керек. Ағылшынша, бірақ субтитрлі фильмдер көру керек. Сонымен қатар ағылшынша сөйлеп жүру керек.

Жас ғалым Нұрсұлтан Досжан


ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог ұйымдастырыңдар.

1. Сен болашақта қандай мамандықты таңдайсың?
2. Болашақ мамандығың бойынша оқу үшін қандай тілдерді білу қажет?
3. Сен қазақ тілін, ағылшын тілін қалай үйреніп жүрсің?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап, жастардың не істеп жатқанын болжап айт.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Жалғаулық және септеулік шылауларды тап.

Мен кіші ғарыш аппараттарын жобалаумен айналысамын. Олар наноспутник және микроспутник деп екіге бөлінеді. Наноспутниктердің салмағы 1-10 кг, микроспутниктердің салмағы 10-100 кг болады.

Біз «Al-farabi-1» деген ғарыштық наноспутник аппаратын жасадық. Жобаның жетекшісі — университеттің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы. Жобаны жасауға студенттер, магистранттар, докторанттар қатысты. Барлығы 16 адамбыз. Оның 60 пайызға жуығы — студенттер мен жас ғалымдар. Қалғаны — жетекші мамандар. Барлығы — өзіміздің университеттің мамандары. Біз еліміздегі Аэроғарыш комитеті, Ғарыштық техника мен технологиялар институты және Берлин техникалық университеті, Жапониядағы Токио университетімен байланыс жасаймыз.

«Al-farabi-1» ғарыштық аппаратымыз тестен өткен соң Үндістанға жібердік. 2017 жылы 15 ақпан күні Үндістанның ғарыштық зерттеу ұйымында қазақ студенттері құрастырған «Al-farabi-1» спутнигі ғарышқа ұшырылды. Ол — қазақстандық студенттер жасаған алғашқы наноспутник. Ол Жер бетінен 600 шақырым биіктікке ұшырылды. Бұл аймақ ғылымда «төменгі орбита» деп аталады.

Наноспутниктің салмағы — 2,3 килограмм. Ол екі мақсатта ұшырылды: бірі — ғарыштан пайдалы ақпарат жіберу, екіншісі — студенттер жасаған тұңғыш спутникті сынау.

Жобаның тағы бір мақсаты — осы мамандық бойынша оқып жатқан студенттерге үйрету. «Ғарыштық техника технологиялары» мамандығы 2010 жылы ашылды. Жаңа мамандық. Сондықтан студенттерге ғарыштық аппараттың қалай құрастырылып, жұмыс істейтінін көрсету керек.

Біз жасаған спутник алты ай ғана пайдаланылады. Уақыты біткен соң төмен түсіп, біздің атмосфераға кірген кезде бір секундтың ішінде өздігінен жанып кетеді. Жерге де жетпейді. Қоқыс болмайды.

Әсел Сарқыт. Baribar.kz

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Мәтіннен берілген сандарға қатысты мәліметтерді тауып, оқы. Кестеге жаз.

Сандар	Мәліметтер
1-10 кг	
10-100 кг	
Сандар	Мәліметтер
60%	

2017	
15	
16	
600	
2,3 кг	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құр. Әр бөлімнің тірек сөзін анықта.


ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Ғарыш аппараттарының түрлерін, салмағын анықтап, тірек-схема дайында.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Al-farabi-1» наноспутнигінің жобасына қатысты ақпаратты тауып, оқы, менталды карта дайында.

Үлгі:



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Ғылымда, спортта, бизнесте және т.б. салаларда жетістікке жеткен жастар туралы мәлімет жинап, презентация дайында.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Н. Досжан немен айналысады?
2. Жобаның жетекшісі кім, оған кімдер қатысты?
3. Олар қандай жоғары оқу орындарымен байланыс жасайды?
4. 2017 жылы қандай оқиға болды?
5. Салмағы, ұшу биіктігі қандай?
6. Жобаның мақсаты қандай?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Қазақстан ұшырған бір спутник туралы мәлімет дайында. Мәліметте спутникті ұшырудың мақсаты, мерзімі, нәтижесі туралы ақпарат болсын.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. «Наноспутник жасаған жас ғалымдар» мәтіні арқылы кімдермен таныстың?
2. Олар не істейді?
3. Мәтін кімнің атынан баяндалған?
4. Оның мәтінде айтылған ақпаратқа қандай қатысы бар?
4. Қазақстан тарапынан ұшырылған қандай спутниктерді білесің?

7-8- сабақ

Жастар мәселесінің түйткілдері

Жаңа сөздер:

нашақорлық, қамсыздандыр,
мәңгүрт, субмәдениет, бұзақы,
ескір, жылжы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазіргі қоғамда қандай жаман әдеттер бар?
2. «Субмәдениет», «мәңгүрт» деген сөздерді естідің бе?
3. Ол сөздер қандай жағдайда қолданылады?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап айт.

1. Суреттерден не көріп тұрсың?
2. Олардың айырмашылығы бар ма?



ТІЛДІК БАҒДАР

ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Демеулік шылаулар тіркескен атауыш сөздеріне түрлі мағыналық реңк үстейді.

Демеулік шылаулардың түрлері:

1. Сұраулық демеуліктер: *ма, ме, па, пе, ба, бе, ша, ше*. Мысалы: *Сен жобаға қатыстың ба?*
2. Нақтылық демеуліктер: *қой, зой, -ды, -ді, -ты, -ті*. Мысалы: *Біз жобаға қатыстық қой.*
3. Күшейткіш демеуліктер: *-ау, -ай, -ақ, да, де, та, те*. Мысалы: *Шіркін-ай, дарынды жастар екен!*
4. Шентік демеуліктер: *қана, зана, -ау*. Мысалы: *Сабаққа жеті зана оқушы қатысты.*
5. Болжалдық демеуліктер: *-мыс, -міс, -ау*. Мысалы: «Жастар ана тілін білмесе» мәңгүрт болады-*ау!*» — деп уайымдап отыр.
6. Болымсыздық немесе салыстыру демеуліктер: *түгіл, тұрсын, тұрмақ*. Мысалы: Біз *тұрмақ*, үлкен адамдар келе алмай қалды.
7. Қомсыну демеулігі: *екеш*. Мысалы: Бала *екеш* бала да бұзықтарды ұнатпайды.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Демеулік шылауларды тап.

Кейбір жас адамдар түрлі субмәдениетке неге еліктейді?

Менің ойымша, кейбіреулері уақыт өткізу үшін еліктейді-ау. Ал кейбіреулері Батыс елдеріне еліктейді-міс. Субмәдениет қоғамды дамытпайды ғой. Мысалы, готтардың келбеті қорқынышты. Олардың түрі бала тұрмақ, үлкен адамдарды да шошытады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Демеулік шылауларды тап.

Дені сау жастар — мемлекеттің болашағы. Сондықтан жастардың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөлінеді.

Жастардың денсаулығына кері әсер ететін факторлар бар. Оларға темекі шегу, спирт өнімдерін ішу, **нашақорлық** сияқты әдеттер жатады. Мұндай жаман әдеттер отбасына да, бүкіл қоғамға да үлкен қасірет әкеледі. Спирт өнімдері жастардың денсаулығы үшін ғана емес, бүкіл ұлттың болашағына апат әкеледі. Әлеуметтік зерттеулер ересектер тұрмақ, 12 жастан асқан жасөспірімдер арасында темекі шегу әдеті кең тарағанын көрсетті. Елімізде 4,5 миллионға жуық азаматтың темекі шегетіні анықталған. Темекіні көп

шегу өкпе ауруларын тудырады. Мамандардың айтуы бойынша, жыл сайын республикада 300 адам нашақорлықтан қайтыс болады екен. Қазіргі ресми санақ бойынша 54 мыңға жуық нашақор тіркеуде тұр. Жеке гигиенаның сақталмауынан нашақорлар жазылмайтын түрлі ауруға шалдығады, мүгедек болады. Ішімдік пен нашақорлық жастарды **бұзақы, мәңгүрт** болуға итермелейді. Мұндай түйткілдерді жою үшін әлеуметтік **қамсыздандыру** жұмыстары жүргізіледі.

Жастар арасындағы түйткілді мәселелердің бірі — түрлі **субмәдениетке** еліктеу. Латын тілінен аударғанда, субмәдениет «астыңғы мәдениет» дегенді білдіреді. Субмәдениет жастардың еліктеуінен туады. Олардың ерекшелігі киімдері мен келбетінде: кейбіреуі металл тағылған қара киім киеді; кейбіреуі көзін де, шаш-тырнағын да қап-қара етіп бояп, беттеріне аппақ гримм жағады; енді біреуі шаштарын жалбыратып, түрлі түсті бояумен бояйды. Олардың сыртқы бейнесі ғана емес, өздерін ұстауы, сөйлеуі де өзгеше болады. Көбінесе жаргонмен сөйлейді. Мұндай ортада көбінесе жастарды жаман әдетке итермелейтін әрекет көп болады. Оларды нашақорлық пен бұзақылыққа, қылмыс жасауға, мәңгүрттікке итермелейді. Сондықтан Батыс елдерінен келген бөтен мәдениетке еліктемей, дәстүрлі мәдениетті дамыту керек.

А. Асқар

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.

1. Темекі шегу мен ... жастардың денсаулығына кері әсер етеді. 2. Ішімдік пен нашақорлық жастардың ... болуға итермелейді. 3. ... еліктеу — жастар арасындағы түйткілді мәселелердің бірі 4. Субмәдениетке еліктеу жастарды ... итермелейді.

Қажет сөздер: нашақорлық, субмәдениетке, бұзақылыққа, мәңгүрт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінге сүйеніп, жастардың денсаулығына кері әсер ететін факторларды анықтап, толықтырыңдар. Кластерге түсіріңдер.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Мәтіннен берілген сандарға қатысты мәліметтерді тауып, оқы.

Мәтіндегі сандар: 12, 4,5 миллион, 300, 54.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Дұрыс және дұрыс емес ақпаратты анықта.

№	Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	Жастардың денсаулығына кері әсер ететін факторларға темекі шегу, спирт өнімдерін ішу, нашақорлық жатады.		
2	Спирт өнімдері бүкіл ұлттың болашағына апат әкелмейді.		
3	12 жастан асқан жасөспірімдер арасында темекі шегу әдеті кең тарамған.		
4	Елімізде 4,5 миллионға жуық азаматтың темекі шегетіні анықталған.		
5	Жыл сайын республикада 400 адам нашақорлықтан қайтыс болады.		
6	Жастардың бұзақы, мәңгүрт болуына ішімдік пен нашақорлық себепші боп отыр.		
7	Субмәдениет өкілдерінің сыртқы бейнесі ғана емес, өздерін ұстауы, сөйлеуі де өзгеше болады.		

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқы. Субмәдениет өкілдерінің қалай ерекшеленетінін анықтап, жаз.

Субмәдениет өкіліне тән ерекшелік:

• ..., ..., ...

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Ішімдік пен нашақорлық қандай жаман әдеттерге итермелейді?

Өз ойыңды жаз.

Үлгі:

Менің ойымша, ішімдік бұзақылыққа, Ал нашақорлық

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, қазіргі жастар қандай?
2. Еліміздегі қандай түйткілді мәселелер толғандырады?
3. Темекі шегу, спирт өнімдерін ішу, нашақорлықтың кері әсері қандай?

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастырыңдар. Пікірталасқа өзек болатын түйткілді мәселелер:

Жастарды

- темекі шегуден,
- спирт өнімдерін ішуден,
- нашақорлықтан,
- түрлі субмәдениеттен қалай қорғауға болады?



ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Бүгін мен ойыма не түйдім?» деген сұраққа жауап бер.

Есте сақта!

Жастардың денсаулығына кері әсер ететін жаман әдеттер: темекі шегу, спирт өнімдерін ішу, нашақорлық. Мұндай әдеттер бүкіл қоғамға да үлкен қасірет әкеледі. Ішімдік пен нашақорлық жастардың бұзақы, мәңгірт болуына себепші боп отыр.

9-10-
сабақ

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» (романнан үзінді, 3-кітап)

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

әбігер

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Әбігер» сөзін қатыстырып, үлгі бойынша сөйлем құра.

- | | |
|--|----------|
| 1. Мен әбігер болдым. | 1.Ол ... |
| 2. Мен неге әбігер болдым? | 2. |
| 3. Мен сабаққа дайындалып әбігер болдым. | 3. |

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

1. Қалай ойлайсың, тыңдаған мәтін мен суреттердің қандай байланысы бар?
2. Мәтінде кімнің ауылы туралы айтылған?
3. Ауыл қалай әбігер болып жатыр?
4. Ауыл не себепті әбігер болып жатыр?



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Шылауларды анықтап, түрлерін ажырат.

ҚАУЫШУ

Абай аулында үлкен әбігер. Бұның себебі — Әбіш. Екі жылдан бері елге қайтпай, осы бүгін, енді ғана, «Туған аулына келеді!» — деп, ата-ана, аға-бауыр, ерекше тосып отырған Әбіш.

Оны тосушылар тек ауылда ғана емес. Ересек азаматтар, бозбалалар ауылдан алыста, таңертеңнен бері тосып жүр. Ол кеткендер: Көкбай, Ақылбай, Кәкітай, Дәрмен, Мұқа, Әлмағамбет сияқты жастар. Атына мінген Дәрмен асу жаққа көз салып:

— Әне, келіп қалды, Әбіштер! — деді.

Осы кезде асу жақтан қалың шоғыр көрінді. Ауыл адамдары дабырлап сәлем берісті. Қуаныштың айқай-шуын, шат күлкісін Әбіштің алдынан ала шықты.

— Ағатай!

— Әбіш аға!

— Айналайын, Әбіш аға!

Атынан түсіп, Кәкітай Әбішті қатты құшақтады.

Олар Абай аулына келді.

Қалың жиын Абай үйінің сыртында тосып тұр екен. Абай жиынның дәл ортасында тұр. Үстінде ұзын, ақ сарғыш жібек бешпеті бар. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет жарасып тұр. Самай, маңдай шаштары бурыл тартқан. Абай бұл күндегі үлкен, кесек жүзі ойлы, келбетті адамның жүзіндей ашыла түскен. Кең жазық маңдайында ажым аз. Жіңішке ұзын қастары әлі де қап-қара. Бетінде де ажым аз ғана.

Абай құшағын жайып, Әбішті баурына алды. Құлағынан, бетінен, көзінен сүйіп, ұзақ уақытқа шейін босатпады. Әке мен бала екеуінде осындай сағынышты құшақтан басқа сөз болған жоқ.

Әбіштің үстінде жез түйме таққан, юнкер формасындағы погондары бар ақ гимнастерка. Сұйықтау қызыл қоңыр шашы жылтырай таралған. Кең, биік маңдайы ашық көрінеді. Әбіштің бойы сұңғақ. Қыр мұрынды. Қызғылт жүзді, сәнді киінген жас жігіт өзгеше сұлу көрінеді.

Ауыл адамдары:

— Жаным, есен келдің бе?

— Сәулем, ұзағынан сүйіндірсін!

— Көп сағындырдың ғой, қуатым!

— Айналайын, күнім!

— Сапарың құтты болсын, қарағым!

— Қош келдің, Әбішжан! — деп жүректен шыққан ыстық сөздерін айтып жатыр.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен Әбішті күтіп алған бөлікті тауып, оқы. Кімдер қашаннан бері күтіп жүргенін айт.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, Әбіш қайдан келді?
2. Оны неге сонша көп адам күтіп алды?
3. Күтіп алған адамдар қалай амандасты?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Абай мен Әбіштің бейнесін суреттеген бөліктерді тауып оқып, ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін жаз.

Абай	Ұқсастығы	Өзіндік ерекшелігі
Әбіш	1.	1.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге жоспар құр, әр бөлімнің тірек сөзін анықта.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Ғылымның жаманы жоқ

Абай Әбіштен оқу жайын сұрады.

Петербургтегі Михайлов атындағы артиллерия училищесі — Әбіштің айтуынша, оның таңдап түскен мектебі емес. Ол әзілдеп:

«Баламды медресеге «біл» деп бердім,

«Қызмет қылсын, шен алсын!» — деп бермедім», дегеніңіз есімде, аға! Ниетім — өзіңіз білесіз, политехникалық институт еді. Мына школымның аз уақыты қалды. Осыны аяқтап алып, өзге оқуды ескермекпін, — деген. Абай:

— Ғылымның жаманы жоқ. Біздей сусағанға қай ғылым болса да, алтын асыл қазынадай. Азаматтық құралыңды мығым етіп берерлік оқу, тәрбие болса, ата-ана одан өзге қолқа салмайды, қарағым! Халыққа басшы болар талап соңына түссең, офицер боп

11-12- сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топ «Бүгінгі жастарға сенуге бола ма?» деген тақырыпта тұсаукесер дайындасын. Мәселе бойынша жауаптарын дайындап, қорғасын.

Үлгі: Бүгінгі жастарға сенуге болады. Біріншіден, бүгінгі жастар ақылды. Екіншіден, ...

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап, «Жастар арасындағы мәселелер» деген тақырыпта 8-10 сөйлемнен тұратын монолог құрастырып, айт.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойыңды айт.

1. Қандай ғылым саласымен айналысқың келеді?
2. Қалай ойлайсың, Қазақстанда қандай ғылымды дамыту керек?
3. Қалай ойлайсың, ғалым болу қаншалықты оңай не қиын?

«Жаһандық миграция»
деген не?

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпаратты) қысқаша түртіп жазу (конспектiлеу), ақпаратты жүйелеу;
- оқу-кәсiби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтiндердегi сөздер мен термин сөздердiң мағынасын түсiну;
- кәсiби бағыттағы түпнұсқа мәтiндерден қажет ақпаратты (дерек, сипаттама, сандық көрсеткiш, сiлтемелердi) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау;
- әртүрлi графiктiк мәтiндердегi (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгi) мәлiметтердi салыстырып талдау, негiзгi үрдістердi анықтау;
- әдеби шығармада көтерiлген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға берiп, әлем әдебиетi үлгiлерiмен салыстыру;
- мәтiннен нақты ақпаратты, фактi мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерiн, автор позициясын айқындау;
- ғылыми және публицистикалық стильдегi мәтiндерден басты лексикалық бiрлiктердi нақтылап, мәтiннiң ақпараттық-маңызды фрагменттерiн анықтау, (компрессия) жинақы мәтiн құрастыру;
- мәнмәтiн бойынша тiлдiк бiрлiктердi орфографиялық нормаға сай жазу, мәтiн деңгейiнде тыныс белгiлердi қолдана бiлу;
- мәтiн құрауда шылаудың мағыналық түрлерiн стильдiк қызметiне сай орынды қолдану **дағдыларыңды жетiлдiресiң.**

Жаңа сөздер:


көші-қон, әділеттілік, белең,
біржолата, жемқор, теңқұқылы,
жырақ, қоныс

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.


1. Жаһандану деген не?
2. Суреттің қайсысынан жаһанданудың пайдасын көруге болады?
3. Қай суретте жаһандану үдерісінің зиян жақтары байқалады?
4. Босқындар жөнінде не білесің? Ол қай суретте бейнеленген?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Төменде берілген диаграммаға қара. Оны қазақ тіліне аудар. Статистикалық мәліметтерді қолданып, әлемдік миграцияның көрінісі туралы ой бөлісіңдер. Оның ішінде Қазақстанға, ТМД елдеріне байланысты деректерге назар аударыңдар.

Fifteen largest populations of international migrants from a single country or area of origin living in a single country or area of destination, 2000 and 2017 (in millions)



Source: United Nations (2017a)

Note: "China, Hong Kong SAR" stands for China, Hong Kong Special Administrative Region

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша конспект жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтінде айтылған төмендегідей терминдер мен ұғымдардың мағынасын қысқаша жаз.

Терминдер:	Мағынасы:
демография	
көші-қон	
миграция	
халықаралық миграция	
сыртқы миграция	
виза	

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратқа сүйеніп, «Миграция — әлеуметтік мәселе» тақырыбында монолог құрап айт. Онда көпшілік алдындағы сөйлеу әдебін сақта. Шылауларды қолдан.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді көшіріп жаз. Көп нүктенің орнына қажет шылауларды қой.

Миграциялық қозғалыстар, яғни көші-қон бір елдің ішінде ..., сонымен ... мемлекеттердің арасында ... болады. Сондықтан тұрғын халық миграциясының екі типі бар: халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) ішкі (мемлекетішілік) миграция. Миграцияның қай түрі болса ..., жемқорлыққа жол берілмеуі керек. Тұрған жерінен жырақ шыққанмен, адамдардың құқы сақталып, қоныс аударушылар ... әділеттілік, теңқұқылы қатынас сақталуы тиіс. Өкініштісі — кей жағдайда әділетсіздік белең алып жатады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Шылаулардың түрлерін ажыратып, топтап жаз.

Демография — халық санын, өсімін, құрамын анықтайтын ғылым. Демографтар негізгі үш мәселеге көңіл бөледі: туу, өлім, миграция. Алғашқы «миграция» туралы ғылыми ұғымды ағылшын ғалымы Е. Равенштейн 1885-89 жылдары енгізді. Ол миграция немесе көші-қон белгісін «адамның мекенжайының тұрақты немесе уақытша өзгеруі» деп өте қарапайым түрде түсіндіреді.

Миграция — бүкіл жаһанды қамтып отырған үздіксіз үдеріс. Қазіргі кезде дүниежүзіндегі халық саны 7 миллиардтан асты. Адам саны көбейген сайын миллиондаған халық кедейленіп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, білім беру қиынға соға бастады. Қоршаған орта ластанып, табиғи ресурс сарқыла түсуде. Осы мәселелердің салдарынан миграция пайда болды: адамдар бір географиялық орыннан екінші бір қонысқа ауысуда. Тұрғындардың жайлы қоныс табу мақсатындағы ел ішіндегі көші «ішкі миграция», мекенжайын мемлекеттер ауқымында ауыстыруы «иммиграция» деп аталады.

Миграция бірнеше әлеуметтік мәселені туындатады. Бұл — жаңадан қоныстанушыларға қатысты әділеттілікке жатпайтын мәселелердің көрінісі. Айталық, АҚШ сияқты кейбір мемлекеттер иммигранттарға азаматтық алу құқын береді. Ал енді бір елдер иммигранттардың өзін былай қойғанда, олардың балалары мен немерелеріне де азаматтық бермейді. Мәселен, түрік эмигранттарының балалары қанша жерден Германияда туып-өсіп, оқып-тәрбиеленсе де, ешқашан ол елдің азаматтығын ала алмайды.

Демографтардың айтуынша, соңғы жиырма жылдағы экономикалық және саяси толқулар мен жаһандану туындатқан мүмкіндіктер халықаралық миграцияны арттырды. Жаһандық миграцияға соғыс пен ашаршылық факторлары әсер етеді. Дегенмен, кейбір

мигранттар Оңтүстік Корея, Малайзия секілді жаңа индустриялы елдерге экономикалық даму мен жұмысқа орналасу мүмкіндігін де іздеп барады.

Ал мигранттардың үйіне жіберген табысы анағұрлым артта қалған елдердің өмір сүру деңгейін жақсартты ма, жоқ па? Бұл сұрақ әлі де айқындалмады.

Миграцияның түрлері қысқа мерзімдік, ұзақ мерзімдік, қайта оралмайтын миграция, жүйелі түрде жүзеге асатын көші-қон, үздіксіз жүретін көші-қон, өз еркімен жүзеге асатын көші-қон, күштеу арқылы жүзеге асатын, қалаға, ауылға, сауда-саттық, экономикалық, еңбек мақсаттарымен біржолата жүзеге асатын көші-қон болып бөлінеді.

«Әлеуметтану» кітабынан

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықта. Тағы қандай сөздермен тіркесетінін жаз.

№	Мәтіндегі жаңа сөз	Мәтіндегі сөзбен тіркесі	Басқа сөзбен тіркесі
1	қоныс	қоныс аудару	қоныстой
2	әділеттілік		

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, жоспар желісі бойынша түсінгеніңді баянда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Топтық жұмыс. Екі топқа бірігіңдер. Мәтін мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір жазып, соның негізінде пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын. Соңында екіжақты келісім жасалсын. Ол «Мүмкін» деген бөлікке жазылсын.

1-пікір: «Иә»	Мүмкін	2-пікір: «Жоқ»

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жаһандық миграция туралы қысқаша ақпарат жаз. Онда мәтіннің ішінен өзің қалаған екі сөйлемді дәйексөз ретінде қолдан. Еңбекке сілтеме беріп, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсет. Мәтінде шылауларды қолдан. Тиісті тыныс белгілерін қой.

Назар аудар!

1) Еңбекке сілтеме тік жақша арқылы беріледі.

2) Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу жолдары: алдымен еңбектің авторының аты-жөні (тегі толық, ал атының басқы әрпі жазылады), еңбектің аты, шыққан орны (қаласы мен баспаның атауы); шыққан жылы; бет саны жазылады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөйлемдердің негізінде пікір алмасу өткізіңдер. Пікір алмасудың тақырыбы мен жоспарын өз қалауларың бойынша анықтаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді қолданып, сабақ тақырыбы бойынша мигранттарға көмек беру жөнінде 3 пункттен тұратын ереже жаз. Ресми стиль нормаларын сақта. Тыныс белгілерін дұрыс қой. Шылау түрлерін ретіне қарай қолдан.

Қажет сөздер: *халықаралық миграция, ішкі миграция, көші-қон, әділеттілік, белең, біржолата, жемқор, теңқұқылы, жырақ, қоныс.*

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

Не білдім?	Нені білгім келеді?

Есте сақта!

Миграциялық қозғалыстар, яғни көші-қон бір елдің ішінде де мемлекеттер арасында да болады. Сондықтан тұрғын халық миграциясының екі типі бар: халықаралық (мемлекетаралық, сыртқы) және ішкі (мемлекетішілік) миграция. Миграцияның қай түрі болса да, жемқорлыққа жол берілмеуі керек. Тұрған жерінен жырақ шыққанмен, адамдардың құқы сақталып, қоныс аударушылар үшін әділеттілік, теңқұқылы қатынас сақталуы тиіс. Өкініштісі — кей жағдайда әділетсіздік белең алып жатады.

3-4
сабақ

Иммиграция – үздіксіз процесс

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Миграцияны тудыратын факторларды айтып, себебін түсіндір. Сөзіңде зерттеушілердің пікірін дәйексөз ретінде қолдан. Түпнұсқа мәтіндерден қажет ақпаратты (дерек, сипаттама, сандық көрсеткіш, сілтемелерді) анықтап, қолданылу мақсатын талда.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында әлемнің атақты ғалымдары жазған оқулықтардың қазақ тіліне аударылып жатқанынан хабардар боларсың. Сондай кітаптың бірі — Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың авторлықтарымен шыққан «Әлеуметтану негіздері» атты еңбегі. Осы еңбектің ішінен алынған төмендегі ақпаратты оқы. Түсінгеніңді айт.

Миграция дүниежүзінде халық санының өсуіне себепші бола алмағанымен, жекелеген мемлекеттердің демографиясына қатты ықпал етеді. АҚШ — **иммиграция** зор әсер еткен елдердің бірі.

АҚШ азаматтарының көбі — экономикалық жағдайын жақсарту үшін келген **эмигранттар**. Мәселен, жақында қоныс аударған мексикалық **мигранттарды** айтуға болады. Ирак, Босния және Судан сияқты елдерден келген иммигранттар **босқындар** болып саналады. Олар — соғыстың немесе экономикалық құлдыраудың кесірінен үйлерін тастап кетуге мәжбүр болғандар. Ішкі және сыртқы миграция АҚШ-та біраз мәселе туындатып, мемлекеттің саяси бедерін өзгертті.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, жоғарыдағы мәтінде қою қаріппен берілген терминдердің мағынасын таратып жаз.

Жаңа сөздер:

шенеунік, сатқындық, сылтау, талан-тараж, тәлкек, тәрк ет, жалында

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Төменде берілген жаңа сөздердің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып сөз тіркестерін жаз. Бұл сөздердің сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Болжамыңды айт.

Жаңа сөздер: шенеунік, сатқындық, сылтау, талан-тараж, тәлкек, тәрк ет, жалында.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Иммиграция — адамдардың басқа мемлекетке көшуі. Мұндай құбылыс әлемнің ең дамыған мемлекеттерінде анық байқалады. Мәселен, Америка Құрама Штаттары әрдайым иммигранттар елі саналады. Әсіресе бұл елде иммиграция 2008 жылға дейін тұрақты өсіп отырды. Кейінгі жылдарда АҚШ-қа шамамен 1 миллион иммигрант кірді. Соңғы иммигранттардың басым бөлігі — Латын Америкасынан немесе Азиядан келгендер. Иммигранттардың көбі, мәселен, Мексикадан келетіндердің жартысы — шегарадан заңсыз өтетіндер.

АҚШ иммигранттары екі топқа бөлінеді. Біріншісі — жоғары кәсіби дайындығы бар, білімді, ағылшын тілін білетін, заңды жолмен баратын білікті мамандар. Мысалы, ТМД елдерінен, Үндістаннан баратын дәрігерлер, экономистер, банк саласы, ақпараттық технология саласының мамандары. Екіншісі — білімі жоқ, ағылшын тілінде сөйлей алмайтын, көбінесе шегарадан заңсыз өтетіндер. Бұлар — қара жұмыспен айналысатын, аз жалақыны қанағат ететін иммигранттар. Бұл жұмысшылардың басым бөлігі Латын Америкасынан барады. Екі топтың тағдыры, АҚШ-қа ықпалы екі түрлі.

Көптеген иммигрант өз еліндегі экономиканың жұтаңдығынан барады. Бір жағынан, АҚШ-та біліктілігі төмен, болмашы жалақыға жалданатын жұмыс күшіне сұраныс бар. Бұрындары иммигранттар қосымша табыс табу мақсатында АҚШ-қа қажеттіліктеріне қарай уақытша ғана келетін болса, соңғы жылдары иммигранттардың көбі тұрақтап қалуға тырысады. Оның бірнеше себебі бар:

- 1) шегарадан өтуге тыйым салынған соң ол елге бірнеше мәрте кіріп-шығу қауіпті болды;
- 2) өз елдерімен салыстырғанда, ол жақтың жалақысына қанағаттанатындықтан, мамандар біржолата қалуды жөн санайды;
- 3) АҚШ-та азаматтық алудың қолайлылығы да иммигранттардың тұрақтауына оң ықпал етеді;
- 4) елдегі шенеуніктердің кесірінен заң бұзу, жемқорлық, сатқындық, болмашы нәрсені сылтау ету мәселесінің жоқтығы да иммигранттардың АҚШ-та қалуына себеп болады;

5) жұмыс іздеп келгендерді талан-таражға салу, тәлкек ету, олардың құқын бұзу, үмітін тәрк ету болмағандықтан, бұл мемлекетте әлеуметтік тұрғыдан күрделі мәселе туындамайды. Сондықтан дамушы елдердің жалындап тұрған жастары да жұмыс істеу үшін баруға тырысады. Бірақ біржолата қалып қою көбінде өз елінің мүддесінен гөрі жеке басының мүддесін жоғары қоятындар үшін дұрыс шешім саналады. Ал білім алуға, білік-тілігін арттыруға баратындардың жөні басқа.

«Әлеуметтану негіздері» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннің құрылымы бойынша кесте түрінде күрделі жоспар құрып жаз. Әр бөлікке негізгі тірек сөздерді орналастыр.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі тілдік құралдарға сүйеніп, стилі мен жанрын ажырат. Пікіріңді дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі өзің қалаған бір сөйлемдегі тыныс белгілердің түрін анықтап, қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша 3-4 сұрақ жазып, өзара диалог құрыңдар. Онда фразеологизмдерді қолданыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқы. Автор ойымен келісесің бе? Пікіріңді дәлелде.

Сіз даму жағынан артта қалған елге саяхаттап көрдіңіз бе? Ондай елге барған болсаңыз, бір не бірнеше күн инфекциямен ауыруыңыз мүмкін. Кейбір жағдайда денсаулығыңыз мазаламауы да мүмкін. Бірақ ондай елдерде безгек, тырысқақ, дизенте-

рия сияқты аурулардан жыл сайын миллиондаған адам көз жұмады. Дамыған елдердің саяхатшылары бұл ауруларға қалай қарсы тұруы мүмкін? Оларға вакцина, антибиотик, су мен сабын көмектеседі. Алайда дамыған елден келген туристердің денсаулығы да мықты болады. Олар жақсы тамақтанады, жақсы қорғалған, жақсы киінеді. Сол себепті ағзалары қауіпті микробтарға төтеп беріп, инфекциямен күресе алады.

Д. Бринкерхоф

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Дереккөздерді пайдаланып, Қазақстаннан өзге елдерге кеткен иммигранттар туралы материал жинаңдар. Оны слайд арқылы көрсетіп, тұсаукесер жасаңдар.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Жастар және иммиграция мәселелері» тақырыбында ойкөкпар өткізіңдер. Ойкөкпардың талаптары мен шарттарын сақтаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Иммиграция» тақырыбында өтілген материалдарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр ақпаратты не тапсырманы белгіле. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

Есте сақта!

Елдегі шенеуніктердің кесірінен заң бұзу, жемқорлық, сатқындық, болмашы нәрсені сылтау ету мәселесінің жоқтығы да иммигранттардың АҚШ-та қалуына себеп болады. Жұмыс іздеп келгендерді талан-таражға салу, тәлкек ету, олардың құқын бұзу, үмітін тәрк ету болмағандықтан, бұл мемлекетте күрделі мәселе туындамайды. Сондықтан дамушы елдердің жалындап тұрған жастары да жұмыс істеу үшін баруға тырысады. Бірақ біржолата қалып қою көбінде өз елінің мүддесінен гөрі жеке басының мүддесін жоғары қоятындар үшін дұрыс шешім саналады. Ал білім алуға, біліктілігін арттыруға баратындардың жөні басқа.

5-6-
сабақ

Көші-қон тарихы

Жаңа сөздер:

ас, келімсек, атажұрт, қатынас, мәжбүрлі, ушық, жаппай, теже

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Бұл көріністер Қазақстан тарихының қай кезеңдеріне сәйкес келеді? Олардың елдегі көші-қон мәселесіне қандай қатысы бар? Бүгінгі сабақта қандай мәселелер сөз болады? Өз болжамыңды айт.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі сөздердің орыс тіліндегі баламасын жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құрап айт.

Ас, келімсек, атажұрт, қатынас, мәжбүрлі, ушық, жаппай, теже, көші-қон, талантараж, тәрк ету.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сабақ тақырыбына өзек болып тұрған «көші-қон» ұғымының мәнін анықта. Пікіріңді шағын мәтін түрінде жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Ақынның «Оралман» өлеңінен алынған үзіндіні оқы. Өлең мазмұнының сабақ тақырыбымен байланысы бар ма? Ойыңды дәлелде. Өлең мәтініндегі тыныс белгілердің қойылу себебін анықта, айт.

Түбірім терең, тұғырым — емен,
Тірімін әлі, Тұраным, оңда!
Ғұмырым — қыран, тұнығым — өлең,
Құбылам — қағба, «Құраным» қолда.

Сері де менмін, шері де менмін,
Төбең де менмін, төрең де менмін,
Қызылдың қырғын үркіні келген,
Бел асып кеткен бөрі де менмін!

Қазығым елде, азығым көпте,
Ажырап қалған солардан қолым.
Тамыры жерде, Тәңірі көкте,
Ғұмыры бұраң оралман болдым!

Қайсар Қауымбек

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫ

Тарихқа көз салсақ, кең-байтақ қазақ жерінде миграция үрдісі үздіксіз жүріп отырды. Бұл, әсіресе, орыс патшалығының отарлау саясатымен байланысты, XVIII ғасырдың орта шенінде ерекше қарқын алды. Ресейдің крепостной шаруалары қазақ жеріне көшірілді.

1917-1926 жылдарда бұрынғы патша өкіметінің отарлауымен тұтасқан көші-қон саясаты жаңа кеңестік түрге ауысты. Бұл кезеңде патша өкіметі кезіндегідей көші-қоншылардың лек-легімен келуі өндірістендіру басталғанға дейін тоқтатылды. Бұл кезеңдегі көші-қон қозғалысын белсендірілуіне саяси фактор ерекше әсер етті. Экономикалық және әлеуметтік факторлар саяси факторлардың ықпалы мен нәтижесіне байланысты тұрмыстық факторларды да туғызды. Осы кезеңнің ішінде — 1917-1918 ж., 1921-1922 ж. ашаршылықтар орын алды. Сыртқы көші-қондағы ірі ерекшелік: тұрғылықты халық — қазақтардың көші-қоны Қазақстаннан сыртқа қарай бағытталса, өзге ұлт өкілдерінің, әсіресе, еуропалық ұлт өкілдерінің, керісінше, Қазақстанға қарай көшіп-қонуы жалғасты. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанға өз бетінше көші-қонға тыйым салынды. Соған қарамастан, орыс, украиндардың және т.б. қазақ жеріне көші-қоны тоқтаған жоқ.

1926-1939 жылдар — кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанға көші-қонның қайтадан жанданып, Қазан төңкерісінен кейінгі көші-қонның қайта өрлеген кезеңі. Ұжымдастыру мен өндірістендіруге байланысты Ресейден көші-қоншылар патша кезеңіндегідей ағылып келіп жатты. Өндірістендіруге байланысты Түркісібке, Қарсақпайға, Қарағандыға және т.б. жерлерге Ресейден иммигранттар әкелінді.

1939-1945 жылдары Қазақстандағы көші-қонға әсер еткен негізгі фактор — екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі — Ұлы Отан соғысы. Осы кезеңдегі ірі көші-қондық қозғалыс адамзат тарихында болмаған кең көлемде жүргізілді. КСРО-ның жау басып алу қаупі бар аудандардан адамдар мен өндіріс орындарын эвакуациялау — осы кезеңдегі тағы бір ірі көші-қон қозғалысының көрінісі.

1946-1959 жылдары жаңа қалалар мен қала типтес поселкелердің құрылуы, ауылшаруашылықтағы реформалар, тың және тыңайған жерлерді игеру және т.б. негізіндегі көші-қон өрістеді. Бұл кезеңдегі көші-қонның басым бағыттары Қазақстанға қарай басқа республикалар мен шетелдерден келгендер есебінен бағытталған сыртқы көші-қон болды.

1970-1991 жылдардағы көші-қонның ерекшелігі — Қазақстанға өзге республикалардан келушілер саны азайды.

1991 жылдан бергі тәуелсіздік жылдарын қамтитын кезеңдегі көші-қон үдерістерінің өзіндік ерекшеліктері бар. КСРО-ның ыдырауы ғасырлар бойы Қазақстанға бағытталған көші-қонның нәтижесінде жиналған көші-қон әлеуетін елден сыртқа қарай бағыттады. Тәуелсіздік жылдары кеңестік кезеңде Қазақстанға келген көші-қоншылардың негізгі бөлігі өздерінің тарихи отандарына қайта бастады. Сонымен қатар әртүрлі саяси қуғындау салдарынан әр жылдарда елден кеткен отандастарымыз елге оралды. Осы кездегі көші-қон жағдайына орай республикадағы қазақтардың үлесі 1989 жылы 39,7%-дан 2009 жылы 63,1%-ға өсті.

А. Құдайбергенова

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарды жалғастырып жаз.


1. Қазақстан жеріне басқа ұлттардың қоныстануы қашан басталды?
2. Адамзат тарихындағы ең ірі миграция Қазақстанда қай жылдары болды? ...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сызбаны толықтырып жаз.

Түсіндір.

Қазақстандағы көші-қон мәселесіне ықпал еткен факторлар



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша алған мәліметтер мен ақпаратты кесте түрінде жазыңдар. Онда уақыт, әлеуметтік факторлар, ұлт құрамы, мигранттар саны және т.б. мәліметтер қамтылсын.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Аквариум» тәсілі. Жағдаяттық тапсырма. Шетелдік досың сенен қазақ жеріндегі көші-қон тарихы туралы сұрады. Сен осы мәселе туралы айтып бер. Сынып ең үздік сұхбат иелерін анықтасын.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Ақпарат көздерінен қазақ жеріндегі көші-қон тарихының өздерің таңдаған бір кезеңі бойынша материал іздеңдер. Тапқан ақпараттарың бойынша «Қазақстандағы көші-қон кезеңі» тақырыбында тұсаукесер жасаңдар. Тұсаукесерде статистикалық мәліметтерді, дәйексөздерді қолданыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

Не білдім?	Нені білгім келеді?

7-8- сабақ

Қабдеш Жұмаділов – қаламгер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Қазіргі кезде кітап оқитын адамдар саны күрт төмендеп кетті. Қалай ойлайсың, мұның себебі неде? Өзіңнің көркем шығармаға қоятын талабыңды жазып, диаграмманы толтыр.



ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма.
Мәтінді тыңда.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде кім туралы айтылған?
2. Кейіпкердің мамандығы қандай?
3. Мәтінде қандай сан есімдер қолданылған?
4. Мәтінде қандай күрделі сөздер кездеседі?
5. Тыңдалған мәтін қай стильге жатады?

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша жазушының атынан шағын өмірбаян мәтінін жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы.

Жазушы Қабдеш Жұмаділовтің әдеби қызметі Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде басталған. 1954 жылы «Шыңжаң газетінде» алғашқы өлеңдері жарық көрді. «Жамал» атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы «Шұғыла» журналында басылды. Жастық шақта жазылған өлеңдері 1967 жылы «Жас дәурен» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Осыдан кейін жазушы бірыңғай проза жазуға ойысқан. «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, «Көкейкесті» романы 1969 жылы жарық көрді. Содан бері жазушы қаламынан көптеген әңгіме, хикаяттар, он шақты роман туды. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы көш» (1974–1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) романдарында Шыңжаң қазақтарының өмірі туралы жазылған. «Соңғы көш» дилогиясына 1983 жылы М. Әуезов атындағы әдеби сыйлық, «Тағдыр» романына 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Қос томды «Дарабоз» (1996) романы тарихи тақырыпқа, «Саржайлау», «Сәйгүліктер», «Бір қаланың тұрғындары», «Бір түп тораңғы» атты шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналса, «Қылкөпір» романы (2003) мен соңғы жылдары жазылған бір топ әңгімелерінде тәуелсіздіктен кейінгі өтпелі дәуірдің шындығы көрініс тапқан. Жазушы «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романында (1999) өзі өмір сүрген орта мен замандастары жайында сыр шертеді.

«Көкейкесті», «Соңғы көш», «Атамекен», «Дарабоз» романдары мен хикаяттар топтамасы орыс тіліне аударылып басылған. Жекелеген әңгіме, хикаяттары қырғыз, өзбек, ұйғыр, украин, беларус, грузин тілдерінде, «Соңғы көш» романы түрік тілінде жарық көрді. Бүгінге дейін отызға тарта кітабы шықты. Негізгі еңбектері 2003–2004 жылдары «Қазығұрт» баспасынан шыққан «Он екі томдық» шығармалар жинағына топтастырылған. «Мәңгілік майдан» (2008) кітабы жарық көрген.

Қ. Жұмаділов медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1998 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» деген атақ берілді. Ол кісі — «Парасат» орденінің иегері. Жазушы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай, Үржар және Аягөз аудандарының Құрметті азаматы.

alashainasy.kz сайтынан

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі күрделі сөздерді тап. Орыс тіліндегі баламасын жаз.

<i>Күрделі сөздер</i>	<i>Орыс тіліндегі баламасы</i>

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, жазушының атақтары мен марапаттарын көрсететін көрнекі диаграмма жаса.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша Қ. Жұмаділовтің түйіндемесін жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Сұхбат» рөлдік ойыны. Мәтін мазмұны бойынша бірің тележурналист, екіншің жазушының рөлінде шағын диалог құрыңдар. Диалогте жазушының өмірбаянына қатысты сұрақтар мен қазіргі жастардың кітап оқуға қызығушылығы да сөз болсын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен публицистикалық стильге тән сөз орамдарын тауып жаз. Сан есімнің мағыналық түрлерін ата.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқы. Оны өмірбаяндық мәтінмен салыстыр. Қайсысы қандай стильде жазылған? Айырмашылығы неден көрінеді?

Қабдеш Жұмаділов — біздің буында өмірбаяны аса бай жазушы. Енді, міне, өмірден көрген, бастан кешкен сол ұлан-ғайыр мол материал жазушының сарқылмас шығармашылық азығына айналып отыр. Бір елде туып-өсіп, есейген шағында екінші бір елге келіп, сол ел туралы көркем шығарма жазу — екінің бірінің қолынан келер жеңіл нәрсе емес. Бірақ Қабдеш бұл сыннан сүрінбей өтті. Оған бұл жолы да өзінің табиғи талантымен қоса, өмір тәжірибесі көмектескені анық. Оның басқаларымыздан бір артықшылығы — өзі көрген екі түрлі өмірді, екі түрлі қоғамдық формацияны салыстыра зерттеуге мүмкіндігі бар. Осы қасиеті Қабдешті жазушы ретінде тез есейтті. Біздің көзіміз үйреніп, етіміз өліп кеткен көп мәселеге ол тың көзбен, сұңғыла реалистің көзімен қарай білді.

Ә. Тарази

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жағдаят: сенің мектебіңде жазушы Қабдеш Жұмаділовпен кездесу өтеді. Кездесу болатыны туралы хабарландыру жаз. Онда жазушы туралы алған мәліметтерді жинақтап қолдан.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.


9-10- сабақ

«Қаздар қайтып барады» повесі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Жазушының суретіне қарап, сипаттамалық мәтін жаз. Мәтінде сын есім, үстеу, тұрақты тіркестерді қолдан.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Көркем шығарма бойынша берілген логикалық сұрақтарға жауап бер. Болжам жаса.

1. Қабдеш Жұмаділов шығармасының атына мән бер. Шығармада не туралы айтылуы мүмкін?

2. Шығарма кейіпкері: «Шіркін, жалған-ай, дәл қазір қасымда томпаңдап Төлеутайым еріп келе жатса, арманым болмас еді-ау. Қайран құлыным, сенен қалай ғана айырылдым екен? ...Тірі болсам, туған жерді бір көрсетем!» — деуші едім. Ол күнге Құдай жеткізбеді ғой. Қайтейін!..» — деп қамығады. Шығарманың басты кейіпкері кім болуы мүмкін?

3. Қазақ дәстүрінде елден жырақ кеткенде жасалатын бір ырым бар. Оны туған жеріне қайта келуді тілеген адам жасайды. Шығарма кейіпкері де сол дәстүрді ұстанады. Ол қандай ырым?

4. Кейіпкер тау ішінде үлкен, сұр арлан қасқырға кезігеді. Қолында пышақтан басқа қаруы жоқ кейіпкер қасқырды өлтіріп, аман құтылады. Қалай өлтіруі мүмкін?

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қара. Қалай ойлайсың, әңгіме желісінде осылардың қайсысына қатысты оқиға болуы мүмкін? Пікіріңді дәлелдеп айт.





МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жигсо» — «Бөлшекте, жинақта!» тәсілі бойынша орындаңдар. Үш топқа бірігіңдер. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3 деп белгіленеді. 1-кезеңде әр топ мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдап, мазмұн жүйесі бойынша ой бөлісіңдер. 3-кезеңде топ мүшелері мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздерің қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларыңды жинақтаңдар. 4-кезеңде әр топ өз бөлігі бойынша оқиғаны баяндайды.

І. Өзінің бұл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті. Тағдыр бұл жолы да оның алдын кес-кестеп, аяқтан шалды. «Қапыда қалдым ғой... Қайтейін, қайтейін?! — деп күбірлей берді. — Төлеутайымды қалай ғана сақтай алмадым екен? Неге ертерек қамданбадым? Өрттен қалған қу томардай сорайып жалғыз қалған түрім мынау. Мен өлсем, Тұяқбайдан тұқым жоқ. Орны өшеді... Қайтейін!..»

Қарттың иегі кемсеңдеп, бет-әлпеті бұзылып кетті. Тынысы тарылғандай, тамағының түймесін ағытты. Сонан соң оқ тиген аңдай ыңыранып, етпетінен аунап түсті де өзегі өртеніп бара жатқандай жанталасып, қолына ілінген шөпті жұла берді...

«Төлеутай» деп отырғаны — қарттың жалғыз немересі. Осыдан он шақты жыл бұрын мұқым елді жайлаған қалың сүзекте ұлы мен қызы, кемпірі мен келіні қабатынан қайтыс болғанда қу бұтаққа ілінген жалғыз жапырақтай осы Төлеутайы қалып еді қасында.

Қытай жеріне келгелі, қарттың кәсібі аңшылық болатын. Көнелеу мылтығы бар еді. Мынау Тарбағатайдың күнгеі жағын ол атымен талай рет шарлаған. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары өзінен асып, көрші жарлы-жақыбайларға да

қайырымы тиіп жүрді. ...Төлеутайы жетіге толып, мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді. Екі арқардың етін қазанға бір-ақ салып, маңайын шақырып, той жасады. Иленген тауешкінің терісінен немересіне әп-әдемі сумка жасап берді. Қашан үйреніскенше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді. Немересінің тілі қандай қызық! Зерек, әр нәрсені білуге құмар-ды. Қарттың есіне мына бір оқиға түсті.

Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Бір кезде су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі бәрінің алдында жүр.

— Ата, мына қазды атайықшы, — деді Төлеутай қуанып. — Атшы анау алдында жүрген үлкенін.

— Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, — деді қарт басын шайқап. — Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

— «Алысқа», — дейсің бе? Қайда барады сонда? — деді Төлеутай таңырқап.

— Туған жеріне кетіп барады...

— Туған жері қайда?

— Алыста, сонау таудың ар жағында, — деп қарт қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір естиярлықпен ойланып қалған. Ақылы көп, зерек еді-ау айналайын.

Әлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да кешікпей аспанға көтерілді. Айналып ұшып, шарықтап көп жүрді.

— Әбден шарықтап, ана таудың деңгейіне көтеріліп алмақ, — деді қарт немересіне түсіндіріп, — аспандап алғасын терістікке қарай бір-ақ заулайды. Зайсан көлге, Қара Ертіске жеткенше қалай тоқтасын-ау, байғұстар!

Шал күрсінді.

Айтқанындай-ақ, қайтқан қаздар бұлардың төбесінен тағы бір айналды да солтүстік қайдасың деп тартып берді. Қарт немересімен екеуі қаздар тобы көзден ғайып болып, аспан тұңғиығына сіңіп кеткенше кірпік қақпай қарап тұрып еді...

Ұйқы да қысып барады. Қарттың соңғы тәуліктерде ұйқысы шала болатын. Аңғал-саңғал, үңірейген иен таудың арасында әлденеге елегізіп ұйықтай алмаған. Көзі ілініп бара жатып, әлсін-әлі шошып ояна берген. Өйткені кешегі түні мүлде ауыр айқаспен өтті. Түс кезінде бұған бір көкжал қасқыр кезігіп, соңынан қалмай қойды. Біресе алдына, біресе артына шығып, торуылдады да жүрді. Қарт бірнеше рет таяғын сермеп, айқайлап, тап-тап беріп көріп еді, онысынан көкжал сескене қоймады...

«Бір абұйыры, жалғыз екен, — деді шал іштей бір есеппен. — Бұған тағы біреуі қосылып, екі жақтамаса болғаны. Біреуіне алдыра қоймаспын», — деп қалтасынан үлкен қара кездігін алып, қолына оңтайлап ұстап жүрді. «Бұл сұмырай менің түнде жатар

жерімді аңдып келеді-ау, — деді қарт тағы да. — Сондықтан айдалаға қона кетпей, бір мықты бекініс тауып, сонда түнегенім жөн шығар... Апырай, — деді қарт бармағын шайнап, — осындайда мылтығым болар ма еді!».

Күн батып, қас қарайып барады. Артына қарап еді, көкжал тіпті жақындап қалған екен. Қарт сасқалақтап, оң жағындағы биік тасқа қарай өрмеледі. Сол тастың бір қуысына паналады. Өзі шыққан жалғыз өзектен басқа аяқ ілінер жер жоқ. Енді сол бір ғана өзекті аңдып отырса болғаны.

Шал маңайда жатқан бірнеше үлкен тасты қасына әкеп алды. Сонан соң қас дұшпанын күтті де отырды. Қарсыдағы шоқпар тастың үстіне келіп, көкжал да жатып алды. Қараңғыда өзіне жақын жерде қып-қызыл боп жанып тұрған екі ноқатты шал анық көрді.

Осы бетінде қанша отырғаны белгісіз, бір заматта қалғып кетіпті. Бір кезде дәл аяқ жағынан шыққан тысырдан шошып оянды. Жалма-жан көзін ашып алып, төменге қарап еді, жаңағы екі от едәуір жақындап қапты. Қасқыр дыбысын білдірмей, жербауырлап, жылжып келе жатыр екен.

Ол жан дәрмен орнынан атып тұрды да қасында жатқан келідей тасты төмен қарай домалатып жіберді. Сол-ақ екен, «қаңқ» еткен бір дыбыс шықты да қасқыр салдыр-гүлдір домалаған таспен бірге құзға құлдырап, жоқ болды. Қарт қуаныштан жылап жіберді...

Саршоқының түбіндегі Айнабұлаққа қарай бет түзеді. Дәл осы арада оның атамекен қыстауы бар. Сонда барып демін бір-ақ алуға бекіді. Таң аппақ болып атты. Неткен сұлу, неткен ғажап таң еді бұл?! Айнала ап-айқын көрінді. Анау көлбеп жатқан — қос Арғанаты. Мынау — Көкшілік, Нұра. Сол жағында Қарғыба өзені ағып жатыр. Қарт қатар жарысқан қос өзенге қарап тұрып: «Қарғыба — Базарым, қалың ел — Назарым», — деді күбірлеп. Көкірегін қарс айыра, терең дем алды.

Жалғыз аяқ жол арқандай шұбатылып келіп, Айнабұлаққа құлады. Етекке түсіп, жарқыраған тас бастауды көргенде қарттың жүрегі сыздап қоя берді. Қырық жыл бойы күндіз ойынан, түнде түсінен шықпайтын Айнабұлақ қой — бұл. Анау төбедегі құлаған зираттың ішінде мұның ата-анасының сүйегі жатыр. Кіндік қаны осында тамған. Осы арада жалаңаяқ шаң бұрқатып шапқылаған. Тұңғыш рет тайға мінген. Ат жаратып, көкпар тартқан. Құрбы қыз-келіншектермен ақсүйек ойнап, талай таңды ұйқысыз атырған. Осының бәрі оның санасынан жарқ-жүрқ етіп өте шықты.

Ол бастаудың басына келді. Қоржынын жерге қойып, тастай суық суды дем алмастан бір-ақ сімірді. Шіркін, бұл Айнабұлақтың суындай дүниеде су бар ма екен?! Таңдайына уыз татыған бір тұщы дәм келгендей болды.

«Алдымен зират жаққа барып, аруақтарға «Құран» бағыштайын» деген ой келді қартқа. Аяғын әрең басып төбенің басына қарай аяңдады. Бірақ ескі қыстаудың тұсына келгенде дымы құрып, әрі қарай жүруге халі келмеді. Екі аяғы өзіне бойсұнбай, әлсін-әлсін бүгіле берді. «Аятты осы арадан-ақ бағыштайын», — деп, жол ортаға отыра кетті

де өзі білетін қысқа бір сүрені үш қайырып оқыды. Осы зиратта жатқан бүкіл үрім-бұтақ, зәуаттарын тегіс атап, солардың рухына бағыштап, бетін сипады.

Сонан кейін таяғына сүйеніп орнынан тұрды да сүйретіле басып ескі қыстауға кірді. Үйлердің құлаған орны ғана тұр. Шөп басып, жермен-жексен болған. Ол бала кезінде өзі жататын бөлменің орнын көңіл көзімен әрең іздеп тапты.

Қарт шекпенін асықпай шешіп, бір бұрышқа қойды. Онан соң көйлегінің түймесін ағытып, жалаңаш етіне асып қойған бойтұмарын алды. Барқыттан тігілген кәдімгі үш бұрыш тұмар. Қарт тұмарды ерніне жақындатып, тәубе етті. Сонан кейін қалтасынан бәкісін алып, тұмарды сәкті де төңкеріп сілікті. Тұмардың ішінен термен байланып қалған бір уыс қиыршық топырақ түсті жерге. Бұл — осыдан қырық жыл бұрын, жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп алған топырақ еді.

Қарт ойына алған жұмысын түгел орындап тынды да шекпенінің үстіне «уһ» деп жантая кетті. Бүкіл тұла бойының талып шаршағаны соншалық, ештеңені ойлауға да зауқы соқпады. Қыбыр етерге халі жоқ. Неше күннен бері оққа сүйенген аңдай ет қызумен түкті де байқамап еді. Әлдеқандай бір сиқырлы күш қолтығынан демеп, құстай ұшырып отырған. Ал енді көздеген жеріне жетіп, арқасы кеңіген соң сүйектері сырқырап қоя берді. Бейне бұрауы таусылған ойыншықтай буын-буыны босап, өне бойы салдырап, бос қалды. Жаны мен тәні қалаған бір ғана тілек бар. Ол — тек жату, демалу.

Мамық төсегендей туған топырақ жамбасына біртүрлі жайлы тиді. Қарттың ақыл-ойы балға қонған шыбындай біраз малтығып жатты да ұйықтап кетті...

«О, туған жер! О, қасиетті атамекен! «Ел шетіне бір жеткізсең, екі дүниеде арманым жоқ» деген сертім бар еді. О, Алла, аманат жаныңды бүгін алсаң да, разымын!» — деді Тәңірге жалбарынып.

Күн арқан бойы көтерілген. Сонау шырқау биікте, аспанды күңгір-күңгір үнге толтырып, түйелі көштей тізбектелген тырналар қайтып барады.

...Дәл осы кезде тайыншадай овчарканы алдарына салып, екі шегарашы Айнабұлаққа қарай түсіп келе жатты. Ізшіл ит шынжырын жұлқа ентелеп, ескі қыстауға қарай тартады...

Қ. Жұмаділов

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Балық қаңқасы»

диаграммасын толтыр.

Жазғандарыңды өзара

алмасып, пікір бөлісіңдер:

1. Балықтың басына әңгіменің мақсатын;
2. Балықтың үстіңгі қаңқасына әңгіменің идеясын;
3. Балықтың астыңғы қаңқасына кейіпкердің мінездемесін;
4. Балықтың құйрығына қорытындыны жаз.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіннің соңында жазушы өз кейіпкерінің өмірі одан әрі қалай боларын жазбаған. Сондықтан оқиға түйіні бойынша қарама-қарсы идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының дұрыстығын дәлелдеп, қарсы топтың ойын жоққа шығарсын. Пікірталас мәдениеті талаптарын сақтаңдар.

Бірінші пікір — «Иә»	Мүмкін	Екінші пікір — «Жоқ»
Қария түрмеге жабылуы тиіс.	Шегарашылар оны босатуы мүмкін.	Қария өзін өлімге байлауы тиіс.
Себебі	Себебі	Себебі

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Ер туған жеріне...» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе мақал-мәтелді, тұрақты тіркестерді, көркемдеуіш құралдарды пайдалан.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер:

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

11-12- сабақ


Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жаһандық миграция мәселелерін адамдардың пайдасына шешудің ең дұрыс бес шартын жаз. Пікіріңді дәлелде.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Дереккөздердегі ақпаратты пайдаланып, әлем картасындағы миграция үздіксіз жүретін мемлекеттерді анықта. Эмигранттар мен иммигранттар басым аймақтарды екі түрлі түспен боя. Бір-бірімен тығыз араласатын екі мемлекеттегі демографиялық жағдайды талда.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Ақпарат көздерінен Қазақстаннан басқа елдерге жұмыс іздеп кеткен иммигранттар туралы мәлімет жинап, олардың жағдайы туралы шағын мақала жаз.

ЖАЗЫЛЫМ







4-тапсырма. Топтық жұмыс. «Қазақстанның көші-қон тарихы» тақырыбында графикалық кесте жасаңдар. Тірек сөздер мен терминдерді анықтап, оны ауызша сөзде қолданыңдар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Пресс-конференция сабағы. «Жаһандық миграция: жағдайы мен болашағы» тақырыбында ғалымдар мен журналистердің сұхбатын өткізіңдер.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұраққа жауап бер. Өзіңді өзің бағала!

Сұрақ	Білім игеру сатылары	Символдық белгілер
<i>Көші-қон деген не?</i>	білу	
<i>Иммигрант деген кім?</i>	түсіну	
<i>Қай елде эмигрант құқы қалай қорғалады?</i>	талдау	
<i>Иммигрант ретінде өз құқын білу неге маңызды?</i>	жинақтау	
<i>Миграция әлеуметтік мәселені қалай шешеді?</i>	қолдану	
<i>Қазақстандағы оралмандар құқы туралы не білесің?</i>	бағалау	

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кекжик-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кекжик-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Миграция туралы сан есімдер қамтылған, алты сөйлемнен тұратын мәтін құрап жаз. Мәтін тарау тақырыбымен байланысты болсын. Онда тақырып бойынша алған біліміңе сүйеніп, өз ойыңды тұжырымдап жеткіз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Тақырып бойынша ұсынылған оқу мәтіндерін «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр абзацты не сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаным а қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

Толеранттылық —
Бейбітшілік кепілі

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- көркем шығарманы тыңдауды, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасауды;
- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтауды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатуды;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеуді;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдауды;
- қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасауды;
- ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, баспасөз парағын жазуды;
- шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазуды;
- оқшау сөздердің қызметін біліп, жазба жұмыстарында орынды қолдануды үйренесің.

Жаңа сөздер:

төзімсіз, алауыздық, тұс-тұстан, қарама-қайшы, төз

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, мақал-мәтелді жаз.

1. Аңдамай сөйле... ауырмай өледі.
2. Ордалы жылан... ойнама.
3. Досы көп... жау алмайды, ақылы көп... дау алмайды.
4. Жартыны жарып жеген — татулық... белгісі.
5. Адам... өзі жетпеген жер... сөзі жетеді.
6. Тас... ұрғанды ас... ұр.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



ТІЛДІК БАҒДАР

ОҚШАУ СӨЗДЕР

Сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, тек айтылатын ойға қатысы бар сөздер кездеседі. Оларды оқшау сөздер дейді. Олар сөйлем мүшесі бола алмайды. Оқшау сөздерге *қаратпа, қыстырма, одағай жатады*.

Қаратпа сөз сөйлемде тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылады. Қаратпа сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады. Ортасында келсе, екі жағынан, соңынан келсе, алдынан үтір қойылады. Ерекше, көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі не сұрау белгісі қойылады. Мысалы, **Мұрат**, *әлемде қандай өзгерістер болып жатыр?*

Қыстырма сөз сөйлеушінің айтылған пікірге түрлі көзқарасын (қуанышты, өкінішті, сенімді, өтінішті, мақұлдауды) білдіреді. Мысалы, **Нақтылай айтқанда**, *өркениетке қадам басқан бүгінгі әлемнің түкпір-түкпірінде дау-дамай, қарама-қайшылық, жанжал, соғыс ошақтары өршиді*.

Одағай айтушының көңіл күйін, сезімін, эмоциясын білдіру үшін қолданылады. **Шіркін**, *ауыл жақын болғанда ғой!*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қойып, негізгі ойды анықта.

Қазіргі таңда әлемдік аренада түрлі өзгерістер болып жатыр. Адамзаттың қол жеткізген жетістіктері ерекше. Ғылыми-техникалық прогресс, экономикалық даму, ақпараттық жаңа технологияның артықшылықтары адам баласына мол мүмкіндік беріп отыр. Әлемде көптеген игілікті іс атқарылды. Адами құндылықтарға баса назар аударылды.

Бірақ осымен бірге тұс-тұстан төнген қауіп-қатер де көбейді. Нақтылай айтқанда, өркениетке қадам басқан бүгінгі әлемнің түкпір-түкпірінде түрлі дау-дамай, қарама-қайшылық, жанжал, соғыс ошақтары өршиді. Мемлекетаралық, дінаралық алауыздық,

экстремистік, лаңкестік топтар тарапынан болып жатқан қысым, адам құқын таптау секілді келеңсіздіктер тыйылар емес.

Әлемдегі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелер де бүкіл адамзат өркениетіне қауіп төндіріп тұр. Бұл қауіп-қатер адами, рухани құндылықтарға да кері әсерін тигізбей қоймайды. Осындай сын-қатерлерге төтеп беріп, тезу адамнан толеранттылықты, адамгершілікті қажет етеді.

Толеранттылық қай кезеңде болсын ізгілікті іс ретінде саналған. Ол — рухани бірлікке апарар жол. Толеранттылық, төзімділік түрлі адамдар өмір сүретін ортада өзара сыйластық пен құрметтің ортаймауына ұйытқы болады. Толеранттылық бар жерде адамдардың құқы мен бостандығы сақталады. Толеранттылық үрдіс қалыптаспай, өркениетті қоғам құру мүмкін емес. Ортадағы төзімсіздік, шыдамсыздық түрлі дау-дамайға, тәртіпсіздікке, адам құқының бұзылуына алып келеді. Кейбір қоғамдарда орын алып жатқан нәсілдік кемсітушілік, күмәнді көзқарастар, дінаралық, ұлтаралық алауыздықтар — осы төзімсіздіктің салдары.

Төзбеушілік орын алған жерде оған қарсы күш пайда болады. Бұл өзара жанжалдың ушығуына апарып соғады. Жеке адам өз бойындағы төзімсіздікпен күресуі үшін, алдымен, қоғамдағы жағымсыз құбылыстарға, кесірлі топтарға қатысты өзінің байсалды ұстанымын қалыптастыра білуі қажет.

«Егемен Қазақстан» газетінен

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлемдік аренада қандай өзгерістер болып жатыр?
2. Адамзат қандай жетістіктерге қол жеткізді?
3. Қандай құндылықтарға назар аударылды?
4. Адамзат өркениетіне қандай мәселелер қауіп төндіріп тұр?
5. Толеранттылық дегеніміз не?
6. Адамдардың құқы мен бостандығы қай жерде сақталады?
7. Төзімсіздік қандай мәселелерді тудырады?


ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Абзац	Тақырыпша	Тірек сөздер

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінде айтылған қауіп-қатерді диаграммаға түсір. Нақты мысалдар келтір.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Толеранттылық, алауыздық, рухани, дау-дамай, жанжал, түсінбеушілік, тұс-тұстан, қарама-қайшы, төз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Оқшау сөздерді қолданып, диалогті ары қарай жалғастырыңдар.

— Әлібек, «толеранттылық» дегенді қалай түсінесің?
— Менің ойымша, толеранттылық — жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне, басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарауы, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін сыйлауы.

— Бәрекелді, толеранттылыққа дәл анықтама бердің! Менің ойым да тура осындай еді. Сонда сенің ойыңша, «басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарау» деген не?

- _____ .
- _____ .

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Броундық қозғалыс». Әлемдегі дінаралық алауыздық туралы мәлімет жинауың керек. Сыныптастарыңның ол туралы не білетінін анықта. Олардың мәліметтерін салыстырмалы кесте түрінде жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «...Толеранттылық — ұлттық құндылық және Қазақстан халқының игілігі болып табылады» деген Н. Назарбаевтың пікірі төңірегінде ойбөліс өткізіңдер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- толеранттылық туралы пікірлерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісін пайдаланып, бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Плюс-Минус-Қызығамын» кестесін толтыр.

«Плюс» +	Сабақтағы қызық, пайдалы мәселелер жазылады.
«Минус» –	Сабақта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ не аз болған мәселелер жазылады.
«Қызығамын» ?	«Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап жазылады.

Есте сақта!

Толеранттылық — адамдардың бір-бірін сыйлауы, құрметтеуі, бір-бірінің дәстүріне, мәдениетіне түсіністікпен қарауы. Толеранттылық — рухани құндылық.

ОЙТАРАЗЫ

3-4- сабақ

Береке басы бірлікте

Жаңа сөздер:

ауызбіршілік, тауқымет,
ұлттық-этностық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Оқшау сөздерді қатыстырып, сурет бойынша сөйлем құра.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдің өзіңе ұнағанын тақырып ретінде алып, монолог құрап айт.

- Байлық — байлық емес, бірлік — байлық.
- Бірлік бар жерде тірлік бар.
- Игілік басы — ынтымақ.
- Көпті сыйлағаның — өзіңді сыйлағаның.
- Күш бірлікте....
- Сыйлық қымбат емес, сыйлау қымбат.
- Сыйласаң, сый көрерсің.

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі сан есімдерді жаз.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтіндегі негізгі және қосалқы ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосалқы ақпарат

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Борт журналы» тәсілін пайдаланып, төмендегі кестені толтыр.

Тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Қандай жаңа ақпаратпен таныстым?

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Тағдыр тауқыметімен көптеген ұлыс өкілдері қасиетті Қазақ жерін пана тұтқаны белгілі. Қашанда татулық пен ынтымақты ту еткен елімізге өзге ұлыс өкілдерімен достық қарым-қатынаста болып, біртұтастықта, ауызбіршілікте өмір сүру маңызды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы халықты ұлтына бөліп-жармай, біртұтас Қазақстан қоғамын қалыптастыруды мақсат тұтып, 1992 жылы алғаш рет Ассамблея құру туралы идеясын қалың көпшілікке жариялады. Идея ірі мақсатқа ұласып, 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды.

Бүгінде Елбасының этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісін әлем назарына алып, тынбай зерттеп келеді. Қазақстандық үлгі Біріккен Ұлттар Ұйымында, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып, оң бағаға ие болды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы 56 мемлекеттің тіліне аударылды.

2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, танымал тұлғалардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның «Ел бірлігі» доктринасы

қабылданды. «Ел бірлігі» доктринасы — біртұтастықтың, болашаққа бірігіп ұмтылудың серпінді көрінісі.

«Береке басы бірлікте», — деген қазақ халқы. Қазіргі Қазақстан қоғамының жаңару жолымен тиімді дамуы, ең алдымен, елдегі саяси тұрақтылық пен ұлттық-этностық түсіністікке байланысты.

Бүгінде Қазақстан Республикасы қуатты нарықтық экономикасы мен дамыған азаматтық қоғамы бар, 100-ден астам этнос өкілі бірлік пен келісімде өмір сүріп жатқан, қалыптасқан демократиялық мемлекетке айналды. Әрқашан да бірлік пен татулықты сақтауға, алауыздыққа жол бермеуге шақырған Қазақ елі «Бақыт қайда барасың? — Ынтымаққа барамын» деген әйгілі сөзін қалдырған.

Д. Нөкетаева

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерге үш нұсқада сұрақ қой. Осы сұрақтарды пайдаланып, көршіңмен сұхбат құр. Ол саған үлгідегідей жауап берсін.

Үлгі:

Сұрақ: Қазақ жерін кімдер пана тұтты?

Қысқа жауап: Қазақ жерін көптеген ұлыстар пана тұтты.

Толық жауап: Тағдыр тауқыметімен көптеген ұлыс өкілдері қасиетті Қазақ жерін пана тұтты.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Әр сөз бойынша сөз тіркестерін құра. Осы сөздерді және оқшау сөздерді пайдаланып, құрмалас сөйлем құрап жаз.

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
тауқымет	тағдыр тауқыметі	Ресми деректерге сүйенсек, тағдыр тауқыметімен 18,500 корей отбасы Қиыр Шығыстан Қазақ жеріне жер аударылған.

МӘТІН СОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Ақпарат көздерінен Қазақстанға тағдыр тауқыметімен көшіп келген ұлттар туралы мәлімет жинап, тұсаукесер дайында.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Сөйлемдерді аяқта.

- Мен мынаны білдім...
- Маған қызық болғаны...
- Маған қиын болғаны.

Есте сақта!

XX ғасырдың басынан бастап Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныстанған. Қазақстан халқы ассамблеясы Қазақстан Республикасында ғана бар. Қазір әлемдегі басқа мемлекеттер бізден үлгі алуда.

5-6- сабақ

Ел бірлігін сақтау — бабалар аманаты

Жаңа сөздер:

сенімділік, ниет

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндір.

- Азғана игі іске көп рақмет айт (Жүсіп Баласағұн).
- Сенімділік табысқа жетуге деген құлшынысты арттырады, бойға қуат береді, әбден айқындалған әмір беруге немесе жеке іс-қимылға шақырады. Яғни дереу әрекет жасауға итермелейді (Бауыржан Момышұлы).
- Әдепті сөйле де тыныш отыр (Махмұт Қашқари).
- Өзіңе бауыр өзіңсің (Жүсіп Баласағұн).
- Балам бол, басқа бол, бәріңе заң біреу-ақ (Жүсіп Баласағұн).
- Асыңа тойғызбасаң да, ақ ниетіңе тойғыз (Мәтел).

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша оқшау сөздерді қолданып, мәтін құра.



ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер қай облыстарда бой көтерген?
2. Бұл ескерткіштерді кімдер тұрғызды?
3. Қандай елдің рухы биік болады?
4. Заманауи Қазақстанның өркендеуіне кімдер үлес қосты?



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтіндегі негізгі және қосалқы ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосалқы ақпарат

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қойып, негізгі идеясын анықта.

...Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар: халқымыз бірлікте болса — күшейген, бірлігі қашса — әлсіреген. Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді. «Ел бірлігі — ел теңдігі» деген осы!

«Қазақ ордасының Ликургы» — Әз Тәуке елін татулыққа ұйыта білгендіктен, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты. «Байлық — байлық емес, бірлік — байлық» деген сөз — сол заманнан қалған қағида.

Ел басына күн туған кезде барша қазақ Абылай ханның ақ туының астына жиналған соң ғана жерін жаудан тазарта алды. «Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады», — деп бабаларымыз осыны айтқан. Қазақтың осынау үш ханы — ел тарихындағы үш асқар тау, оларды асқақтатқан — ел бірлігі.

Сонымен бірге алтыбақан алауыздықтың кесірінен еліміз аңырап, жеріміз қаңырап қалған кездер де аз емес. Бұл да — тарихтың ащы сабағы. «Өткенге қарап, ертеңнді түзе» деген өсиет бар, себебі өткеннің өнегесі — бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.

Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай табысқа кене-

луде. Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балталаса да бұзылмайтын берік ауызбіршілік керек.

Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ. Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бәріне қазақ жауапты. Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білейік. Сонда ғана халқымыздың атын иеленген қасиетті Қазақстанымыз көркейіп, дами береді. Еліміздің көңілі жайлы, тұрмысы майлы болады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Абзац	Тақырыпша	Тірек сөздер


АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі мақал-мәтелді тақырып ретінде алып, ой бөлісіндер.

- Ел бірлігі — ел теңдігі.
- Байлық — байлық емес, бірлік — байлық.
- Өткенге қарап, ертеңінді түзе.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты және қосымша дереккөздерді пайдаланып, «бірлік» сөзіне кластер түз.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Тұрақты тіркестердің мағынасын ашып жаз. Түсіндірме сөздікті пайдалан.

Тұрақты тіркестер	Мағынасы
жұдырықтай жұмылдыра білу	
татулыққа ұйыта білу	
қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман	
алтыбақан алауыздық	
баянды ету	
көздің қарашығындай сақтау	

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Төменде берілген тақырыптардың өзіңе ұнағанын таңдап, 2-3 минуттық монолог айт.

- Ел бірлігін сақтау — бабалар аманаты.
- Тыныштық пен татулықты сақтау өз қолымызда.
- Бірлік түбі — береке.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бар. Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақ халқына деген алғыстарын осы монументтерді салу арқылы білдірген. Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау үшін бәріміз бірлікте, тату-тәтті өмір сүруіміз қажет.

7-8- сабақ

Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

санаға сіңіру, бетімізден қақпай,
пікірін таңбау

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің орнына синонимін қойып көр. Сөйлемнің мағынасы қалай өзгергенін түсіндір.

1. Зергер сөздің шебері, жазушы Сайын Мұратбеков — өмірдің болмысын **шынайы** бейнелейтін таңғы шықтай **мөлдір** шығармалары арқылы оқырмандардың жан жүрегін баурап, **ықылас-құрметіне** бөленген **сирек** дарын иесі. Сайын — біздің ұлттық **құндылығымыз**, оның шығармасының **ғұмыры** ұзақ. Бүгін болмаса, ертең ұлтына қарамай-ақ өз **оқырманымен** ажырамастай табысатыны кәміл (жазушы Шерхан Мұртаза).

2. Сайын Мұратбеков шығармаларында соғыстан кейінгі қазақ ауылының **тыныс-тіршілігі** шынайы да **көркем** суреттеледі. Оның кейіпкерлерінің **жан-дүниесі** романтикаға толы сыршыл болып келеді (жазушы Сағат Әшімбаев).

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сайын Мұратбеков қай жылы дүниеге келген?
2. Ол қай университетті бітірген?
3. Оның қандай шығармалары бар?
4. Жазушының қай шығармасы бойынша кинофильм түсірілген?
5. Жазушы қай жылы қайтыс болған?



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, хронологиялық кестені толтыр.

1936 жыл	
1957-63 жылдар	
1971 жыл	
1954-62 жылдар	
1962-72 жылдар	
1972-77 жылдар	
1977-80 жылдар	
1980-84 жылдар	
1976 жыл	
Шығармалары	
Аудармалары	
Марапаттары	
2007 жыл	

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Тақырып қойыңдар.

Әкем Сайын Мұратбековты еске алған сайын қазақтың «Әке — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ, бала — жағасындағы құрақ» деген даналығына таңғаламын. Себебі әкеміздің жақсы қасиеті көп болатын. Соның ішінде ең үлкені — балаларына ұрыспайтын, ешкімге ауыр сөз айтпайтын. Бізді бетімізден қақпай өсірді. Бірақ қанша еркелетсе де, асқан шолжаң болмадық. Өйткені бәрін түсіндіріп, ақылын айтып: «Балам, мынау былай болуы керек», — деп түсіндіріп, санамызға сіңіретін.

Бізбен, әсіресе менімен тең сөйлесіп, ақыл сұрайтын.

— Балам, қандай мамандықты меңгергің келеді? — деп, мамандық таңдауды да өзіме қалдырды.

— Білмеймін! — деп едім.

— Ойланып көр, асықпа! — деді.

Ақыры әбден ойлана келе бірінші сыныптан оқи бастаған шет тілін

таңдадым. Себебі шет тілдерді тереңдетіп оқытатын №45 арнайы мектепті бітіргенмін.

Ойланып отырып:

— Шет тілдер институтына түссем қайтеді?! — деп едім.

— Өзің біл, балам. Қандай мамандықты таңдасаң да, жүрегіңнің үніне құлақ ас. Жүрегіңнің айтқанымен жүрсең, адаспайсың. Дұрыс, таңдауыңды қолдаймын! — деді.

Сөйтіп, өзім таңдаған мамандық — ағылшын тілінің мұғалімі болып шықтым. Әкем ешқашан да өз пікірін бізге таңбайтын. Соның арқасында көптеген салаларда, дипломатиялық корпуста, Сыртқы істер министрлігінде абыройлы қызмет атқарып, тынымсыз еңбек еттім. Әкем ауырған соң Астанадан Алматыға қайтып оралып, өле-өлгенше қасында болдым.

Әкемнің шығармаларымен толық таныспын. Ондағы кейіпкерлерін өзі бізге таныстырды. Бірде: «Жинал, балам, кеттік ауылға!» — деді де Қапалға бардық. «Жабайы алма», «Жусан иісі», «Кәментоғай» секілді шығармаларында суреттелген бейнелермен танысып, сипатталған жерлерді аралап көрдік. Байдалы бригадирді, Рысбекті көрсетіп: «Міне, осылар — менің кейіпкерлерім», — деп таныстырды.

Қазір Қапалдың тауларын сағынғанда Қоңыр ауылына тартып кетемін.

Әлім Сайынұлы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі оқшау сөздер бар сөйлемдерді теріп жазып, түсіндір.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. «Данышпан үкілер» тәсілі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

- Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, әліпби ретімен жазыңдар. Мәтіннен сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарыңа қарсы тұрған ақпаратты табыңдар. Сендерге жаңалық болған ақпаратты жазыңдар.
- Мәтіннің идеясын бір сөйлеммен білдіріңдер.
- Мәтіннен сендерге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңдар.
- Мәтіндегі негізгі ақпаратты сурет, сызба және т.б. арқылы көрсетіңдер.
- Мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? Айтып беріңдер.
- Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1.	ауыр	а.	сұрайтын	1.	шет тілді	а.	көр
2.	бетімізден қақпай	ә.	қаламын	2.	арнайы	ә.	үніне
3.	санамызға	б.	қасиеттері	3.	жүрегіңнің	б.	еттім
4.	ақыл	в.	келеді	4.	бізге	в.	жүрсең
5.	таң	г.	қалдырды	5.	айтқанымен	г.	таныспын
6.	жақсы	ғ.	өсірді	6.	ойланып	ғ.	таңдадым
7.	меңгергің	д.	сіңіретін	7.	еңбек	д.	мектепті
8.	өзіме	е.	сөз	8.	толық	е.	таңбайтын

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сабақтағы және қосымша дереккөздерді пайдаланып, Сайын Мұратбеков туралы тұсаукесер дайындаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Сабақты талдау кестесін толтыр.

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

Есте сақта!

Сайын Мұратбеков өз шығармаларында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғыстан кейінгі адамдардың өмірі, олардың тыныс-тіршілігі туралы жазған. Шығармалары орыс, өзбек, украин, беларус, грузин, армян, әзірбайжан, литва тілдерінде жарық көрген.

9-10-
сабақ

Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл» повесі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

дегбірсіздену, сән-салтанат

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Қою қаріппен берілген сөздердің антонимін тап.

- **Көп** ұлтты әдебиетіміздің гүлдеп тұрған мәуелі бағында Сайын Мұратбековтің **жас** талдай желкілдеп бой көтерген тамаша прозасы бітік шығып, алыстан көзге түсіп, көз тартары сөзсіз (Фабит Мүсірепов, жазушы).
- Сайын Мұратбеков өзіне ғана тән тақырыптық, жанрлық, стильдік даралығы, **ерекше** сөз нақышы, **ашық** үні, өзіндік бояуы бар шығармалармен танылады (Мырзатай Серғалиев, тілші-ғалым).
- Соғыс жылдарындағы ауыртпалықтар мен **қиындықтарды** Сайын — өз көзімен көріп, сол тірлікке қоян-қолтық араласқан қаламгер (Төлен Қауыпбайұлы, жазушы).

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді қазақ тілінде айт.

Первыми литературное письмо Муратбекова заметили и добрым словом напутствовали видные казахские писатели Хамза Есенжанов и Абу Сарсенбаев. О самобытном творчестве Саина высоко отзывались Сабит Муканов, Абдижамил Нурпеисов, Вениамин Ларин... Василий Шукшин — и я тому свидетель — называл Муратбекова своим «родным казахским братом».

Высоко отзывались о творчестве Саина главный редактор журнала «Дружба народов», классик советской литературы Сергей Баруздин и его верный сподвижник, тоже большой и верный друг Казахстана Леонид Теракопян. Справедливости таких оценок в самой большой степени способствовал адекватный перевод прозы Саина, мастерски осуществляемый известным московским прозаиком Георгием Садовниковым.

Год от года выходили у него книги рассказов и повестей одна другой лучше: «Нива» (1967), «Дом молодых» (1968), «Дикая яблоня» (1972), «Ищу друга» (1973), «Камен-тугай» (1974), «У теплого родника» (1980)...

Владислав Владимиров, писатель

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Мәтіндегі ана мен баланың отыз жеті жылдан кейін кездескен сәтін айтып бер.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма.

«Ассоциограмма» әдісі.

Қалай ойлайсың, отыз жеті жылдан кейін бірін бірі тауып, кездескен ана мен баланың көңіл күйі қандай болды?

Диagramманы толтыр.



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Тақырып қойыңдар.

Машинеден түскен Евдокия әуелі сәл абдырап тұрып қалды да өзіне Қадиша таяп келген кезде екеуі де көздері жасқа толып, бір-біріне құшақтарын аша берді. Бірі орысша, бірі қазақша сөйлеген күйі екі ана біріне бірі мұңдарын шаққандай, біріне бірі өкпе-наздарын айтқандай, бірінің көңіліндегі кірбіңді бірі тарқатқысы келгендей көздерінің жастарына ерік берген еді.

— Милая... милая... родная... родная... Что ты... что ты...

— Сен де қайбір жетіскеніңнен айырылдым дейсің... Сенде не жазық?.. Менде не жазық?..

Екі ана мауықтарын жазып, көз жастарын сүрткеннен кейін Сергей енді өз анасының алдына әйелін, балаларын әкелді.

— Сәлима — осы. Ал мыналар — балаларым: Айгүл, Бибігүл, Павел, Василий, Нұргүл.

...Ағайын-туғандармен амандасып болғаннан кейін Қадиша өзі бастап Евдокияны үйге алып кірді. Төрт бөлмелі, еңселі, үлкен үйдің іші қонақ құрметіне құлпырта, сән-салтанатымен жиналған.

— Өзіңнің жекеменшік үйің бе? — деп сұраған ана Сергейден сыбырлап қана.

— Колхоздікі, — деді ұлы.

— Сен сонда үлкен бастықысың?

— Жоқ, бастық емеспін, мал дәрігерімін, — деп күлді Сергей. — Біздің колхозда жұрттың бәрі де осындай үлкен үйлерде тұрады. Балаларымыз көп қой.

...Дастарқан басы боп орнынан тұрған Айташ алғашқы тосты көтерді:

— Бұл тосты мен бауырым Сергейдің анасы, ендігі жерде біздің де анамыз — Евдокия Филипповнаның денсаулығы үшін көтеруді ұсынам. Дені сау, жасы ұзақ болсын!

Дастарқан басындағылар бір ауыздан қостау айтып, дүр етіп орындарынан көтерілген. Көзі жасқа толған Евдокия орыс халқының ізетті әдетімен тұрғандарға иіліп сәлем етті. Дастарқан думаны басталды да кетті... Келіндері екі ананың тарелкаларына түрлеп-түрлеп тағамдар салып, сый-құрмет көрсетіп жүр. Евдокияның байқағаны стол басында орыстар да көп екен: әйелі, еркегі аралас, қазақша да, орысша да бірдей сөйлейді.

...Ана енді өз баласы Сергейге көз салған. Ол қасындағы Байтаспен қызу бір әңгімеге кірісіп, сөйлесіп отыр. Оның қазақша сөйлегеніне анасы таңырқай да бір түрлі ерсі, оғаш көріп қарайды. Осынау өңін дала желі тотықтырған иықты әдемі жігіт шынымен-ақ, өзінің Серержасы болғаны ма? Көзіне қараса, кескініне қараса — сол, ал қазақ тілінде сөйлегенін тыңдаса — ол емес, бөтен біреу сияқты көрініп кетеді.

«Телі өскен ұл» повесінен

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі оқшау сөздерді кесте бойынша жаз. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

Қаратпа сөз	
Қыстырма сөз	
Одағай сөз	

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаят: егер сен Сергей болсаң, ал Евдокия Филипповна Сергейдің анасы болмай шықса, не істер едің?

— Не боп қалды екен, мұнша кешігетіндей? Әлде «шешеңмін» дегені басқа, бөтен бір әйел боп шығып, соның әлегімен әбігер боп жүр ме екен бәрі де?! Ондай да болады ғой, — деген Қалиша өзін-өзі жұбатқандай.

— Әй, әже-ай, неге бүйтіп күдіктене бересіз? Жазған хатында да, телеграммасында да біздің Сергейдің шешесі екенін ап-анық етіп айтқан ғой, — дейді Сапар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Ойбөліктер	тақырыбы	негізгі идеясы	тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Оқшау сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Евдокия Филипповна, Сергей, Сапар, Қадиша, әже-ай, шіркін, уһ, сірә, оның айтқанындай.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Сөйлемдерді аяқта.

- Мен мынаны білдім...
- Маған қызық болғаны...
- Маған қиын болғаны

Есте сақта!

Сайын Мұратбековтің «Телі өскен ұл» повесі соғыс жылдарында бірін-бірі жоғалтып алған ана мен бала туралы. Олар отыз жеті жылдан кейін кездеседі. Сергейді Қадиша апа асырап алып, өсірген. Сергейдің анасы оны Қазақстанға іздеп келеді.

11-12-
сабақ

Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

құт-қазыналы, отандас, көнбіс, қандас

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сөз орамдарын пайдаланып, сөйлем құра.

- Өркенің өссін!
- Мен бүгін ерекше бақыттымын.
- Сізге мың рақмет!
- Қандай әдемі жігіт боп өскен!
- Қандай тату-тәтті отбасы!
- Құт-қазыналы ауыл екен.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөйлемдерден оқшау сөздерді тауып, олардың қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндір.

1) Есбергенбісің? Ау, не боп қалды ойбайлап?! Мынадай қуанышты күнде неден түтігіп жүрсің өрт сөндіргендей боп? 2) Көке, саған не болған?! 3) Жоқ, жоқ, әже, — деп Павел қолын созып алақанымен Евдокияның аузын басты. 4) — Апырай, ә, — деді тосылып қалған ана қапелімде не дерін білмей. 5) — Жылама, жылама, мама, — деген. 6) Әй, со біздің деревня картада бола қоймас, — деген Евдокия күліп. 7) — Неге? Мінекей, Опочка, міне, Невель... 8) Әй, Сағын, сабағыңнан қалдың ғой, — деді Сәлима қатқыл үнмен. 9) Иә-ә, — деді Евдокия күрсініп. — Байқауымша, Көкеш пен Төкеш соғыстан кейін туған балалар сияқты. 10) Үлкен Айташың бастық болуы керек, сірә? — деген Евдокия.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Соғыс кезінде Қадиша апаның ауылына қанша бала келген?
2. Сергей кішкентай кезінде қандай болған?
3. Сергейді қазақша қалай атаған?
4. Сергейді үнемі кім қорғап жүрген?



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тауып, қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.

Алдың, соны, уақытта, кезінде, осы, сәби, жетім-жесір, жібереміз, әр, бір, бала, туған-туысқандары, іздеді-ау, болатын, ештеңені, жағымды, төбелесқор, ұрғызбайтын.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Евдокия, Сергей және Сапар үшеуі аудан орталығы шағын қалашыққа кеп пойыздан түскен. Енді деревняға дейін мәшинемен бару керек. ...

...Такси дала жолымен зулап келеді. Орталық Россияның тамаша сұлу табиғаты: ой-дым-ойдым орманды дала, әредік-әредікте жалғыз-жарым тұрған алып самырсындар, кей тұстарда топтаса өскен ақ қайыңдар, анда-санда жол жиегінен аққан-ақпағаны белгісіз мөлдірей көрінген өзен: жол бұлт етіп қырқаға көтерілген сәтте аяқ асты қапталдай жатқан он шақты үйлі деревнялар, — бәр-бәрі Сергей мен Сапар үшін таңсық та ғажап көріністер еді....

— Тамаша!.. Сераға, қарашы, қандай тамаша! — деп қояды Сапар.

— Сұлу екен!..

...Такси деревня көшесіне кірген. Сергей төңірекке қаншама үңіле қараса да, ештеңені есіне түсіре алмады.

— Мынаның бірде-бірі есімде жоқ, — деді.

— Ол кезде мұның бірі де жоқ болатын, — деді Евдокия да.

— Бәрі соғыстан кейін салынған, жаңа үйлер.

Көшенің екі жақ бойында да еңселі биік ағаш үйлер: бірі шифермен, бірі қаңылтырмен жабылған, есік-терезелері әдемілеп өрнектеліп боялған, төбелерінде телеантенналар.

— Тоқта! — деді Евдокия шоферге. — Осы жерден түсіп, жаяу барайық, жұрт көрсін кімді әкелгенімді.

Бұлар колхоз басқармасының алдында түсіп қалған. Евдокия жаулығын жөндеп байлап, әлгіндегі шабаданын қолына алып, алға түскен, Сергей мен Сапар соңынан ерді.

Жолай қарсы кездескендер Сапар мен Сергейге таңырқай қарап өтеді, Сергей де оларға тесіле қарайды. Трактор айдап балаң жігіт өткен қастарынан, түр-тұрпатында, қасы-көзі, қабақ бітімінде Сергейге ұқсас сипаттары байқалды.

...Сапар бақтың түкпір жағында тұрған, терезелерінің жақтаулары көк сырмен боялған, үлкен, ақ үйге қарай бұрылған.

— Жоқ, ол үй емес, менің үйім мынау, — деді Евдокия әлгі үйдің алдыңғы жағында тұрған кішкентай ғана жермен-жексен қоңыр үйді нұсқап. Төңірегіндегі қоршау тақтайлары қисық-қыңыр аласа үй, еңселі ақ үйдің қасында мүлде сұрықсызданып, аса аянышты көрінеді.

Сергей бір кездегі әкесінен қалған үйдің алдына кеп тоқтаған.

— Сарайың сәулетті-ақ екен, мама, — деді күрсініп.

— Еркегі бар, бала-шағасы бар үйлер соғыстан кейінгі уақыттың ішінде екі реттен үйлерін қайта жаңғыртып салды. Ал менің жалғыз басыма ондай үйдің керегі қанша?! «Күйеуім салып берген, маған осы да жарайды!» — деп тұра бердім, — деді есігін ашып жатып.

Шағын бір бөлмелі үйдің үштен бірін ескі орыс пеші алып тұр екен. Үй іші өте жұпыны ғана жиналған: кереует, стол, екі ұзын орындық, үлкен сандық және киім ілетін ескі шкаф.


— Дәл осындай шкафы мен облыстық музейден көріп едім, — деді Сапар.

— Бұл Серезжаның атасынан қалған бұйым, — деп қойды Евдокия. — Маған жылтыраған гарнитураның керегі жоқ, осы да жарайды... Қазір мен тамақ дайындап жіберейін. Пеш жағам....

«Телі өскен ұл» повесінен

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Евдокия әжейдің үйін сипаттап, диаграммаға түсір.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Кейіпкерлерге мінездеме» кестесін пайдаланып, әр кейіпкерге мінездеме бер.

Шығарма кейіпкерлері	Мінездеме

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Анасының үйін көрген Сергейдің көңіл күйін 5-6 сөйлеммен сипаттап жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісін пайдаланып, бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Ұлы Отан соғысының зардабы» тақырыбында эссе жаз.

Эссеге қойылатын талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымаған дұрыс.
- Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет.
- Өмірмен байланыс болуы тиіс.
- Өзіндік тың пікірлер келтіру керек.
- Баяндау стилі нақты болуы шарт.
- Көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет.
- Көлемі — 150-250 сөз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Соғыс кезінде Қазақстанға келген жас балаларды қазақ отбасылары асырап алған. Сергейді қазақша «Серке» деп атаған. Ол анасымен өзінің туған жеріне келеді.

13-14- сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына оқшау сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

Қажет сөздер: Балапандарым-ау, Иван Петрович, мінекей, иә, түү, Апа, апа!

1) — ..., Москваға барып қайту жолы бұдан арзан шығар, — деді Евдокия.

Тауып берді. Бір-бірімізге суреттерімізді салдық. 2) ..., — деп Евдокия төс қалтасынан ұқыптап оралған суретті шығарды. 3) ..., қуаныш та болса, ауыр екен, — деп қойды тарамыс арық. 4) ..., ең болмаса, бір сағаттай үстеріңді былғамай ойнасаңдаршы, әйтпесе әжелерің келгенде кір-кір түрлеріңді көріп, шошып кетеді ғой, — деп қояды Сәлима. 5) ..., — деп айқайлай дауыстап көше жақтан бойжеткен қыз кірген. 6) Сәлеметсіз бе, ..., — деді орнынан ұшып тұрған Евдокия жаны қалмай ебелек қағып, — Үйге кіріңіз, шай ішіңіз.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: шетелдік қонақ бірнеше ұлт өкілдерінің Қазақстанда тату-тәтті, бірлікте тұрып жатқанының себебін сұрады. Оған қалай жауап бересің? Нақты мысалдар келтіріп, жауап бер.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «...Осы заманғы әлемде ұлттық бірлік ортақ мемлекетті бірлесіп құру, толеранттылық, азаматтық және осы елдің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу секілді шарттармен анықталады» деген Н. Ә. Назарбаевтың сөзін негізге алып, ой бөлісіңдер.

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

...Кешке қарай жаңа үй дайын болған.

... Сергей орнынан тұрып, отырғандарға жағалай бір қарап өтті де тамағын кенеп, дірілдеген үнмен:

— Барлығыңызға да шын жүректен алғыс айтамыз. Бұл көмектеріңізді еш уақытта ұмытпаспыз, — деп иіле тұрып тағзым етті.

...Председатель көтерілген кезде стол басында тағы да тыныштық орнады.

— Жолдастар, менің жерлестерім! — деп бастады сөзін жиналыстарда жұртты бірден аузына қарататын әдетіне басып саңқылдай сөйлеп. — Ендігі тілекті мен бізге алыстан кеп отырған жаңа туыстарымыз — қазақ бауырларымыз үшін айтсақ деймін. Ел басына күн туған соғыс жылдарында бұлар біздің ұлымызды бауырларына басып, аман алып қалды және жай ғана аман алып қана қоймай, мынадай азамат етіп тәрбиелеп өсірді. «Достық» деген не? «Достық» деген досың сенен жәрдем тілемей тұрғанда өзің біліп кеп, қол ұшын беріп, жәрдем жасасаң, оның иығына түскен ауыртпалықты өз иығыңа сап көтеріссең — міне, осынысымен қымбат. Өз басым қазақ бауырларыма иіліп тағзым етіп, барлығына бақыт тілеймін.

...Енді байқады: анасы қасында жоқ екен, ол басқа жұртты дүрліктірмейін дегендей, байқатпай ғана столдан сытылып шығып, үйге кірген. Анасы боп-боз болып төсекте жатыр екен, қасында біраз кемпір, Антонина стақанға дәрі тамызып тұр.

— Тез дәрігер шақыру керек, — деді Сергей.

— Дәрігерге адам кетті, — деді бір кемпір.

... Әлден соң Евдокия көзін ашқан.

— Балам, — деді ерні кеберси қыбырлап. — Маған алаңдама, қонақтарыңды атқар. Риза боп кетсін. Мен біраз жатсам, тәуір боп кетем...

...Ана көзін қайта жұмды. Сергей оның кеудесіне құлағын төсеп, жүрегінің соғуын тыңдамақ болған.

— Дәрігер! Дәрігер!... — деп ол үрейлене айқайлап жіберді...

...Келесі күні Сергей мен председатель екеуі аңғал-саңғал бос үйдің ішінде отырды.

— Сонымен қуаныш ұзаққа созылмады, — деді Сергей күрсіне түсіп. — Анама көп ештеңе көрсете алмадым.

— Жоқ, сен көп нәрсе көрсетіп үлгердің анаңа, — деді председатель қарсы сөйлеп. — Қолыңнан келгенді аяңған жоқсың. Жаңа үйде, баласының алдында көңілі өсіп, болып-толып отырған қуаныш үстінде көз жұмды.

...Таңертеңгісін колхоз басқармасының алдында Айташ бастаған ағайынды жігіттер өздерін стансыға апарып салатын мәшине қасында тұрды. Оларды шығарып салуға деревняның неше күннен бері таныс боп қалған көп адамы жиналған. Қазақ ағайындар жаңа туыс, жаңа таныстардың кейбірімен құшақтасып, кейбірімен қолдасып, қош айтысты.

— Ал жүрелік, — деді Айташ.

Бұлар машинаға отырды да қозғалып жүріп кетті. Біртіндеп шығарып салушылар кейіндеп алыстай берді. Тек екі әйел адамның — Вероника мен Антонинаның ашық түсті көйлектері анық көрінді, ал ол екеуінің қасында қолын көтере бұлғап Көкеш тұрды.

Мәшине үстінде бірінен бірі ұстап ағайынды төрт жігіт: үш қазақ, бір орыс елдеріне қайтып бара жатыр.

«Телі өскен ұл» повесінен

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сайын Мұратбековтің «Телі өскен ұл» повесі бойынша түсірілген фильмді көр. <https://www.kino-teatr.ru> сайтынан фильм туралы ақпаратты тауып, кестені толтыр.

Шыққан жылы	
Шыққан жері	
Режиссері	
Жанры	
Актерлар	



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. <https://www.kino-teatr.ru> сайтындағы ақпаратты пайдаланып, «Телі өскен ұл» фильміндегі актерлер мен олар ойнаған кейіпкерлер туралы айт.



Евдокия Филиповна




Лидия Смирнова



Бикен Римова



Қадиша



Гришко Виталий
Алексеевич



Сергей

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Қазақстан — біздің ортақ үйіміз» деген тақырыпта фотоколлаж дайындап, сыныпта қорға.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

Білгенге маржан...

Біздің баға жетпес байлығымыз — бабалардан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған береке-бірлігіміз. Құнды қазынамыз — тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыз (Н. Назарбаев).

ОЙТАРАЗЫ

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРІ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасауды, тиісті ақпаратты анықтай білуді;
- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінуді;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтауды, ауызша мәтін құрауда орынды қолдануды;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтауды, олардың қолданылу мақсатын талдауды;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беруді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыруды;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беруді, өзіндік көзқарасыңды жүйелі, дәлелді жеткізуді;
- көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп эссе жазуды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыруды;
- оқшау сөздердің қызметін білуді, жазба жұмыстарында орынды қолдануды үйренесің.

Жаңа сөздер:

қауіпсіздік, мүдде, қамтиды, қауіптілік, мағлұмат, бақуатты, мәңгілік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Галереяны шарлау» ойыны. Қабырғада ілінген суреттерді аралап, бүгінгі сабақтың тақырыбын болжап айтыңдар.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Қажет сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан қандай ел?
2. Елді неден қорғау керек?

Қажет сөздер: бақуатты, мәңгілік, табиғи қауіптілік, қауіп-қатер.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, «Сандар сөйлейді» кестесін толтыр.

Әр санға қатысты ақпаратты жаз.



Мәтінде кездесетін сандар	Санға қатысты дерек
1904 жылы	
1943 жылы	
1947 жылдан	

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Ұлттық қауіпсіздік — ұлттық мүдде

Ұлттық қауіпсіздіктің негізін ұлттық мүдде құрайды. Ұлттық мүдде әрбір жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесінен құралады. Олай болса, ұлттық қауіпсіздік қоғам мүшелерінің қауіпсіздігін, дамуын қамтамасыз етеді.

Еліміздің қауіпсіздігі бірнеше саланы **қамтиды**. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі — сыртқы қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік, қоғамдық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі елдің ұлттық мүддесін түрлі **қауіп-қатерден** қорғайды.

Сыртқы қауіпсіздік — Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін шет мемлекеттер, шетелдік ұйымдар мен азаматтар тарапынан келетін қауіп-қатерден сақтайды.

Әскери қауіпсіздік — Қазақстан Республикасының ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын әскери қауіп-қатерден қорғайды.

Ақпараттық қауіпсіздік — мемлекеттің ақпараттық ресурсын, ақпарат саласында жеке адамдардың құқықтары мен қоғам мүддесін қорғайды. Жеке адамның, мемлекеттің мүддесіне қайшы келетін **мағлұматтардың** жария болмауын қадағалайды.

Қоғамдық қауіпсіздік — ел азаматтарының өмірін, денсаулығын, қоғам құндылықтарын қауіп-қатерден қорғайды. Азаматтарды саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік тұрғыдан қорғайды.

Экономикалық қауіпсіздік — Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін жағдайлардан қорғайды.

Экологиялық қауіпсіздік — жеке адам мен қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін қоршаған ортаның тазалығын қадағалайды. Мемлекет пен оның азаматтарын антропогендік және табиғи **қауіптіліктен** қорғайды.

Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің **бақуатты, мәңгілік** ел болуын қамтамасыз етеді.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен ұлттық қауіпсіздікті қорғау саласына қатысты термин сөздерді теріп жаз.

Үлгі: қауіпсіздік, ...

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Ұлттық мүдденің неден құралатынын анықтап, кластерге түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Оқылым мәтінін қайталап оқып, төмендегі суреттер ұлттық қауіпсіздікті қорғаудың қандай саласына сәйкес келетінін айт. Ойыңды дәлелде.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Ұлттық қауіпсіздіктің салаларын, олардың нені қорғайтынын анықтап, кестеге түсіріңдер.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі					
Бұл сала нені қорғайды? ...					

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Шашылған сөздер». Шашылған сөздерден сөйлем құраңдар. Көп сөйлем құраған оқушы «жеңімпаз» атанады.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлттық қауіпсіздіктің негізін не құрайды?
2. Ұлттық мүдде неден құралады?
3. Еліміздің қауіпсіздігі қандай саланы қамтиды?
4. Ұлттық қауіпсіздікті кімдер қорғайды?
5. Қалай ойлайсың, бақуатты, мәңгілік ел болу үшін не керек?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ойды жалғастырып, сөйлемді аяқта.

Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім.

Маған ... қызық болды

Маған ... қиындық тудырды.

Есте сақта!

Ұлттық қауіпсіздіктің негізін ұлттық мүдде құрайды. Ұлттық мүдде жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесінен құралады. Ұлттық қауіпсіздік ел тәуелсіздігін, қоғамды және жеке адамдардың құқықтарын қорғайды.

Қазақстан — бақуатты әрі мәңгілік ел.

түсіндім. Ең әуелі ұлттық қауіпсіздік маманы болу үшін қандай оқу орнына түсу керек екенін анықтадым. Баспасөз беттерінен Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ақпарат іздедім.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті 1992 жылы 13 шілдеде құрылған екен. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік органының тарихы осы күннен басталыпты.

Ұлттық қауіпсіздік үш деңгейді — **жеке адамның қауіпсіздігін, қоғам қауіпсіздігі мен мемлекеттің қауіпсіздігін** — қамтиды екен. Ұлттық қауіпсіздік органдары 4 бағытта қызмет етеді. Олар: 1. **лаңкестік** пен **экстремизмге** қарсы әрекет; 2. ақпараттық қауіпсіздік; 3. экономикалық қауіпсіздік; 4. негізгі мемлекеттік шегара. Мемлекеттік шегара қызметі шегаралық аумақтар мен кедендік бекеттерді қамтиды.

Ұлттық қауіпсіздік мамандарын дайындайтын екі білім беру мекемесі бар екен. Олар — Алматыдағы Қазақстан Республикасы ҰҚК Академиясы және ҚР ҰҚК Шегара қызметінің академиясы. ҰҚК Академиясы 1999 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен құрылған. Академия — республикадағы үздік оқу орындарының бірі. Онда 6 факультет бар. Мен Алматыдағы Қазақстан Республикасы ҰҚК академиясына оқуға бармақпын. Осы академияда білім алып, елді түрлі қауіптен қорғағым келеді. Отан қорғау — әр азаматтың **абзал парызы**.

ҰҚК академиясының түлектері міндетті түрде шет тілдерді меңгеруі керек. Мен шет тілді жақсы білемін, болашақта жетілдіремін. Менің ойымша, бірнеше тіл білген адамның әрекеті қашанда өміршең болады.

Ал сенің аңсаған мамандығың қандай? Қандай оқу орнына барғың келеді?

Н. Қалкенқызынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ұлттық қауіпсіздіктің неше деңгейі бар екенін анықтап, кластерге түсір. Әрқайсысына өз түсінігің бойынша сипаттама бер.

Үлгі:

1. Жеке адамның қауіпсіздігі. Яғни республиканың әр азаматының өмірін қорғау. Адамның жеке өміріне қатысты мәселелердің жария болмауын, ... , ... қадағалау.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Мәтіннен берілген сандарға қатысты мәліметтерді тауып оқы, кестеге жаз.

1992 жылы	3	4	2	1999 жылы

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Дұрыс және дұрыс емес ақпаратты анықта.

№	Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	Ұлттық қауіпсіздік комитеті 1992 жылы 13 шілдеде құрылған.		
2	Ұлттық қауіпсіздік екі деңгейді қамтиды.		
3	Ұлттық қауіпсіздік органдары төрт бағытта қызмет етеді.		
4	Астанада ұлттық қауіпсіздік мамандарын дайындайтын білім беру мекемесі бар.		
5	ҚР ҰҚК Шегара қызметінің академиясы Алматыда орналасқан.		

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топ ұлттық қауіпсіздік органдарының 1 бағытын таңдап, олардың қызметіне не кіретінін шамалап анықтасын.

Үлгі:

1. Лаңкестік пен экстремизмге қарсы бағыт. Бұл бағыт елді лаңкестік ... қорғайды.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өзіңе ұнаған пікірді таңдап, келісетініңді не келіспейтініңді дәйектеп айт.

1. Отан қорғау — әр азаматтың абзал парызы.
2. Ата-ананы сыйлау — әр азаматтың абзал парызы.
3. Жақсы оқу — әр азаматтың абзал парызы.
4. Жоғары оқу орнына түсу — әр азаматтың абзал парызы.
5. Елге қызмет ету — әр азаматтың абзал парызы.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Төмендегі ойларды сұраққа айналдырып, диалог құрыңдар.

1. Шет тілін білген адамның әрекеті өміршең болады.
2. Ана тілін білген адамның әрекеті өміршең болады.
3. Білімді адамның әрекеті өміршең болады.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Веер» жұптық ойыны арқылы сабақты қорытыңдар.

Есте сақта!

Отан қорғау — әр азаматтың абзал парызы. Бірнеше тіл білген адамның әрекеті қашан да өміршең болады. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болу — менің аңсаған арманым.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиик-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиик-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

5-6 сабақ

Сағадат Нұрмағамбетов — халық қаһарманы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін сақтауға үлес қосқан қандай тұлғаларды білесің?
2. Суретте бейнеленген адамды кім деп ойлайсың?
3. Бұл адамның суреті не үшін берілгенін болжап айт.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сабақ тақырыбындағы «қаһарман» сөзінің мағынасын анықта. Шағын мәтін түрінде пікір жаз.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, диалог ұйымдастырыңдар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Халық Қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов – еліміздің тәуелсіздігі мен тыныштығын сақтауға үлкен үлес қосқан тұлға. Сағадат Нұрмағамбетовтің жастық шағы Ұлы Отан соғысымен қатар келді. Жас кезінде С. Нұрмағамбетов география және тарих пәнінің мұғалімі болуды армандаған. Тарих пен географияны жақсы көрген болашақ генерал әлем картасын өте жақсы меңгереді. Ол кез келген елдің тарихы мен жер ерекшелігін жетік білген. Мұғалім болуды армандаған Сағадат Ұлы Отан соғысы кезінде Еуропа елдерін жаудан азат етті. Ол кісі — 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңісті

жақындатқан қазақ батырларының бірі. Белоруссия, Солтүстік Кавказ, Украина, Молдавия, Польша, Германия майдандарында соғысқан. Польша жерінде көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол кезде С. Нұрмағамбетов небары 20 жаста ғана еді. Батыр Германияда Гитлер канцеляриясын шабуылдауға қатысып, Берлинде соғысты аяқтады.

Қаһарман С. Нұрмағамбетов соғыстан кейінгі бар өмірін әскери қызметке арнады. Еліміз егемендік алған 1991 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитетін басқарып, 1992-1996 жылдар аралығында қорғаныс министрі қызметін атқарды. Елдің ұлттық қауіпсіздігінің дамуына қосқан еңбегі үшін 1994 жылы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке Халық Қаһарманы атағы мен №1 «Алтын Жұлдыз» берілді.

Генерал Сағадат Қожахметұлы егемен елдің тарихын жасауға қатысып, өзі де тарихи тұлғаға айналды. Қазақстан Республикасының алғашқы қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов білікті әрі талапшыл қолбасшы болды. Ол еліміздің Қарулы Күштерін қалыптастырып, нығайтуда өлшеусіз еңбек етті. Осы еңбегі үшін Сағадат Қожахметұлына Халық Қаһарманы атағы берілді.

www.inform.kz

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Мәтіннен берілген сандарға қатысты мәліметтерді тауып оқы, кестеге жаз.

Мәтінде кездесетін сандар	Санға қатысты дерек
1942 жылы	
1945 жылы	
1991 жылы	
1992 жылы	
1996 жылы	
1994 жылы	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төменде берілген түйінді сөздерге қатысты мәтінде қандай ой айтылған.

Тәуелсіздік, тыныштық, үлес қосқан, мұғалім, Ұлы Отан соғысы, азат етті, Еуропа, Кеңес Одағының Батыры, Берлин, әскери қызмет, Мемлекеттік қорғаныс комитеті, қорғаныс министрі, Халық Қаһарманы, тарихи тұлға.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҒЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, С. Нұрмағамбетов туралы 50 сөзден тұратын ақпарат дайында. Мәтін Халық Қаһарманын таныстыру мақсатында құрастырылсын.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог ұйымдастырыңдар.

1. Еліміздің тәуелсіздігі мен тыныштығын сақтауға үлкен үлес қосқан қандай тұлғаларды білесің?
2. С. Нұрмағамбетовтің жас кезіндегі арманы қандай еді және ол неге орындалмай қалды?
3. Батыр Ұлы Отан соғысы кезінде қай елдерді жаудан азат етті?
4. Кеңес Одағының Батыры атағы не үшін берілді?
5. Қаһарман С. Нұрмағамбетов соғыстан кейін немен шұғылданды?
6. Сағадат Қожахметұлына Халық Қаһарманы атағы не үшін берілді?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сағадат Нұрмағамбетов туралы деректі фильмді көріп, түсінгеніңді баяндап айт.

<https://brclip.com/video/IEvBqFotwXc/Caғадат Нұрмағамбетов. «Сертіне берік сардар». «Тарих. Тағдыр. Тұлға».html>

Есте сақта!

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов — Халық Қаһарманы. Ол кісі — 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңісті жақындатқан қазақ батырларының бірі. Польша жерінде көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Генерал Сағадат Қожахметұлы егемен елдің тарихын жасауға қатысып, өзі де тарихи тұлғаға айналды.

7-8
сабақ

Білім – мемлекеттің қауіпсіздігі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

құндылық, берекесіздік, түйсіну, өзектілік

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ой шақыру» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бер.

1. Білім беру жүйесінің басты мақсаты не? Өз ойыңды дәлелдеп айт.
2. Білім беру жүйесінің мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысы бар ма?
3. Білім беру жүйесі қоғамның саяси-экономикалық жағынан дамуына әсер ете ала ма?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Білімге байланысты айтылған мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір. Бүгінгі өмірмен байланыстыр.

- Күш - білімде, білім - кітапта.
- Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп.
- Білім ауысады, ырыс жұғысады.
- Білім арзан, білу қымбат.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдай отырып, негізгі тірек сөздер мен терминдерді тауып, мағынасын анықта.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген оқшау сөздерді қолданып, мәтін бойынша ойыңды таратып айт. Үлгі: Меніңше, білімді ұрпақ бұл – тәуелсіздік тірегі.

1. Меніңше, ұлттық қауіпсіздік дегеніміз...
2. Әрине, бұл мәселелер уақтылы шешілмесе...
3. Сірә, білім беру мен мемлекеттің қауіпсіздігі...
4. Апырай, Ә! Білім беру жүйесі мынадай болса...
5. Әттеген-ай, бұрыннан бері білім жүйесін...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға бер.

Ұлттық қауіпсіздік тек қарудың күшімен қорғалмайды. Егер халық сауатты, білімді болса мемлекет өркендейді. Ондай мемлекетті сырттан ешкім басына алмайды. «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады» деген мақал өте орынды айтылған. Қазіргі уақытта адамның күшті болуы маңызды емес, білімді болуы маңызды. Білім қоғамды дамытуға, адамның жағдайын жақсартуға қызмет етуі керек. Сонда ғана білім бағалы болады. Білімді жастар – елдің болашағы.

Ұлттық мүддені, ұлттық құндылықтарды, елдің байлығын және бейбіт өмірді сырттан келетін қауіп-қатерден сыртқы ұлттық қауіпсіздік қорғайды. Ұлттық қауіпсіздік әскери жолмен де, басқа да әдістермен бұзылуы мүмкін. Мысалы, шекара арқылы заңсыз шикізат ресурстары, валюта, көркем және өзге құндылықтарды енгізу, алып өту әрекеттері болуы мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы күштер экономиканы әлсірету, елдің тыныштығын бұзу үшін тыңшылық жүргізуі мүмкін. Халықты рухани жағынан әлсірету, жалған ақпарат тарату және т.б. берекесіздіктер кездеседі. Білімді елдің халқы ондай берекесіздікке жол бермейді.

Мемлекеттің тәуелсіздігіне қауіп тудыратын іс-әрекеттермен елімізде үнемі күрес жүргізіледі. Елімізде ұлттық қауіпсіздіктің сақталуы, әрине, әскердің күш-қуатына байланысты. Ұлттық қауіпсіздік әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық, рухани-мәдени, ақпараттық, саяси-құқықтық мәселелерге де байланысты. Ұлттық қауіпсіздік адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесі мен талабын, тілегін дұрыс шешкенде сақталады. Егер өзекті мәселелер уақытында дұрыс шешілмесе елімізде берекесіздік пен тәртіпсіздік туындауы мүмкін. Оны әрбір Қазақстан азаматы бүгінгі әлеуметтік қоғамда, әлемде болып жатқан саяси өзгерістерге қарап түйсінуі шарт.

Н.Қалкенқызынан

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. «ММ» (мәтін мазмұны) әдісі. Оқылым мәтіні бойынша кестені толтыр.

Қандай жаңа ақпарат алдың?	Қиындық тудырған түсініктер	Алған біліміңді қайда қолданасың?

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ойлан, талқыла» әдісі бойынша оқылым мәтініне қатысты пікіріңді жеке ойланып, топта талқылау жаса.

1. Оқылған мәтіннің негізгі идеясы не?
2. Мәтінде тағы қандай негізгі ақпараттар берілді?
3. Ұлттық қауіпсіздікті қандай жолдармен қамтамасыз етуге болады?
4. Оқылған мәтінге қандай тақырып қояр едің?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Тыңдалым, оқылым мәтіні бойынша «Қос диаграмманы» толтыр.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген сұрақтарды пайдаланып, сурет бойынша диалог құрыңдар.

1. Суретте бейнеленген тұлғалардың ел қауіпсіздігі мен дамуына қосқан үлесі қандай?
2. Олар туралы не білесің?
3. Суретте бейнеленген тұлғаларды өзара не байланыстырады?



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары» деген тақырыпта аргументативті эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап алып, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Тармаққа қажетті аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.

Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «3-2-1» стратегиясы бойынша өз ойыңды білдір.

- Тақырыпты оқуда алған маңызды 3 ақпарат;
- Оқуда қиындық тудырған 2 аспект;
- Оқу барысында ұнаған 1 іс-әрекет.

Есте сақта!

Бүгінгі таңда ұлттық қауіпсіздіктің тиімділігі қордаланған әскери күш-қуаттың шеңберінде ғана емес, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық, рухани-мәдени ақпараттық, саяси құқықтық және адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүддесі мен талап-тілегіне қатысты өзге де қарама-қайшылықтар дер кезінде қалай шешімін тауып отыратындығына тікелей байланысты болып отыр. Бұл мәселелер уақтылы шешілмесе, елімізде берекесіздік пен тынышсыздық тууы мүмкін.

9-10- сабақ

Тыныштық – елге аманат

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

тыныштық, берекесіздік, құрдым, қайталанбас


АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Ұлы тұлғалардың ел тыныштығы жайлы айтқан нақыл сөздерін көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

- Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп (Күлтегін).
- Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады (Күлтегін).
- Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ (Білге Мерген).
- Бейбіт елде – сән бөлек, бүлінген елде – дау бөлек (Төле би).
- Жер бетіндегі бейбітшілік пен тыныштықты қаласақ, алдымен сәбилерге назар аударуымыз керек (Махатма Ганди).

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Нақыл сөздердегі бейбіт елге тән қасиеттерді диаграммаға түсір.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Қазыбек бидің сөзімен келісесің бе? Ойыңды жүйелеп айт.

Төрімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Туырлыққа ту іліп,
Қыннан қылыш суырып,
Көк найзаның ұшына күдері таққан елміз!

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға бер. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Адамзат өмір бойы **тыныштықта**, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандап келеді. Бірақ нақты өмірде оған ешқашан толық қол жеткізген емес. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, соңғы 5 мың жылда жер бетінде небары 292 жыл ғана бейбітшілік «билік» құрыпты. Қалған уақыттың бәрінде мемлекеттер «Тыныштық керек болса – соғысқа дайындал» деген қағидамен өмір сүрген көрінеді. Осы аралықта жер бетінде 15 мыңнан астам **қантөгіс** шайқас өтіпті. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері жер бетінде бейбіт өмір орнады десек те, әлемнің түрлі аймақтарында ірілі-ұсақты соғыстар, қарулы қақтығыстар, лаңкестік әрекеттер жиі кездесуде. Батыстың бір ғалымының есептеуіне қарағанда, өткен XX ғасырдың соңғы 45 жылында әлемде бар-жоғы 12 ғана «бейбіт» күн болыпты. Кейінгі 40 жылдың ішінде ғана дүниежүзінде 250 соғыс болып, 354 млн адам қаза тауыпты. Иә, жоғарыда келтірілген бұл деректер өте қорқынышты!..

XXI ғасырдың ең басты заңы – **татулық**. Президентіміз – бұл заңдылықтың құдіретін ерекше түсінетін әлемдегі көреген, қайталанбас басшылардың бірі. Бейбітшілік пен келісімсіз әлемнің құрдымға кетуін, адамдардың қырылып кетуін, табиғат анамыздың экологиялық проблемаларға ұшырау мүмкіндігін біздің еліміз бен Елбасымыз өте жақсы біледі. Мемлекеттердің тәуелсіздігінен айырылу қаупі туралы елбасымыз Н.Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем **кеңістігінде** ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама» – дейді де, жалпы әлемдегі мемлекеттердің мемлекет болып қалу кепілдігі «бейбітшілік пен келісімде» жатқанын тілге тиек етеді.

Әрине, әрбір азамат өз ортасы мен қоғамының бейбітшілігі мен келісімін құрметтей алуы тиіс.

Бірлік бар жерде тірлік барын ұққан халықпыз. **Ауызбірлік** пен түсіністік, қарапайым сыйластық, бейбітшілік пен келісім үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатынын еліміздің соңғы жылдардағы тәжірибесі дәлелдеп берді. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, әлемдік беделі қалыптасып, ілгері басып келеді.

Дінмұхамед Аязбеков

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін қандай жанрда жазылған? Ерекшелігін анықтап, талда.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Топтық жұмыс. «Сүзгі» әдісі бойынша мәтіндегі тірек сөздер мен терминдерді теріп жаз. Сол сөздер мен терминдерді қатыстырып сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Оқылым мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннің маңызды ақпараттық бөліктерін анықта. Негізгі тірек сөздер мен терминдерді пайдаланып, шағын мәтін құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Тыныштық – тәуелсіздік кепілі» деген тақырыпта пікірталас өткізіңдер.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісін пайдаланып, бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Табыс сатысы» әдісі. Оқушылар бөлім бойынша қай сатыда тұрғанын көрсетіп, таңдаудағы себебін түсіндіреді.



Есте сақта!

Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Адамзат өмір бойы үнемі тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандап келеді.

11-12-
сабақ

Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» (поэма)

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

төлтума, ұлықта, текті, түпқазық

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан тәуелсіздігі туралы қандай шығармаларды білесің?
2. Туған жер, отан жайлы қандай мақал-мәтел білесің?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» атты поэмасы бар. Елдің тәуелсіздігі ғасырлар бойы бабалардың **аңсаған** арманы болды. Ақын бұл **төлтума** шығармасында халықтың арманы орындалып, тәуелсіздік алғанын жырлайды. Жаңа сәулетті астананың салынғанын айтады. Халық «Бәйтеректі» елорданың символы ретінде **ұлықтайды**. Ал Н. Айтұлы «Бәйтеректі» елорданың ғана емес, **текті** Қазақ елінің тәуелсіздігін білдіретін рәмізі, **түпқазық** мұнарасы ретінде сипаттайды. Ақын әріптестері оны «Бостандық жырының боз жорғасы» деп атайды.

Н. Айтұлының бірнеше өлеңіне ән жазылған. Оның «Ән домбыра», «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Арман», «Дариға, дәурен», «Қазақтай ел қайда?» деген әндерін халық сүйіп тыңдайды.

adebiportal.kz

1. Н. Айтұлының қандай төлтумасы туралы сөз болған?
2. Бұл төлтумада ақын нені жырлаған?
3. Сен ел тәуелсіздігінің символы ретінде тағы нені ұлықтар едің?
4. Қалай ойлайсың, қазір сенің құрдастарың, отандастарың нені армандайды?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Поэмадағы негізгі ойды анықтап, қандай мәселелер көтерілгенін айт.

Бәйтерек

(поэмадан үзінді)

Ақмола кеше ғана басқа қала
Айналды «Бәйтеректі» Астанаға!
Еміреніп өз анасы емізбесе,
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?
Бақытым басымда тұр талай күткен,
Сеземін келмегенін оңайлықпен.
Үзіле жаздап еді өндіршегім,
Өзекке тепкілеген өгейліктен.
Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,
Астана — ел тірегі, ел айбыны!
Кемері шалқып жатқан Қазақстан —
Мұхиттың аласұрған көк айдыны.
Тіршілік түзегенде көркін жаңа
Сұрапыл соқпаса екен толқын жара.
Армысың, Азаттықтың астанасы,
Талпынған арманына еркін қала!
Жаһанның жанарында жаңа қала
Жұлдыздай туы қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі?
Алғысын жаудырады Елбасыға
Болашақ бұл шаһардың тұрғындары.
Қарашы, шаңырағы жас қаланың
Аспанның бұлтын серпіп тастағанын!
Бүгіннен басталатын шежіресі,
Авторы — Назарбаев Астананың! ..
Самсаған қара орманым — байтақ елім,
Сынға сап сан жақсыны байқап едің.
Еңсесін елдігіңнің биіктеткен
Ортаңда бойлап өскен «Бәйтерегің»!
Өтінде арпалысқан өмір-майдан,
«Бәйтерек» — болашағың тамыр жайған.
Немесе Елбасының өр тұлғасы
Қолымен өзі әкеліп Тәңір қойған!
Туыңдай қанат керген желді күнгі
Танытты кең әлемге теңдігіңді.
Тұрғанда «Бәйтерегің» көкке шырқап,
Ұстай біл асқақтатып Елдігіңді!

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орында.

1. «Бәйтеректі» тақырып етіп алудағы ақынның мақсаты қандай?
2. Қазақ халқының өткен өмірі поэмада қалай көрініс тапқан?
3. Поэмадағы Елбасы бейнесін суреттеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Поэмадағы қазақ халқының өткені мен бүгінін ВЕНН диаграммасына түсіріп, салыстыр.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Нұр-Сұлтан қаласында тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болған ерекше ғимараттарды жинақтап, фотоколлаж дайында. Оларды сипаттап айт.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қазақстан Республикасының астаналары жайлы ақпарат дайындап, тұсаукесер дайында.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Тәуелсіз елдің болашағымын» тақырыбына эссе жаз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе не болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

Есте сақта!

Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» атты төлтума поэмасында елдің тәуелсіздігін жырлайды. Тәуелсіздік ғасырлар бойы бабалардың аңсаған арманы болды. Халық «Бәйтеректі» елорданың символы ретінде ұлықтайды, текті Қазақ елінің тәуелсіздігін білдіретін рәміз, түпқазық мұнара ретінде сипаттайды.

13-14 сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем құрастыр. Қауіп, мағлұмат, бақуатты, мәңгілік, лаңкес, кедендік, өміршең, абзал, аңса, текті, түпқазық, ұлықта, төлтума.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Н. Айтұлының «Отан» өлеңінің үзіндісін оқы. Әр шумақтың негізгі ойын анықтап, бір сөйлеммен айт. Ақынның пікіріне қосыласың ба? Өз ойыңды айт.

Біздер үшін отан жалғыз, ту жалғыз,
Қорғамасақ, несін ұл боп туғанбыз?!
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,
Иткөйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Біздің отан өліп, қайта тірілген,
Біздің байрақ құлап, қайта тігілген.

Опат болған ерлер рухы оянар
«Отан» деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,
Екеуінің амандығын тілеңіз.
Жас азамат, бұл отанның қадірін
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік саласының бағыттарын көрсетіп, олардың не істейтіндерін 1-2 сөйлеммен жаз.

Үлгі:

1. Лаңкестік пен экстремизмге қарсы әрекет бағыты. Олар түрлі лаңкестік топтардың теріс әрекеттеріне қарсы күреседі.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. 1-2 және 3-4-сабақтарда танысқан мәтіндердегі маңызды ақпаратты жинақтап, бір жинақы тезис-мәтін құрастыр.

Бос уақытты жоспарлау

ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасауды, тиісті ақпаратты анықтай білуді;
- көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасауды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтауды, ауызша мәтін құрауда орынды қолдануды;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері — әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдануды;
- мәтіннен нақты ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтауды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін, автор позициясын талқылауды;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беруді, өзіндік көзқарасыңды жүйелі, дәлелді жеткізуді;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажет негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтауды, дереккөздерге сілтеме көрсетіп, таныстыруды (тірек-схема, менталды карта, презентация);
- қажет ақпаратты орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп, эссе жазуды (дискуссивті эссе, аргументативті эссе);
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуды, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білуді;
- айқындауыш мүшелердің (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білуді, жазба жұмыстарында орынды қолдануды **үйренесің**.

Жаңа сөздер:

мөлшер, рақат, елең-алаң, енжар,
зер, зерігу, күйтабақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөздерді баламасымен сәйкестендір.

1	жоспарлай алу білігі	а	время перед закатом (солнца)
2	зер салу	ә	скучать от безделья
3	мөлшерін анықтау	б	приехали рано утром
4	жан рақаты	в	относиться равнодушно
5	кіші бесін	г	обращать внимание
6	елең-алаңда келді	ғ	умение планировать
7	енжар қарау	д	определить количество
8	қолбостықтан зерігу	е	услуга для души

ТІЛДІК БАҒДАР

Айқындауыш — анықтауыштың ерекше бір түрі. Сөйлемде белгілі бір мүшенің заттық, мекендік, мезгілдік, т.б. мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөз я сөз тіркесі. Айқындауыш айқындайтын сөздерімен тұлғалас, қызметтес болып келеді.

Айқындауыш мүшелер құрамы мен құрылымына қарай, мазмұнына байланысты үш түрлі болады:

1. оңашаланған айқындауыштар (особленные уточняющие)
2. қосалқы айқындауыштар (дополнительные уточняющие)
3. қосарлы айқындауыштар (удвоенные уточняющие)

1. Оңашаланған айқындауыш — өзінен бұрын тұрған сөзді айқындап, дәлелдеп, түсіндіріп тұратын бір немесе бірнеше сөз. Оңашаланған айқындауыштың алдынан әсіресе, **яғни, көбінесе, сияқты** сөздер қолданылуы мүмкін. Оңашаланған айқындауыш бастауышты ғана емес, басқа да мүшелерді — пысықтауышты, толықтауышты, кейде анықтауышты да айқындай береді. Үтір оңашаланған айқындауыштың екі жағынан қойылады. **Бірнеше және** бірыңғай мүше болып келсе, үтірдің орнына сызықша қойылады. Оңашаланған айқындауыш жалпылауыш мүшені де айқындауы мүмкін. Онда жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Мысалы: «Бұларсыз — жем-шөпсіз, қорасыз, жайылымсыз — малды қыстан күйлі шығарам» деген — бос сөз. Еуропаның теңіздері — Азов, Солтүстік және Баренц теңіздері — балыққа бай.

2. Қосалқы айқындауыш көбіне зат есімдердің қосымша сыны ретінде жұмсалады. Қосалқы айқындауыштар анықтайтын сөздерінің алдында келсе де, соңында келсе де, ешбір тыныс белгісіз байланысады. Мысалы: Әнші Ермек Серкебаев, Алпамыс батыр, профессор Сабырбаев.

3. Қосарлы айқындауыш — айқындайтын мүшенің бір сыңары болып, мазмұнын дәлелдеп тұратын сөз. Қосарлы айқындауыш кейде өзі анықтайтын сөзімен де-фис арқылы байланысады. Мысалы: Талғат Мұсабаев әлемге танымалы ұшқыш-ғарышкер. Телефон-автомат, инженер-механик.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді тауып, түрлерін анықта.

Жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқымаған қазақ жоқ шығар. Бауыржан Момышұлы — Ұлы Отан соғысына қатысқан ақын-жазушы. Біз кеше танымал әншілердің — Роза Рымбаева, Димаш Құдайбергелі, Қайрат Нұртастың қатысуымен болған бағдарламаны тамашаладық. Біздің мектептің оқушылары — әсіресе, 9-сынып пен 10-сыныптары әрдайым аудан сайыстарына қатысуда. Оның әкесі өңірде белгілі майталман-шебер адам болған.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, жаңа сөздерді сөз тіркестерімен ата.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдаған мәтінге сәйкес ақпаратты анықта.

- 1) Ермек істер жаныңызға рақат сыйламайды.
- 2) Ермек іс денсаулыққа пайдалы.
- 3) Күйтабақ жинау ермек іске жатпайды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша ермек істер тізімін жазып шық. Сенің досың қандай ермек іспен айналысады? Айтып бер.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің лексика-грамматикалық синонимдерін тауып айт.

Мен бүгін сендерге уақыттарыңды дұрыс жоспарлаудың бірнеше **құпиясын** ашамын. Іскер адамдар оған арнайы термин ойлап тапқан екен. Ол — тайм-менеджмент. Тайм-менеджмент — уақытыңды дұрыс жоспарлау өнері. Ол — бір тәулікті 48 сағатқа айналдыратын сиқыр емес, бірақ көп шаруа тындыруға үлгерудің бір жолы. Қалай ойлайсың, іскер адамның негізгі қасиеті не? Кез келген іскер адамның негізгі қасиеті — өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігі. Уақытты жоспарлай алу білігіне үйрену қажет. Оны үйренуді тап қазір бастау қажет. Ағымдағы жұмыстармен алда жасалатын жұмыстарды жоспарлап, күн сайын күнделікке жазып отырыңдар. Оны **енжарлық** танытпай, ұялы телефондарыңа жазып алуларыңа да болады.

Өз жұмыстарыңды үш категорияға бөліңдер: өте маңызды, маңызды, күнделікті. Нақты мақсат қоймасаңдар, көп уақыт пен күш-қайраттарыңды бекер жоғалтып аласыңдар. Жоспарланған жұмысты орындау мерзімін, **мөлшерін** нақтылау қажет. Ол міндетті! Өйткені «Уақытым болса, жасаймын» мен «Бір сағаттың ішінде жасаймын» деген ұғымдардың айырмашылығы **үлкен**.

Бірінші жағдайда ақталуға себеп табылады, ал екінші жағдайда белгілеген міндетті орындауға қатаң шектеулі шарт қойылады. «Жоқ!» деп айтуға үйрену керек. Біреулердің

өзіңді пайда әкелмейтін жұмысқа тартуына жол берме. Маңызды нәрселерді жай нәрселерден ажыратуды үйрену керек. Осы ережелерді бір ай ұстан. Қорытынды жаса: уақытты жоспарлы пайдалануға үйрендің бе, жоқ па?

Дружные ребята. №41. 15.10.2013.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Дружные ребята» газеті қандай құпиямен бөлісті?
2. Іскер адамдар не ойлап тапқан екен?
3. Іскер адамның негізгі қасиеті не?
4. Жұмыстарды неше категорияға бөлуді ұсынады?
5. Нақты мақсат қойылмаса, не болады?
6. Жоспарланған жұмысты орындау мерзімін нақтылау не үшін қажет?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құр.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөздерді қойып жаз.

Бүгін сендерге өз уақыттарыңды бірнеше құпиясын ашамын. Іскер адамдар оған арнайы термин екен — тайм-менеджмент. Тайм-менеджмент — дұрыс жоспарлау өнері. Ол — бір тәулікті 48 сағатқа айналдыратын сиқыр емес, бірақ көп үлгерудің бір жолы. Кез келген іскер адамның өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігі.

Қажет сөздер: *өз уақытыңды, ойлап тапқан, негізгі қасиеті, шаруа тындыруға, дұрыс жоспарлаудың.*

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтырыңдар.

1. Әдетте сен әр күніңе жоспар құрасың ба?
2. Достарыңмен телефон, интернет арқылы сөйлесесің бе?
3. Жоспарланған жұмыстарды уақытыңда бітірген кездерің көп пе? Ол қандай жұмыстар?
4. Орындалмай қалған жұмыстарың бар ма?
5. Көптен көрмеген танысыңмен кездесіп қалдың. Уақытың тығыз. Не айтар едің?

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ертеңгі күніңе жоспар құр. Жасайтын жұмыстарды үш категорияға бөл: өте маңызды, маңызды, күнделікті. Орындалатын уақытын көрсет.

№	Жұмыс түрлері	Атаулары	Орындалатын уақыты
1	Өте маңызды		
2	Маңызды		
3	Күнделікті		

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Тайм-менеджмент — өз уақытыңды дұрыс жоспарлау өнері. Кез келген іскер адамның негізгі қасиеті — өз уақытын дұрыс жоспарлай білуі. Күнделікті жұмыстар мен алда жасалатын жұмыстарды жоспарлап отырыңдар. Оны енжарлық танытпай, ұялы телефондарыңа жазып алуларыңа да болады.

Өз жұмыстарыңды үш категорияға бөліңдер: өте маңызды, маңызды, күнделікті. Нақты мақсат қою керек. Жоспарланған жұмысты орындау мерзімін, мөлшерін нақтылау қажет.

3-4- сабақ

Демалыс мәдениеті

Жаңа сөздер:

кәсіби, көңілсіз, кірбің, бағыт-бағдар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Өз пікіріңді ортаға сал.

- Қандай ермек іспен айналысқың келеді?
- Ол ермек іс несімен ұнайды?
- Ол ермек істің қандай пайдасы бар?
- Достарыңа қандай ермек іспен айналысуды ұсынар едің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Айқындауыш мүшелер бойынша берілген сызбаны толтырып, айтып бер.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қара. Мәтінге қатысты суреттерді тауып, берілген сөздермен сөйлем құрастыр. Айқындауыш мүшелерді қолдан.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сөйлемді жалғастыр.

Халықтық демалыс әдет-ғұрыптарына мынадай мәдени іс-әрекет түрлері кіреді:

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мектепте бос уақытты қызық әрі танымдық мақсатта өткізу үшін жоғары сыныптар арасында «Тапқырлар мен көңілділер» кешін ұйымдастыруға болады.

«Тапқырлар мен көңілділер» кешінің мазмұны мынадай элементтерден (құрамдарын) тұрады:

1. командалардың бір-бірімен сәлемдесу рәсімі;
2. сергіту;
3. негізгі сын — байқау ойындары;
4. үйге берілген тапсырманы тексеру;

5. көркемөнер нөмірлері;
6. жанкүйерлер байқауы;
7. капитандар байқауы.

Бұл элементтер мазмұн жағынан өзгере отырып, «Тапқырлар мен көңілділер» кешінің сценарийінің негізін құрайды. Енді осы элементтердің әрқайсысына сипаттама бере кетейік.

1. Командалардың бір-бірімен сәлемдесуі ұзақтығы жағынан 3 минуттан 10 минутқа дейін болуы мүмкін. Ол достық әзіл түрінде не болмаса еңбектегі, қоғамдағы, бос уақыттағы табыс, кемшілік, қайшылықтарды көрініс ретінде топпен дайындалуы керек.

2. «Сергітуде» командалар сахнаға шығып, команда мүшелерінің жанкүйерлер, әділ қазылар алқасы алдындағы психологиялық толқу сезімдерін жеңілдетуге бағыт-бағдар беріледі. «Сергіту» тапсырмасы қарапайым, бірақ қызық болуға тиісті. Мысалы, жаңылтпаш айтқызу, әзіл сұрақтар қою, суреттерге жан бітірткізу, музыкалық жұмбақтар қою, т. с. с. болып келеді.

3. Кештің негізгі, ұзақ бөлімі — тосыннан өткізілетін байқау ойындар. Тапсырма белгіленген уақыт аралығында (1 минуттан 3 минутқа дейін) тақырыпқа байланысты дайындықсыз, тосыннан орындалуы керек.

4. «Тапқырлар мен көңілділер» кешінің тартымды бөлігінің бірі — үйге берілген тапсырманы» тексеру. Тақырыпты орындау үшін мынадай тәсілдер қолдануға болады: ауызша әңгіме, интермедия, сықақ, монолог, айтыс, шешендік сөздер, көрініс, сайқымазақ ойындары, пантомима, әзіл өлеңдер, т. с. с. Үй тапсырмасының қойылымдық ұзақтығы 3 минуттан 10 минутқа дейін болуы мүмкін.

5. Көркемөнер нөмірлері — «Тапқырлар мен көңілділер» кешін ұйымдастыру кезінде әр команда 3-тен 5-ке дейін (кейін одан да көп болады) әуесқой көркемөнер нөмірлерін дайындайды.

6. Жанкүйерлер арасында өткізілетін байқауды көпшілік сипатта, не болмаса топтық сипатта, не болмаса жеке адамдар арасында ұйымдастыруға болды. Өткізілетін байқау түрлерін алдын ала дайындағанда жанкүйерлер құрамының жасын, кәсіптік ерекшелігі мен мүмкіндігін ескерген жөн.

7. Капитандар байқауы. Кештің ерекше қызық бөлімдерінің бірі — капитандар арасында болатын байқау. Капитандар сайысы бір немесе бірнеше тапсырмадан тұруы мүмкін. Тапсырмалар әр капитанның өзіндік ерекшелігін, ойлау деңгейін, шешендік өнері мен тапқырлығын, жарасымды әзіл-оспағы мен күштілігін көрсетуге бағытталуы керек.

«Тапқырлар мен көңілділер» кешінің соңында жеңімпаз топты анықтау үшін сөз әділ қазылар алқасының төрағасына беріледі. Содан соң жеңімпаз команда анықталып, командаға сыйлықтар, дипломдар табыс етіледі.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сәйкестікті тап.

1	Командалардың бір-бірімен сәлемдесуі	A	Тақырыпты орындау үшін ауызша әңгіме, интермедия, сықақ, монолог, айтыс, шешендік сөздер, көрініс, әзіл өлеңдер
2	«Сергіту»	B	әр командаға 3-тен 5-ке дейін (кейін одан да көп болады) әуесқой адамдарға беріледі.
3	Негізгі байқау ойындары	C	көпшілік сипатта, не болмаса топтық сипатта, не болмаса жеке адамдар арасында ұйымдастыруға болады.
4	Үйге берілген тапсырманы тексеру	D	Тапсырмалар ойыншының өзіндік ерекшеліктерін, ойлау деңгейін, шешендік өнері мен тапқырлығын, жарасымды әзіл-оспағы мен күштілігін көрсету үшін
5	Көркемөнер нөмірлері	E	мазмұны жағынан достық әзіл түрінде, не болмаса еңбектегі, қоғамдағы, бос уақыттағы табыс, кемшіліктерді көрініс ретінде топпен көрсетеді.
6	Жанкүйерлер байқауы	F	Тапсырмаға қажет уақыт белгілейді, тақырыпқа қатысты, дайындықсыз орындауды талап етеді.
7	Капитандар байқауы	H	психологиялық толқу сезімдерін жеңілдетуге бағыт-бағдар беріледі.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Интернеттен «Тапқырлар мен көңілділер» клубының «Бос уақытты өткізу» тақырыбы бойынша ойынын тамашала.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Тапқырлар мен көңілділер» кешінің сценарийін топпен құрастырыңдар. Мектепте өткізіңдер.

- 1) Тақырыбы: «Бос уақыт»
- 2) Тапсырмаларға материал табу
- 3) Топ мүшелерінің рөлдерін анықтау
- 4) Рәсімдеуге жауаптыларды анықтау

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Диалогті аяқтаңдар.

— Достарыммен телефон, интернет арқылы сөйлесуге көп уақыт кетеді. Мүмкін, олардан бас тарту керек шығар?

— Ұялы телефон мен интернет — уақытты үнемдеуге көмектесетін, өркениеттің жетістіктері. Сондықтан бас тартуға болмайды.

— Әрине, бас тарту керек. Өйткені олар «уақыт ұрлайды».

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

- Тайм-менеджмент (ағылшын тілінен аударғанда, «уақытты басқару») — мақсатқа жету үшін өз уақытыңды тиімді жоспарлау, уақыт табу, басымдылықтарды алға шығару, жоспарланған шаруалардың орындалуын бақылау.
- Уақыт — үнемі толықтырып отыратын, орнына қоя салатын, сарқылмайтын нәрсе емес.
- Уақыт — біздің өміріміз өрнектелген жіп. Уақыт — бізге туғаннан өмірдің соңына дейін берілген ең бағалы құндылық. Біздің өміріміз уақыттан тұрады: жылдар, айлар, күндер, сағаттар, минуттар, секундтар.
- Әр затты өз орнына ретімен қой. Сонда оларды іздеп, уақыт жоғалтпайсың.
- Уақытты тиімді жоспарлау — табыстың кілті.

5-6-
сабақ

Уақыт — сыншы

Жаңа сөздер:

сәске, ымырт, бесін, іңір

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мақал-мәтелді оқып, уақыт өлшемдерін түсіндір.

Уақыт — емші.

Ештен кеш жақсы.

Елу жылда ел жаңа.

Адамды заманы билейді.

Уақыт керуеніне бөгет жоқ.

Жасы бір — құрдас емес, заманы бір — құрдас.

Жақсы адамның ашуы шайы ормал кепкенше.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Айқындауыш мүшелерді қосып сөйлемді қайта құрастырып жаз.

Кез келген іскер адамның негізгі қасиеті — өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігі. Ағымдағы жұмыстармен алдағы уақытқа жоспарларыңды күн сайын күнделікке жазып отырыңдар. Оны ұялы телефондарыңа жазып алуларыңа да болады. Нақты мақсат қоймасаңдар, көп уақыт пен күштеріңді бекер жоғалтып аласыңдар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен уақыт мөлшерін анықтайтын сөздерді жазып, оларды сипатта.

Үлгі: кешегі күн — өткен күн, кеше болған күн...

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен өзіңе қандай қорытынды жасадың?

1. Уақытыңның көбін неге арнап жүрсің?
2. Қалай ойлайсың, уақытыңды тиімді өткізіп жүрсің бе?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайында.

Қазақ халқының уақыт туралы көзқарасы оның өмір сүрген ортасымен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған. Уақыт атауларымен жылдың әр мезетін білдіретін кезең аттары олардың шаруашылығымен, табиғат құбылыстарымен байланысты.

Уақытты білдіретін сөздер тұрақты тіркес түрінде беріледі.

Шаруашылық ерекшелігіне байланысты уақыт өлшемдері:

Қас қағым сәт — 1 секунд. «Қасты қағу» деген өте тез жылдамдықты білдіреді.

Сүт пісірім — 30-50 минут шамасындағы уақыт. Сүт піскенше кететін уақыт.

Жарты сағат — 30 минут.

Шай қайнатым уақыт — 40-60 минут аралығы. Самаурындағы шайдың қайнау уақыты.

Бие сауым — 1-1,5 сағат. Биенің екі сауымының арасындағы мезгіл.

Ас пісірім — 1,5 немесе 2 сағат көлемі. Асты дайындауға кететін уақыт.

Ет асым уақыт — 2,5-3 сағат уақыт. Ет асуға кететін уақыт.

Бір тәулік — 24 сағат. Күн мен түннің тұтас болған сәті.

Табиғатпен байланысты уақыт өлшемдері:

Таңсәрі — жерге алғаш жарық түскен тәулік мезгілі.

Шолпан жұлдызының туған мезгілі. Таң ата — Күннің ұясынан шығар алдындағы мезгіл.

Сәске — күн шығып, көтерілген кез.

Ұлы сәске — түске жақындаған мезгіл.

Тал түс — 13.00 шамасы. Күннің тас төбеге келуі.

Шаңқай түс — 15.00 шамасы.

Ұлы бесін — 16.00 шамасы.

Қызыл іңір — батыстан күннің қызылы әлі көрініп тұрған мезгіл.

Кеш — күн толық батқан мезгіл.

Түн ортасы — түнгі 24.00

Түн жарым — түнгі 03.

Түн — қас қарайғаннан таң атқанға дейінгі мезгіл.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Уақыт өлшемдерін атап, сағатқа айналдыр.

Сахнаға Алтынай Байтоқанова шықты. Алтынай — жылдамдықты талап ететін иллюзия өнерінің шебері. Ол қас қағым сәтте он бес көйлек ауыстырды. Алтынайдың

көйлектері қазақтың ою-өрнегімен безендірілген. Бие сауым уақыттан соң үзіліс болды. Үзілісте халыққа қолтаңба берді. Үзілістен кейін қойылым шай қайнатым уақыт жалғасты. Алтынайдың өнеріне риза болған халық оған ет асым уақыт құрмет көрсетті.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Үйдегі жасы үлкен адаммен ақылдаса отырып, диалогті ары қарай жалғастыр (бие сауым, ас пісірім, ет асым, бір тәулік). Айқындауыш мүшелерді қолдан.

- «Қас қағым сәт» қандай уақыт өлшемін білдіреді?
- ...
- «Сүт пісірім уақыт» өлшемі неге байланысты айтылған? Ол қанша уақыт аралығын білдіреді?
- ...
- «Шай қайнатым уақыт» өлшемі неге байланысты айтылған? Ол қанша уақыт аралығын білдіреді?
- ...

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Уақыт өлшемдерін тауып, олардың атауы неге байланысты туғанын айт. Уақыт өлшемдерінің тәуліктің қай мезгіліне тура келетінін анықта.

Нұрым таңсәріде ұйқыдан тұрып, сүт пісірім уақыт жолға жиналды. Таң ата жолға шықты. Таң атқаннан қас қарайғанша ұзақ жол жүрді. Ымырт түсе Алматыға жетті. Інісінің аман-есен жеткеніне әпкесі қатты қуанды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Уақыт өлшемдеріне берілген түсініктерге сұрақ қойып, жазбаша диалог-кеңес дайында.

- ...?
- Түске жақындаған мезгіл.
- ...?
- Күннің тас төбеге келген кезі. Бірлер шамасы.
- ... ?

- 3 шамасы.
- ... ?
- Ұлы бесін, 4 шамасы.
- ... ?
- Батыстан күннің қызылы әлі көрініп тұрған мезгіл.
- ... ?
- Кеш толық батқан мезгіл.
- ... ?
- Түнгі 12.
- ... ?
- Түнгі 3.
- ... ?
- Қас қарайғаннан таң атқанға дейінгі мезгіл.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Табиғатпен байланысты уақыт өлшемдері туралы диалогті мұғалім мен оқушы болып жалғастырыңдар. Этикеттік оралымдарды қолданыңдар.

- Табиғатпен байланысты қандай уақыт өлшемдері бар?
- Жерге алғаш жарық түскен мезгіл қалай аталады?
- Қай кезде Шолпан жұлдызы туады?
- Күн ұясынан шығар алдындағы мезгіл қалай аталады?
- Күн шығып көтерілген кезді қалай атайды?

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Есте сақта!

Қазақ халқының уақыт туралы көзқарасы оның өмір сүрген ортасымен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған. Уақыт атауларымен жылдың әр мезетін білдіретін кезең аттары олардың шаруашылығымен, табиғат құбылыстарымен байланысты.

Уақытты білдіретін сөздер тұрақты тіркес түрінде беріледі.

7-8-
сабақ

Мұқағали Мақатаев

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

қанағаттандыр, қаяу, құштарлық, сергі, бағыт-бағдар, теңдессіз

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Уақытты бағалай білесің бе?
2. Уақытыңды қалай өткізіп жатырсың?
3. Уақытың жеткілікті ме?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.



1. Ақын туралы не білесің? 2. Оның қандай шығармалары бар?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Ақынға мәтін мазмұны бойынша мінездеме жаз.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі бас кейіпкердің кім екенін анықта. Оқиғаны бас кейіпкердің атынан қысқаша мазмұндап айт.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр абзацқа тақырыпша қой. Соңында мәтінге тақырып қой. Тірек сөздерді анықта.

Мұқағали Мақатаев (шын аты Мұхаммедқали) — қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, заманында лайық бағасын ала алмаса да, өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын.

М.Мақатаев 1931 жылы 9-ақпанда Алматы облысы қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген.

Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймағы шоғырланған ортада өткерген азғана жылдың ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. «Ильич» (1964), «Армысыңдар достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр» (1970), «Аққулар ұйықтағанда» (1973), «Шуағым менің» (1975) атты жыр жинақтарын көзінің тірісінде жариялап үлгерді.

Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры — туған елі, өскен жері, отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман-аңсары. Осының бәрін Мұқағали жас дарынға тән, қайталанбас шеберлікпен, Тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен өлмес өнер деңгейінде туындатып отырған.

Ол «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері болып қалу» дегенді ұстанды (Күнделік, 10.2.1976). Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. «Бүкіл менің жазғаным — бар-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма», — дейді ақын. Мұқағалидің адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне қомақты мұра боп енді.

Мұқағали — өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы қазақ халқының ұлттық мектептері мен дәстүрлерін жалғап қана қоймай, оны жан-жақты дамытқан, тереңдеткен, қазақтың өлең-сөзін жаңа заңғарларға көтерген, жаңа кеңістіктерге алып шыққан жиырмасыншы ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі. Ақынның өз сөзімен айтқанда:

...«Ақынмын» — деп қалай мен айта аламын,

Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын, — деген ерен жырдың жаратушысы.

Ұлы тұлға, ұлы ақын.

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?
 Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
 Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
 Қарауытқан таулардан сені іздедім.
 Сені іздедім кездескен адамдардан,
 Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан,
 Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
 Сені іздедім жоғалған замандардан...
 Сені іздедім жоғалған замандардан...
 ... Сені іздедім.
 Іздеймін тағат бар ма?
 Сені маған егіз қып жаратқан ба?».

Осы өлең жолдарын оқыған кезде алып жырдың жаратылысын, жаңа қыры мен сипатын танығандай күй кешесіз... Ақын өзінің қысқа ғұмырында өзіне өзі сенген. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары — сол сенімінің жемісі. Ақын жаңа ғасыр қақпасын ендікпей, еркін ашып, жаңа мыңжылдық айдынына шығып отыр. Ақынның заты өлгенмен, аты өлмейді.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін авторының мына ойына қатысты не айтар едің? Пікіріңді нақты дәлелдермен айт.

Ол «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері болып қалу» дегенді ұстанды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінде кездескен айқындауыш мүшелерді тауып, түрлерін анықта.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Мұқағали туралы постер жасап, қорғаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Ақиық ақын» тақырыбында шағын мақала жаз. Мақалада жыл сайын ақынның туған күніне байланысты өткізілетін іс-шара туралы ақпараттардан мысал келтір.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Есте сақта!

Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры — туған елі, өскен жері, отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман-аңсары. Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. «Бүкіл менің жазғаным — бар-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма», — дейді ақын.

9-10-
сабақ

Мұқағали Мақатаев «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

құлшын, қанағаттандыр, қаяу,
құштарлық, сергі, бағыт-бағдар,
теңдессіз

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Жаңа сөздерді қатыстырып, ақын туралы мәтін құрап жаз.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Ақын туралы құраған мәтінің бойынша парталас досыңа үш сұрақ қой.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді тыңда. Мазмұнын өз сөзіңмен баянда. Бөлім тақырыбымен қандай сабақтастық бар екенін айт.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлең мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсет.

- A) Менің бірге жүрген досым көп.
- B) Уақытты бағалай білдік пе?
- C) Уақытымды дұрыс жоспарлаймын.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша маңызды ақпаратты ата.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Сағатым қайда, сағатым?

Қалған ба тағы таң атып?!	Армысың, асау тіршілік!
Жайған ба жасыл қанатын?!	Тұрмысқа қажет табатын,
...Таусылмас менің тағатым	Беретін және алатын,
Соқ, соқ, соқ, менің сағатым!	Мезгіл де болып қалған ба
Келген бе тағы Күн шығып?!	Алатын жерге баратын?!
Күн шығып,	Таусылмас менің тағатым
Жерге құлшынып,	Соға бер,
Енген бе тағы тіршілік?!	Соқ, соқ, сағатым!

Мұқағали Мақатаев

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Екі өлеңнің мазмұны бойынша Венн диаграммасын толтыр.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Мектепте «Мұқағали оқулары» өткізіледі. Қандай өлеңді жаттар едің? Неге осы өлеңді таңдайсың? Ойыңды таратып айт. Өлеңді мәнерлеп оқып бер.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Ақиық ақын» тақырыбына эссе жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден Мұқағали Мақатаев туралы бірнеше ақпарат тауып, оларды топтастыр, сызба түрінде рәсімдеп жаз. Өз ойыңды айт.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Қайран уақыт, өзіңмен қатар жүрдім,
Шұғыласын көп көрдім батар күннің.
Құпиялы өмірге қадам басқан
Әр күнімді бақытты сапар білдім.

11-12-
сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта, синонимдерін тауып жаз.

Уақыт күнделікті зымырап өтіп жатыр. Уақыт қайта артқа айналмайды. Сондықтан әрбір күнді, уақытты дұрыс жоспарлау керек. Әрбір сәтті дұрыс пайдалану қажет. Уақыт сені ешқашан күтпейді. **Өткенің** — тарих, **болашағың** — беймәлім **сырға** толы. Өз болашағымыз қазіргі іс-әрекетімізге байланысты құрылады. Егер қазір **еңбектеніп**, уақытты құр жібермесең, алдағы уақытта соның жемісін көресің. Әрбір жоспарланған іс қалай да жүзеге асады. Осы **мезет** — сен үшін үлкен мүмкіндік. Әрбір күн жаңа мүмкіндікке толы. Қамшының сабындай ғана қысқа **ғұмырды** қадірлей біл.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әңгіме үзіндісіне тақырып қой. Сол тақырыпты таңдау себебіңді дәйектеп айт.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып бер.

Мен болам оңашаланған айқындауыш,
Болмаймын еш уақытта анықтауыш.
Өзімнен бұрын тұрған сөзді ғана
Айқындап, түсіндіріп берем нағыз.
Белгінің менде болар екі түрі,
Кәдімгі кезбе үтір — оның бірі.

Кей кезде сызықшаны керек етем,
Үтірдің ауыр болса алған жүгі.
Қосарланған, қосалқы топтарым бар,
Тең тіркесіп, дефиспен тұрады олар.
Орынды ауыстырсам, жөнім де бар,
Өзгермейді сонда да мағыналар.
«Қызықты грамматика» жинағынан

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Уақытты тиімді пайдаланбаудың себептері бар ма? Болса, олармен қалай күресу керек? Өз пікіріңді айт.

Уақытты тиімді пайдаланбаудың себептері:

1. түсініксіз мақсаттар;
2. тыңдай білмеу;
3. «Жоқ!» — деп айта алмау;
4. асығыс шешім;
5. бәрін бірден орындауға ұмтылу;
6. ұмытшақтық;
7. толық ақпараттың болмауы;
8. өзіндік тәртіптің жоқтығы;
9. жоспарлай білмеу;
10. тосын шешімдер;
11. бастаған істі аяғына дейін жеткізбеу;
12. енжарлық таныту.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Ойкөкпар. «Уақыт» тақырыбында ойкөкпар өткізіңдер.

Ойкөкпарды жүргізу талаптарымен танысып, араларыңнан жүргізуші сайлаңдар. Резолюция бойынша ақтаушы және даттаушы топ мүшелерін анықтаңдар. Сынып ашық дауыс беру жолымен үздік топты анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңнен ауыспалы мағынада берілген сөздерді тауып жаз. Олардың қолданылу мақсатын түсіндір.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлең үзіндісін оқы. Мазмұны бойынша өз ой тұжырымыңды жаз.

Түн маған ұйықтау үшін берілмеген,
Ұйқы тең шала жансар өлімменен.
Қанша менің өлді екен уақытым
Ақ жастық, ала жастық кебіндеген,....

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Топтық жұмыс. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, «Бос уақыт» тақырыбында тұсаунесер дайындаңдар.

Тұсаунесерді бағалау критерийлері:

- тақырыптың ашылуы;
- ақпараттылығы;
- креативтілігі;
- тілдік сауаттылығы.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Білгенге маржан...

Уақыттың бос өткені — өмірдің бос кеткені.

Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

7. Туризм: экотуризм

тамсану — восхищаться; восторгаться
ішінара — частичный
ізденімпаз — занимающийся поисками;
соискатель
заң — закон; обычай; традиция; порядок
керісінше — наоборот; напротив
сағым — мираж; марево; дымка
бүлінген — испорченный; повреждённый;
разорившийся
алыс-жақын — дальние и близкие

қажетсіну — нуждаться; чувствовать
қыруар — очень много; масса; множество
ойластыру — обдумывать
төңірек — окрестность; район
тап-тұйнақтай — убранный;
аккуратный; с иглолочки
түрлі-түрлі — разные
күдіктену — подозревать
күмәндану — сомнение

8. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі

дәстүрлік — традиционность
белсенділік — активность
жабырқау — грустить; унывать
жанжал — скандал
зайырлы — светский
итермелеу — толкать; подталкивать
ғана — лишь; только-что
сыйластық — уважение; взаимоуважение

татуласу — мириться
тұрпайы — грубый; резкий
ұйытқы — основа; ядро
өзін-өзі — сам себя
ұрыс-төбелес — склока, драка, дебош
әлеумет — люди; социум
ерік-жігер — сила воли

9. Жастар мәселесінің түйткілдері

бозбала — юноша; молодой парень
нашақорлық — наркомания
еліктеу — подражать
ескіру — обветшать; устаревать
тақаппар — горделивый; надменный,
жора-жолдас — друзья; товарищи
жылжусу — продвигаться
жіті — зоркий
келбет — внешность; облик
қамсыздандыру — обеспечение

маңғұрт — манкурт; полоумный;
ненормальный
сауалнама — анкета; опрос
субмәдениет — субкультура
жалғыз — один; одинокий
товыс — сближение; схождение (звезд)
бастамашыл — инициативный
түйткіл — тревога
бұзақы — хулиган

10. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты

ас — еда; пища; гл.: приготовить

әділеттік — справедливость

белең — перевал

біржолата — бесповоротно; насовсем;

окончательно; раз и навсегда; совсем;

целиком

жемқор — взяточник; коррупционер

жырақ — далеко

теңқұқылы — равноправный

көші-қон — перекочёвка (весь процесс:

кочёвка и остановки); миграция;

переселение

қоныс — место расположения (аула);

становище; стоянка; стойбище (с

пастбищем)

жалынды — горящий; пылающий;

пламенный; страстный

шенеунік — чиновник

сатқындық — предательство; измена

сылтау — предлог; отговорка

талан-тараж — грабёж; ограбление;

разбой; бедствие

тәлкек — насмешка; издевательство;

ирония

тәрк ету — отречься

келімсек — пришелец; не местный

человек; иммигрант

атажұрт — отчизна; родина

қатынас — отношение

мәжбүрлік — принуждённость;

принудительность; вынужденность

жаппай — сплошной; всеобщий;

поголовный

тежеу — тормозить; останавливать;

сдерживать; натягивать

11. Толеранттылық — ел бірлігі

тәзімсіз — нетерпеливый; непрочный

алауыздық — вражда; раздор

тұс-тұстан — с разных сторон; отовсюду

қарама-қайшы — противоположный;

противоречивый

төзу — терпеть; выдерживать;

переносить; выносить

ауызбіршілік — согласие

тауқымет — тяготы; невзгоды

ұлттық-этностық — национально —

этнический

сенімділік — уверенность

ниет — намерение; замысел

санаға сіңіру — осознать

бетімізден қақпай — не ограничивая ни

в чём; давать свободу действий (чаще о

ребёнке)

дегбірсіздену — беспокоиться

сән-салтанат — роскошь; торжество

құт-қазыналы — богатый

отандас — соотечественник

көнбіс — выносливый; привычный

қандас — кровный; родной

12. Ұлт мұраты — ұлттық қауіпсіздік

абзал — благородный; достойный;
почтенный
аңса — скучай
аңсаған арманына жету — достичь желанной цели
ая — площадь; окружность; пространство
бақуатты — благополучный; мощный
берекесіз — бесполезный, бестолковый
мағлұмат — сведение
тәлтума — оригинальный; подлинный
кедендік — таможенный
қайталанбас — неповторимый

құрдым — бездна; пропасть
лаңкестік — террористический
маңгілік — вечность
өміршең — жизнеспособный
текті — родовитый; благородный;
знатный
түйсіну — ощущать; чувствовать;
понимать
түпқазық — основа основ
ұлықтау — оказывать почести;
выказывать уважение (как большому человеку); полит.: инаугурация

13. Бос уақыт — қоғам дамуының көрсеткіші

мөлшер — объём; размер; величина;
рацион
рақат — блаженство; наслаждение
бесін — время после полудня
ғұмыр — жизнь
елең-алаң — сумерки
енжар — апатичный; безразличный
зер — позумент; галун
зерігу — скучать; томиться
кәсіби — профессиональный
көңілсіз — невесёлый; грустный
күйтабақ — грампластинка
кірбің — досада; недовольство

қанағаттандыру — удовлетворить
қаяу — недостаток; изъян
мезет — вдруг; вмиг
құлшыну — вдохновляться
құштарлық — влюблённость;
увлечённость.
сәске — позднее утро
сергі — бодрствуй
бағыт-бағдар — ориентация
теңдессіз — неподражаемо; несравненно
ымырт — сумерки
іңір — вечерние сумерки

ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР ТӨМЕНДЕГІ РЕСУРСТАРДАН АЛЫНДЫ

https://5sfer.com	http://almaty-akshamy.kz
https://pixabay.com	https://kazakh-tv.kz
https://www.flickr.com	http://islam.kz
https://www.shutterstock.com	http://juldyz.kz
http://info-potolki.ru	https://ru.wikipedia.org/wik

https://kzvesti.kz	https://abai.kz
https://strategy2050.kz	http://ruh.kz
http://animalworld.com	https://kz.all.biz
http://astana.gov.kz	http://www.aksu-jabagly.kz
https://kaztag.kz	https://leninism.su
https://www.taldyk.info	https://ia-centru
https://kazdamu.kz	https://adebiportal.kz
https://www.kazpravda.kz	https://martebe.kz
https://www.uniface.kz	https://chita.ru
https://globallookpress.com	http://ktelegraf.com.ru
http://ult.kz/	https://www.arnapress.kz

QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

Құрметті жас дос! Араларыңда QR-кодты қолдана алатындар болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер базасы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымша көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.

QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, ал Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark тиімді қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонның камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр оқушының шифрланған мәтіндерді сканерлеуге, көркем шығармаларды тыңдауға тамаша мүмкіндігі бар.

Мазмұны

7. Туризм: экотуризм. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы, Илияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» өлеңі	4
1-2-сабақ. Туризм тарихын білесің бе? ..	4
3-4-сабақ. Туризмнің түрі көп... ..	10
5-6-сабақ. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы	15
7-8-сабақ. Сені экстремалды туризм қызықтыра ма?	20
9-10-сабақ. С. Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы	24
11-12-сабақ. Илияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» өлеңі	29
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	33
8. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы.	
1, 2-кітабы	35
1-2-сабақ. Әкеге қарап ұл өсер... ..	35
3-4-сабақ. Асыл текті аналар.....	40
5-6-сабақ. Гендер және тіл	45
7-8-сабақ. Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер	49
9-10-сабақ. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы. 1-кітап. Қайтқанда ...	53
11-12-сабақ. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы. 2-кітап. Тайғақта	58
13-сабақ. Нәтиже сабақ.	
Мен не үйрендім?	62
9. Жастар мәселесінің түйткілдері. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» (романнан үзінді, 3-4-кітап)	65
1-2-сабақ. Ел болашағы	65
3-4-сабақ. Талаптыға нұр жауар	71
5-6-сабақ. Наноспутник жасаған жас ғалымдар	76
7-8-сабақ. Жастар мәселесінің түйткілдері	80
9-10-сабақ. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» (романнан үзінді, 3-кітап).....	85
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.	
Мен не үйрендім?	89
10. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты. Қабдеш Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»	90
1-2-сабақ. «Жаһандық миграция» деген не?	90
3-4-сабақ. Иммиграция — үздіксіз процесс.....	97
5-6-сабақ. Көші-қон тарихы.....	101
7-8-сабақ. Қабдеш Жұмаділов — қаламгер	106
9-10-сабақ. «Қаздар қайтып барады» повесі	110
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.	
Мен не үйрендім?	116

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

11. Толеранттылық — ел бірлігі.

Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл»

повесі 119

1-2-сабақ. Толеранттылық — бейбітшілік

кегілі 119

3-4-сабақ. Береке басы бірлікте 124

5-6-сабақ. Ел бірлігін сақтау — бабалар

аманаты 128

7-8-сабақ. Сайын Мұратбеков —

шығармашыл тұлға 132

9-10-сабақ. Сайын Мұратбеков

«Телі өскен ұл» повесі 136

11-12-сабақ. Сайын Мұратбеков.

«Телі өскен ұл» повесі 140

13-14-сабақ. Нәтиже сабақ.

Мен не үйрендім? 144

12. Ұлт мұраты — ұлттық қауіпсіздік.

Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» 148

1-2-сабақ. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері
болғым келеді? 148

3-4-сабақ. Отан қорғау — парызым 152

5-6-сабақ. Сағадат Нұрмағанбетов —

халық қаһарманы 156

7-8-сабақ. Білім – мемлекеттің

қауіпсіздігі 159

9-10-сабақ. Тыныштық елге аманат 163

11-12-сабақ. Несіпбек Айтұлы

«Бәйтерек» (поэма) 167

13-14-сабақ. Нәтиже сабақ.

Мен не үйрендім? 170

13. Бос уақыт — қоғам дамуының

көрсеткіші. Мұқағали Мақатаев

«Сағатым қайда, сағатым?»

өлеңі 171

1-2-сабақ. Бос уақытты жоспарлау 171

3-4-сабақ. Демалыс мәдениеті 176

5-6-сабақ. Уақыт — сыншы 181

7-8-сабақ. Мұқағали Мақатаев 185

9-10-сабақ. Мұқағали Мақатаев

«Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі 189

11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.

Мен не үйрендім? 192

Иллюстрациялар төмендегі ресурстардан

алынды 197

Оқу басылымы	Учебное издание
Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мүкеева	Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова, Р. С. Рахметова, А. К. Рауандина, Б. К. Мукеева
Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық 2-бөлім	Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Учебник Часть 2
Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған	Для 11 класса 11-летней общеобразовательной школы с неказахским языком обучения
Әдіскер П. К. Юсуп Редакторлары: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина, Е. Момбаев Фотосуретші П. Михеев Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова Техникалық редакторы Д. К. Тынбаев Беттеуші Р. Ойса Мәтінді оқығандар: Э. Баянжан, Д. Ахмеджан	Методист П. К. Юсуп Редакторы: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина, Е. Момбаев Фотограф П. Михеев Дизайн обложки Д. Н. Буксикова Технический редактор Д. К. Тынбаев Компьютерная верстка Р. Ойса Тексты читали: Э. Баянжан, Д. Ахмеджан
31.08.20 басылымға жіберілді. 60×90 ⅓ форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы 14.5	Подписано в печать 31.08.20 Формат 60×90 ⅓. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная Усл. печ. л. 14.5
«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022, Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А үй тел. +7 (727) 220 76 60 www.expert.study-inn.kz www.studymart.kz	ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022, г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А тел. +7 (727) 220 76 60 www.expert.study-inn.kz www.studymart.kz